

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**ЖЕРГІЛІКТІ РЕСУРСТАР НЕГІЗІНДЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ШЖМ-НЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН
ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**

Әдістемелік ұсынымдар

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИЙ ПО ВОСПИТАНИЮ
ОБУЧАЮЩИХСЯ МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛ В РАМКАХ
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» НА ОСНОВЕ РЕСУРСОВ КРАЕВЕДЕНИЯ**

Методические рекомендации

Нұр-Сұлтан
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 26 қарашадағы № 8 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 26 ноября 2019 года)

Жергілікті ресурстар негізінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ШЖМ-ның білім алушыларын тәрбиелеудің әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 120 б.

Методические рекомендаций по воспитанию обучающихся малокомплектных школ в рамках «Рухани жаңғыру» на основе ресурсов краеведения. Методические рекомендации. - Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 120 с.

Жұмыста білім алушылардың туған өлкеге, оның тарихын білуге деген қызығушылығын дамытудағы өлкетанудың тәрбиелік, сонымен қатар патриотизм мен азаматтылық сезімдерін қалыптастыру әлеуеті қарастырылған. Шағын жинақты мектептердің ерекшеліктерін ескере отырып «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында өлкетану ресурстары негізінде білім беру процесін ұйымдастыру және жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар берілген.

Басылым шағын жинақты мектептердің әдіскерлеріне, мұғалімдеріне, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған.

В работе рассмотрен воспитательный потенциал краеведения в развитии у обучающихся интереса к родному краю, его истории, а также привитии чувства патриотизма и гражданственности. Даны практические рекомендации по организации и совершенствованию образовательного процесса на основе ресурсов краеведения в рамках реализации Программы «Рухани жаңғыру» с учетом особенностей малокомплектных школ.

Издание предназначено для методистов, учителей малокомплектных школ, колледжей, студентов педагогических вузов.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2019.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі халықтың түрлі топтарының қоғамның перспективалық дамуына және қазіргі заманның талаптарына сай келетін білімге бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері: «баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі; білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы; білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі; жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту мәселелері» атап көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы шағын жинақты мектепті – білім алушылар контингенті шағын, біріктірілген сынып жиынтықтары және оқу сабақтарын ұйымдастырудың арнайы формасы бар жалпы білім беретін мектеп ретінде анықтайды [2].

Екі немесе одан да көп сынып біріктірілген жағдайда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу және тәрбие процесін ұйымдастыру шағын жинақты мектептердің ерекшелігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің алдында рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруын, эволюциялық дамуы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр.

«Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы ауқымды идеяларды тереңдетіп оқыту және жүзеге асыру жалпы білім беретін шағын жинақты мектептердің оқу-тәрбие жұмысының міндеті болып табылады. Рухани жаңғыру – бұл қазіргі кездің өзекті мәселесі, сонымен қатар кез келген мектептегі іс-әрекеттің бұл саласы қазақстандық қоғамды, өскелең ұрпақты шоғырландыруды жетілдіруді талап етеді. Бағдарламада ел халқының алдағы жылдарына арналған іс-әрекетінің жаңа бағыты, яғни ойлаудың және сана-сезімнің жаңа модельдерін қалыптастырумен байланысты мәселер қарастырылады.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда шағын жинақты мектеп жағдайында оқу-тәрбие процесінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың мақсат- міндеттері, әдістері анықталған. Сонымен қатар, жалпы білім беретін шағын жинақты мектеп пәндерінің мазмұнына туған өлкенің тарихи,

әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, мәдени, әдеби ерекшеліктері жайлы деректерді енгізу арқылы өлкетану жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік тудыратын кеңестер береді. Білім мазмұнының практикалық жақтарын күшейту жолдары қарастырылады, өлкетану компонентінің білім берудегі рөлі және оны қалыптастырудың әдістемелік тәсілдері ашып көрсетіледі. Шағын жинақты мектеп жағдайында білім алушыларды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, яғни «Туған жер», «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобалары немесе жергілікті ресурстар негізінде тәрбиелеуге бағытталған ұсынымдар берілген.

1 ШЖМ-да жергілікті тарихи жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері

Қазіргі кезде еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан ауылдардағы мектептердің басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мұндай мектептер саны өсіп келе жатқаны белгілі. Басты себебі тіршілік қамына байланысты ауыл тұрғындарының қалаға қоныс аударуы артқан сайын, ауылды жерлерде халық санының азаюымен, білім алушылар саны да төмендеп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында шағын жинақты мектепке мынадай анықтама беріледі: «білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп» [1].

Шағын жинақты мектеп – ол, халқы аз елді мекендердің (ауылдардың) оқу-тәрбиелік және көпшілік жағдайда мәдени де орталығы. Мұндай мектепте балалар мен ересек тұрғындардың жан-жақты ынтымақтастық іс-әрекеттері ұйымдастырылады, жалпы бір үлкен отбасылық жағдай қалыптасады. Шағын елді мекендегі мектепте болып жатқан оқиғалар ауыл халқының назарынан тыс қалмайды. Шағын жинақты мектеп ауылдағы әр отбасының өмірімен тығыз байланыста өмір сүреді, балаларды өнегелік және материалдық мәдениетке, ауыл өмірінің жалпыға ортақ әдет-ғұрпына үйретеді. Ауыл балалары мектепке жиі келеді, кешкілік уақытта олар спорт залында дене шынықтыру түрлерімен айналысады, әр түрлі үйірмелерге қатысады, мектепте өтетін іс-шараларға дайындалады [3].

Шағын жинақты мектепте және оның сыныптарында білім алушылар, педагогикалық ұжымдағы мұғалімдер санының аздығы; сынып-комплектісінің аз болуы және бір мұғалімнің басқаруымен біріктірілген бірнеше (екі, үш) сыныпта пән сабақтарының өтуі ауыл мектебінің теориялық және практикалық ерекшелігі болып табылады.

Шағын жинақты мектепте мұғалім бір мезгілде бірнеше сыныппен сабақ жүргізеді. Бірнеше сыныппен бір уақытта жұмыс істеу – сабақтың құрылымын анықтауды, білім алушы мен мұғалімнің іс-әрекетін, сондай-ақ, әр түрлі жастағы балаларды бірлестіріп сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Сондықтан шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, біріктірілген сыныптарды оқытудың және тәрбиелеудің міндеттері мен әдістемесіне негізделген.

Шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың өзіндік міндеттері келесідей болуы мүмкін:

Білімдік міндеттері:

– «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Химия», «Физика», «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндері сабақтарында алынған білімдері мен дағдыларын кеңейту, тереңдету;

– өз елді мекенінің, өлкесінің киелі жерлерімен, әдебиетімен, тарихымен, табиғатымен, мәдениетімен және қазіргі кездегі өмірімен, экономикасымен таныстыру;

– туған өлкенің табиғат байлықтары, тарихи және мәдени мұралары мен нысандары туралы білімдерін кеңейту;

– туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдары туралы білімдерін кеңейту;

– туған өлкенің табиғи ортасының алуан түрлілігі жайлы көзқарас қалыптастыру;

– туған өлкесінің дамуы проблемаларын оқып-білуге жетелеу.

Тәрбиелік міндеттері:

– өзінің «кіші Отанына», өлкесіне, туған еліне деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

– отбасылық қарым-қатынасты нығайту, пәннің мазмұнымен тек білім алушыны ғана емес, оның ата-анасын, отбасының басқа да мүшелерін қызықтыру, қарттардың, ата-әжелердің әңгімелері арқылы өлкенің тарихы жайлы білімді тереңдету, ;

– төзімділікті, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайында төзімді мінез-құлық қалыптастыру;

– отбасы мүшелерімен бірге өлке туралы әдебиет оқу, фильмдер, бейнефильмдер тамашалау;

– өлкенің табиғатын, тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру жұмыстарына білім алушылармен қатар ата-аналарды, отбасының басқа мүшелерін де қатыстыру;

– жергілікті жердегі экологиялық, экономикалық проблемаларды шешуге ата-аналармен бірге білім алушыларды да қатыстыру;

– рухани және мәдени ой-өрісі кең, Отанын сүйетін, әлеуметтік белсенді және жауапкершілігі мол азаматтар тәрбиелеу.

Дамытушылық міндеттері:

– туған өлке туралы неғұрлым көп білуге деген ұмтылысты, танымдық қызығушылықты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілетті дамыту;

– тақырыптық акцияларға және жобаларға, кітапханалардың, ұлттық-мәдени орталықтардың іс-шараларына, сайыстарға, олимпиадаларға қатысу арқылы туған өлке жайлы білімді тереңдетуге деген ұмтылысқа ынталандыру;

– болашақта білімді жалғастыру, мамандық және жұмыс орнын таңдау сұрақтарын шешуге бағыттау;

– күнделікті өмірде өлкетанушылық білім мен біліктілікті қолдана алу, жергілікті жердегі туындайтын проблемаларды шешуде өзінің орнын білу дағдысын қалыптастыру;

– туған өлкесінің өмірін жетілдіруге үлес қосуға деген ұмтылысты дамыту [4].

Адамдардың тұрақты қонысы, яғни өмір сүретін жерін елді мекен деп айтады. Елді мекенге, туған өлкеге байланысты жергілікті жер деген ұғымды да қолдануға болады. Жергілікті жерлер қоршаған табиғи ортаның (жер бедері,

климат, өзен-көлдері, өсімдік және жануарлар дүниесі т.б.) әсеріне және әлеуметтік-экономикалық (Жер бетінің қоныстанған, игерілген, қоғам өміріне қолданылатын өзіне тән шаруашылық кеңістіктік құрылымы мен қоғамдық өмірге қажетті нысандары бар бөлігі) жағдайға байланысты қалыптасады. Жергілікті жердегі үй-жайлардың, кәсіпорындардың, әлеуметтік мекемелер мен ұйымдардың ғимараттар, жер-су жиынтығынан тұрады және өзіне тән атауы, яғни топонимі болады. Жергілікті жердегі жер-су атауларының пайда болуына, құрылыстардың сәулеттік ерекшеліктеріне жергілікті халықтың тарихи өткені мен қазіргі кезі, мәдениеті, салт-дәстүрі әсер етеді.

Өлкенің киелі жерлерінің, әдебиетінің, мәдениетінің, қол өнерінің тарихын зерттеуге арналған жұмыстарды сабақ барысында тақырыпқа сәйкес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта жүргізуді өлкетануға бағыттап жүргізудің өзіндік маңызы бар.

Шағын жинақты мектептегі өлкетану немесе жергілікті жердің тарихын зерделеу жұмыстары білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Мектептегі өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, білім алушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл білім алушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің, сонымен қатар Қазақстан халықтарының қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындануына көмектеседі [5].

Шағын жинақты мектептерде жергілікті тарихи, яғни туған өлкені тану, зерттеу бойынша жұмыстардың жасөспірімдерді тәрбиелеудегі ерекшеліктері келесідей болуы мүмкін:

– тарихи мәліметтермен тығыз байланыста болғандықтан, тарих ғылымдары және тарих оқу пәнінің негізгі ұстанымдары, әдістері, құралдарымен сипатталады;

– білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстары жетекші фактор болып табылады;

– өлкетану жұмыстары экологиялық мәдениетті қалыптастыруда жаратылыстану пәндерімен, әсіресе географиямен, биологиямен және экологиямен тығыз байланыстылығымен сипатталады;

– өлкетану жұмыстарының ерекшелігі топонимика (гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз), ономастика (гректің *onomastike* – ат беру өнері, тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы) сияқты ғылымдардың, білімдердің өзгешеліктерімен анықталады. Демек, топонимдер тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір

өңірдің топониміне қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өрісі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді;

– сыныптан тыс уақытта экскурсиялар, туристік саяхаттар оқу-танымдық соқпақ, экспедициялар сияқты жұмыс түрлерін ұйымдастырылуымен байланысады;

– мектеп оқушылары өзінің тұрғылықты жерінің тарихы, әдебиеті, қолөнер түрлері, табиғи жағдайы, табиғат ресурстары, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі, олардың табиғатпен бұрынғы және қазіргі қарым-қатынастары бойынша әр түрлі дерек көздерін, мұрағат қорларын, мұражай материалдарын қолданумен ерекшеленеді;

– өлкетану жұмыстары білім алушылардың алған теориялық білімдерін практикада қолдануға нақты мүмкіндік беріп, туған жеріне, отанына деген сүйіспеншілігін арттыруға, ұлттық құндылықтарға баулуға бағытталған өзіндік ерекшелігі бар оқу-тәрбие процесіне айналады [6].

Сонымен қатар, шағын жинақты мектептерде тарихи жұмыстарды немесе өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру дегеніміз мектеп пәндерінің мазмұнындағы материалды іріктеудің заманауи педагогикалық технологиялары, олардың білім алушылардың өмір сүріп отырған аймағына тікелей қатысы бар: өлкенің табиғи-экологиялық, географиялық, тарихи, мәдени, ұлттық, демографиялық ерекшеліктерін ашады. Білім алушы өз өлкесінің даму артықшылықтары мен проблемаларын, онда өмір сүретін халықтардың рухани мәдениеті және менталитетінің аймақтық ерекшеліктерін түсінуіне ықпал етеді.

2 ШЖМ-ның тәрбие жұмысында жергілікті тарихи ресурстарын пайдалану

Шағын жинақты мектептердің пайда болу себептерінің бірі – ауыл тұрғындарының елді мекенде орналасу тығыздығының біркелкі болмауы. Оған себеп – ауылдық елді мекендерде өндірістік инфроқұрылымның жоқтығы, жұмыссыз қалған ауыл тұрғындарының қалаға, ауданға көшіп кетуіне байланысты болуы.

Шағын жинақты мектептерде оқытудың негізгі кемшіліктері: білім алушылар санының аздығы, сыныптардың комплектіге жинақталуының, жоспарлау технологиясы мен сабақ кестесі құрылуының әр түрлілігі, кадрлық және материалды-техникалық базаның нашар қамтамасыз етілуі, әртүрлі жастағы оқушы ұжымын бір сынып-комплектінде, бір және әр түрлі пән сабақтарының біріктіріліп оқытылуы [7].

Осыған байланысты ауылдық шағын мектептердің білім және тәрбие беру жүйесінде аймақтық деңгейде жаңа процестер қалыптасады, олар бір жағынан әлемдік педагогикалық процесс заңдылықтарын, екінші жағынан тарихи, демографиялық, экономикалық, этномәдени факторлармен анықталған өлкенің ерекшеліктерін айқындайды.

Тәрбие – үздіксіз процесс, ол жалпы білім беретін шағын жинақты мектептердің тәрбие жүйесінің барлық компоненттерімен іске асырылады, яғни сабақтар, сыныптан және мектептен тыс тәрбие іс-шаралары жатады.

Шағын жинақты мектептердің тәрбие жұмысы еліміздің өміріндегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер контекстінде әзірленген, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің жаңа мазмұнының басымдықтарын анықтайтын стратегиялық құжат болып табылатын «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс [8].

Бағдарламаның әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады. Бағдарламаның бағыттары:

- жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу;
- рухани-танымдық тәрбие;
- ұлттық тәрбие;
- отбасылық тәрбие;
- еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене тәрбиесі, салауатты өмір салты [8].

Жалпы білім беретін мектептердің білім және тәрбие беру жұмысында жергілікті жердің немесе аймақтың тарихи ресурстарының құрамына ұлттық-аймақтық мәдениеттің, салт-дәстүрдің, рухани байлықтардың барлық құндылықтары қамтылады. Білім алушыларды қоршаған ортамен байланыстыра отырып оқыту, оларды адамзат мәдениетіне тартуға мүмкіндік

береді. Ізденіс, шығармашылық әрекет, сыныптан тыс жұмыстар білім алушы үшін кез келген пәннің, тәрбие жұмыстарының мазмұнының тұлғалық маңыздылыққа ие болуын қамтамасыз етеді. Демек, білім және тәрбие беруде жергілікті немесе аймақтық принципті қолданудың қажеттілігі туындайды.

Жергілікті ресурстарды немесе өлкенің тарихи деректерін, ақын-жазушыларының шығармаларын, рухани құндылықтарын, қолөнері туындыларын сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда қолданудың тәрбиелік мақсаты зор, ол білім алушылардың қоғамдық және азаматтық белсенділігін, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын дамытуға әсер етеді. Жергілікті компонент білім және тәрбие берудің бір-бірімен тығыз байланысты теориялық және практикалық екі бөлігін қатар сақтауға мүмкіндік береді. Теориялық бөлігі құбылыстарды (табиғи, әлеуметтік, экономикалық т.б.), ал практикалық бөлігі бұл құбылыстарға қарасты көзқарасты және оларды қолдану немесе олар қолайсыз болған жағдайда өзгерту шеберлігін қалыптастыруды қарастырады.

Еліміздің жалпы білім беретін шағын жинақты мектептерінің тәрбие жұмысында өлкетану немесе жергілікті сұрақтарды жүзеге асыру барысында білім алушылар әр түрлі мамандық өкілдерімен танысады. Жасы үлкен адамдармен кездесу барысында олардың өмірлік тәжірибелерінен үлгі алып, өздерінің ересек шақтағы өмірлеріне психологиялық дайындықтан өтеді.

Қазақ тарихындағы бабалар тұлпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. *Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу* бағытын жазиралы жазық даласын, туған жерін ғасырлар бойы қорғай білген ата-бабаларымыздың ерліктері негізінде, яғни тарихи мәліметтерді қолдану бойынша жүзеге асыруға болады.

Еліміздің кез-келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлер мен деректерді көптеп кездестіруге болады. Мақсат осындай тарихи өлкелерді танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білуді үйренуде. Мысалы:

- «Табиғат құпияларына саяхат» айдарымен – жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағытында жұмыс істей отырып, білім алушылар туған өлкенің табиғат кешенін, табиғат нысандары мен құбылыстарын, ресурстарын, олардың қазіргі жағдайын және оларды тиімді пайдалану жолдарын зерттеу мүмкіндігіне ие болады.

Бағыттың тақырыбына сәйкес Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды нысандарының «Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері» санатындағы: «Қазығұрт тау кешені», «Бектау ата тауы және үңгірі», «Жылаған ата бұлағы мен үңгірі», «Оқжетпес жартасы», «Шарын шатқалы», «Жаманшың кратері», «Тамшыбұлақ бұлағы» т.б.;

«Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар» санатындағы: «Торғай геоглифтері», «Таңбалы (Тамғалы) тас археологиялық кешені», «Ақыртас кешені» тағы басқалар туралы деректерді ресурс ретінде

қолдануға болады, яғни дайын деректерді пайдалану және олардан презентация жасау арқылы тарихи орынға қашықтықтан табиғаттың құпия сырларына саяхат жасау барысында, білім алушылардың туған жердің тарихын білуге деген қызығушылығын арттыру мүмкіндігі жүзеге асырылады.

• «Шұғылалы жұлдыздар» – бұл айдармен өлкенің тарихында болған тұлғалардың, сондай-ақ қазіргі кездегі белгілі адамдарының өмірімен, олардың ғылым мен техниканың, мәдениеттің, денсаулық сақтау, білім беру, спорт салаларының өркендеуіне қосқан үлестерімен, өлке тарихындағы орнымен танысуға мүмкіндік береді. Мысалы, «Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар» санатындағы

- Қобыланды батыр мемориалдық кешені – Ақтөбе облысы, Қобда ауданы;

- Есім хан кесенесі – Түркістан облысы, Түркістан қаласы;

- Хақназар хан кесенесі – Түркістан облысы, Созақ ауданы;

- Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен батырлардың кесенелері:

Қапал батыр, Қарасай және Ағынтай батырлар, Есет Көкіұлы, Шанышқылы Бердіқожа, Қабанбай батыр, Барақ Қарабалуанұлы, Малайсары Тоқтауылұлы, Райымбек батыр, Наурызбай Күттымбетұлы, Олжабай Төлебайұлы, Жидебай Қожаназарұлы, Құдайберді Құлсары, Баян батыр, Жасыбай Өмірұлы, Байғозы Наймантайұлы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы – Алматы облысы, Ескелді ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы. Ақтөбе облысы, Алға ауданы. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Ақмола облысы, Целиноград ауданы. Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы. Алматы облысы, Кербұлақ ауданы Алматы қаласы. Алматы облысы, Сарқанд ауданы. Ақмола облысы, Ерейментау ауданы. Қарағанды облысы, Шет ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы. Қарағанды облысы, Шет ауданы. Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы;

- Хан моласы мемориалдық кешені (Әбілқайыр хан, XVIII ғ.) – Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы;

- Абылай хан резиденция кешені, Абылай хан алаңы – Солтүстік Қазақстан облысы. Петропавл қаласы. Ақмола облысы, Бурабай ауданы;

- Ұлт-азаттық көтеріліс батырларының кесенелері: Махамбет Өтемісұлы, Исатай Тайманұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Барақ Сатыбалдыұлы, Байзақ датқа – Атырау облысы, Махамбет ауданы. Ақтөбе облысы, Қобда ауданы. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы. Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы. Жамбыл ауданы, Байзақ ауданы;

- Кенесары хан үңгірі, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс батырларының кесенелері: Ағыбай Қоңырбайұлы, Бопай ханым, Баубек батыр, Жәуке Назарғұлұлы, Бұхарбай Естекбайұлы, Беспакыр кесенесі, Қараөткел мұсылман зираты (К.Қасымұлы батырлары жерленген жері) – Ақмола облысы, Бурабай ауданы. Қарағанды облысы, Шет ауданы. Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы. Ақмола облысы, Жақсы ауданы. Қостанай облысы,

Арқалық қаласы. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы. Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы. Астана қ.;

- Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы кесенелері – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы;

- Алтынемелдегі Шоқан Уәлихановтың мемориалдық кешені және жерленген жері, Сырымбет мекені – Алматы облысы, Кербұлақ ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы;

- Ыбырай Алтынсарин кесенесі – Қостанай облысы, Қостанай ауданы;

- Абайдың «Жибедай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені – Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы;

- Т.Г.Шевченко мемориалды кешені – Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы;

- Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі – Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы;

- Жамбыл Жабаев кесенесі – Алматы облысы, Жамбыл ауданы;

- Ахмет Байтұрсынұлы мемориалды үйі – Алматы қ.;

- Міржақып Дулатұлы кесенесі, Ғұмар Қараш, Смағұл Сәдуақасовтың жерленген жері – Қостанай облысы, Жангелді ауданы. Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы. Астана қаласы;

- 1916 ж. көтеріліс басшылары: Амангелді Имановтың жерленген жері, Әбдіғаппар Жанбосынұлы және Кейкі батыр кесенелері, «Ереуіл төбе» – Қостанай облысы, Амангелді ауданы. Қостанай облысы, Арқалық қаласы. Қостанай облысы, Арқалық қаласы. Алматы облысы, Райымбек ауданы;

- Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы – Қарағанды облысы, Теміртау қаласы [9].

Бұл орындарға саяхат жасау барысында ата-бабаларымыздың халық үшін, елі үшін жасаған игі істеріне баса назар аудару отырып, *рухани-танымдық тәрбие* бағыты жүзеге асырылады.

• «Өлкедегі туризм» айдарын *ұлттық тәрбие және отбасылық тәрбие* берумен ұштастыра отырып – білім алушылар туризмінің негізін, түрлерін оқиды, туған өлкенің табиғат кешендеріне, тарихи орындарға бір күндік не екі күндік саяхаттар жасайды. Бұл іс-шара туған өлке табиғатының әсемдігін бақылауға, табиғатты қорғауға және сақтауға, сонымен қатар тарихты зерделеуге бағытталған. Аталған бағытты жүзеге асыру барысында Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды нысандары, яғни Қазақстанның маңызды рухани, саяси, тарихи және мәдени оқиғаларымен байланысты ерекше құрметке ие тарихи-мәдени мұра және табиғи-тарихи ландшафтарының ескерткіштеріне саяхат жасауға болады.

Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді. Олар:

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді.

3. Діни және ғұрыптық орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және орта ғасырлардағы, сонымен бірге ХІХ аяғы - ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор жерлер алынып отыр.

5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар. Қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр [9].

- «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» – бұл бағытта жұмыс істеу барысында білім алушылар жерлестерінің, ата-бабаларының ерлік істерімен танысады. Өлкенің тарихында болған әскери жорықтар, Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестері туралы деректер бар құжаттарды іздестіріп, танысады. Білім алушылар өлкедегі соғыс ардагерлерін қамқорлыққа алады, олармен кездесулер өткізеді. Жерлестерінің ерлік істері туралы альбомдар жасайды. Мысалы: ұлт-азаттық көтеріліс батырлары Махамбет Өтемісұлы, Исатай Тайманұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Барақ Сатыбалдыұлы, Байзақ датқа тәрізді батырлардың ерлік істерімен таныстыру іс-шараларын «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «География» оқу пәндерімен байланыстырып өткізуге болады.

- «Өлкенің тарихи ескерткіштері» айдарын *көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие және зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыттарымен* ұштастыру – бұл бағыттағы жұмыс өлкедегі мәдени, тарихи, табиғи ескерткіштерді зерттеуді, тарихи орындарға саяхат жасауды қамтиды. Сонымен қатар, білім алушылар өлкенің халық ауыз әдебиетінің мұраларын (әр түрлі жанрдағы), әр түрлі ұлттардың қолөнер туындыларының үлгілерін жинақтайды. Мысалы: «Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар» санатындағы жерлерге саяхат жасау барысында, сол жердің толық тарихымен танысады.

Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар:

- Таңбалы тас ескерткіші – Түркістан облысы, Созақ ауданы;

- Орбұлақ, Аңырақай, Бұланты шайқастары болған тарихи жерлер – Алматы облысы, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы;
- Бірлік - Ордабасы мемориалды кешені – Түркістан облысы, Ордабасы ауданы;
- Бөкей Ордасы тарихи кешені – Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы;
- Ашаршылық құрбандарына арналған монумент – Астана қаласы;
- Қарлаг (Долинка к.) және Жаналық к. саяси қуғын-сүргін құрбандарының жерленген жері, – «АЛЖИР» мемориалды кешені Қарағанды облысы, Долинка кенті. Алматы облысы, Талғар ауданы. Ақмола облысы, Целиноград ауданы;
- Семейдегі Алаш арыстары үйі – Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы. Жымпитыдағы «Алаш Орда» үйі – Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы;
- Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі – Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы;
- 1991 жылы Тәуелсіздік Декларациясы қабылданған «Үкімет үйі» ғимараты – Алматы қаласы;
- Республика алаңы - Тәуелсіздік монументі, «Тәуелсіздік таңы» - 1986 жылы желтоқсан оқиғасына арналған ескерткіш – Алматы қаласы, Республика алаңы;
- «Отан-Ана» - Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан майдангерлерге және Отан қорғаушыларға арналған монумент – Астана қаласы;
- Астана-Бәйтерек, Қазақ елі монументі, Мәңгілік Ел салтанатты аркасы – Астана қаласы [9].

Қасиетті нысанды немесе жергілікті тарихи ресурстарын пайдалану отырып, мұғалімнің алдында тұрған маңызды мақсаттың бірі – баланы қасиетті нысандарды қастерлеуге тәрбиелеу, оған халықаралық аренада өзінің туған мәдениетін таныта білу біліктілігімен негізделген патриоттық тәрбие беру болып табылады. Білім алушыларды туған және басқа да мәдениет әлеміне кіргізу, олардың тіл құралы арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, оқушылар туған халқының менталитетін түсінуге үйренеді. Жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуы және мәдени дамуы оқушының туған өлкесінің мақтаныштары, киелі орындары, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, тарихы, тұрмысы туралы білімінің кеңеюі барысында жүзеге асады. Осындай нәтижеге жету өзекті мәселе болып табылады.

Сонымен, тәрбие жұмысында қасиетті нысан немесе жергілікті тарихи ресурстар жайлы білім беру оқу-тәрбие процесінің жобалық, коммуникативтік, тәжірибелік әдістерін оңтайлы және тиімді пайдалануға, сондай-ақ сыныпта және сыныптан тыс әрекеттердің әр түрлі тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

3 «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шағын жинақты мектептерде оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы таяу жылдарға қойылған міндеттерде: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады ..» деп айта келіп [10] «Туған жер» кіші бағдарламасын ұсынған болатын.

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың сана-сезімін, дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Ұлттық құндылықтарды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек, білімге ұмтылатын, жан-жақты тұлға тәрбиелеудің бірден-бір жолы.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының ауқымды идеяларды тереңдетіп оқыту мен жүзеге асыру мектептердің оқу-тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады. Онда алдағы жылдарға арналған іс-әрекетің жаңа бағыты берілген, сонымен қатар ойлаудың және сана-сезімнің жаңа модельдерін қалыптастырумен байланысты мәселелер қарастырылады.

Жалпы білім беретін мектептерде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мектептің оқу-тәрбие процесінде бірдей жүргізуді тиіс, яғни Л.С. Выготский сөзімен айтқанда «Тәрбиелей оқыту принципі оқыту мен тәрбие бірлігінің заңдылықтарына негізделеді».

Оқыту процесіндегі тәрбие білім алушыларды интеллектуалды, ең бастысы қызығушылықтарын ескере отырып креативтік, жеке танымдық қабілеттерін дамытумен байланысты. Сонымен қатар, туған жерінің, өлкесінің тарихымен, мәдениетімен байланысты оқу материалын қосымша қамту арқылы меңгеру тек таным аясын дамытып қана қоймайды, сол сияқты ұйымшылдық, дербестік, шыдамдылық, іскерлік, еңбексүйгіштік, тәртіптілік сияқты тұлғалық қасиеттері мен сапаларын, тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады [11].

Шағын жинақты мектептер жүйесінің жұмыс істеуі Қазақстан білім беру жүйесі үшін стратегиялық тұрғыдан ғана емес, ауылдық аймақтардың дамуына әсер етуші маңызды фактор болып табылады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық табысты дамуы білім беру жүйесінде белгілі бір өзгерістерді талап етеді. Ол үшін оқытудың жаңа мазмұны мен түрлерін әзірлеу, сондай-ақ білім берудің бірыңғай кеңістігін құру қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында шағын жинақты мектепке мынадай анықтама беріледі: «Шағын жинақты мектеп – сынып жинақтары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп» [12].

Шағын жинақты мектеп – ол, халқы аз елді мекендердің (ауылдардың) оқу-тәрбиелік және көпшілік жағдайда мәдени де орталығы. Мұндай мектепте балалар мен ересек тұрғындардың жан-жақты ынтымақтастық іс-әрекеттері ұйымдастырылады, жалпы бір үлкен отбасылық жағдай қалыптасады. Шағын елді мекендегі мектепте болып жатқан оқиғалар ауыл халқының назарынан тыс

қалмайды. Шағын жинақты мектеп ауылдың әр отбасының өмірімен тығыз байланыста өмір сүреді, балаларды өнегелік және материалдық мәдениетке, ауыл өмірінің жалпыға ортақ әдет-ғұрпына үйретеді. Қала балаларына қарағанда ауыл балалары мектепке жиі келеді, кешкілік уақытта олар спорт залында дене шынықтыру түрлерімен айналысады, әр түрлі үйірмелерге қатысады, ауылдың мектебінде өтетін іс-шараларға дайындалады [13].

Шағын жинақты мектептің теориялық және практикалық жағдайларын зерттей келе мынандай ерекшеліктерін атауға болады. Ол: мектепте және сыныпта оқушы санының аз болуы; педагогикалық ұжымдағы мұғалім санының аздығы; орта және жалпы орта білім беретін мектептерде сынып-комплектісінің аз болуы және оқу сабақтарының (үш, төрт) сыныпта бір мұғалімнің басқаруымен өтуі [14]. Шағын жинақты мектепте мұғалім бір мезгілде бірнеше сыныппен сабақ жүргізеді: екі комплектілі мектепте – екі сынып, ал бір комплектілі мектепте – үш не төрт сынып біріктіріліп, бір сыныпты құрайды. Бірнеше сыныппен бір уақытта жұмыс істеу – сабақтың құрылымын анықтауды, оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Сондықтан шағын жинақты мектептерде оқу үдерісін ұйымдастыру, біріктірілген сыныптарды оқыту әдістемесіне негізделген. Қазіргі білім беру жүйесінде шағын жинақты мектептерді сақтап қалу дұрыс жолға қойылған. Бұл үдеріс ауыл шаруашылығы, ұлттық, рухани мәдениетті, ауыл адамдарының тіршілігін сақтап қалу мен дамытуға, сонымен қатар ауыл балаларын өзінің туған жерінде, ата-анасының жанында білім алуына мүмкіндік жасауға бағытталған [15].

ШЖМ-ның заманауи мұғаліміне білім мазмұнын жаңарту жағдайында жұмыс істеу үшін маңызды бірқатар қосымша кәсіби құзыреттілікке ие болуы қажет:

- біріктірілген сынып-комплектісі жағдайында оқу материалының оқу мақсаты мен мазмұнын талдау, іріктеу, бейімдеу;
- біріктірілген сынып-комплектісі жағдайында оңтайлы оқыту әдістерін бейімдеу және құрастыру;
- бір пәндік және бір тақырыптық сабақтар өткізу кезінде сынып-комплектісі білім алушыларының іс-әрекеттерін басқару;
- білім алушыларды дамытудың жеке білім беру траекториясын жобалау;
- білім алушылардың жеке дамуына бақылау жүргізу (мониторинг) үшін бақылау-бағалау рәсімдерінің пакетін әзірлеу;
- жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-мәдени, экономикалық үдерістеріне білім алушыларды тарту.

Сыныптардың біріктірілуі білім беру жұмысын ұйымдастыруды қиындатады, мұндай жағдайда дәстүрлі тәсілдер мен әдістерді қолданудың тиімділігі төмендейді. Сондықтан мұғалім алдында келесідей міндеттерді шешу қажеттілігі туындайды [16]:

- өзіндік іс-әрекеттерді шебер үйлестіре отырып оқытуды дұрыс ұйымдастыру;
- білім алушыларды жұмыспен толық қамтамасыз ету;

- олардың әртүрлі жаста екендігін ескеру;
- сабақ жоспарларын тиімді етіп жасау;
- сабақтарға мұқият дайындалу.

Ауылдық жерлердегі білім беру процесінің бүгінгі жай-күйіне келсек, шағын жинақты мектеп мұғалімінің әртүрлі жастағыларды біріктіретін екі-үш сыныптың сабағына қатар дайындала отырып, сабақ беруіне тура келеді.

Біздің республикамыз үшін біріктірілген сыныптарда сабақ берудің бұрыннан қалыптасқан дәстүрі бар, мұнда жекелеген сыныптардың сабақ жоспарлары бір сабақ ретінде біріктірілмейді, кезекпен оқытылады және өзіндік жұмыс ретінде жалғастырылып отырады. Бала саны аз шағын жинақты мектепте күрделі, әр алуан және қалыптан тыс жағдайда білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың белсенділігін, саралап оқытуды және т.б. ескере отырып, пән ішінде және пәнаралық кіріктіруге ықпал ететін инновациялық тәсілдердің рөлі айтарлықтай артады.

Жалпы орта білім беру саласында білім беру кеңістігін құруға жауапкершілік, дағдылардың кең спектрі негіздеріне ие білім алушының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы жағдай жасау жүктеледі:

- 1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- 2) сыни ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- 5) коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды қолдану;
- 6) топта және жеке жұмыс істей білу [17].

Оқу пәндері бойынша оқыту процесін жобалаудың негізгі қағидасы, шағын жинақты мектептердің ерекшеліктерін, құрылымын ескеру негізінде оның өзіне тән оқыту моделін барынша бейімдеу ұстанымы болып табылады.

Бұл ұстанымның ғылыми негізін құрайтын маңызды идеялар болып табылатындар:

- әртүрлі жастағы балаларды біріктіріп оқыту идеясы – осындай үлгідегі мектептердің дамуының ең орынды перспективалық бағыты, өйткені бала саны аз сыныптарды ортақ ұжымға біріктіру кезінде оқу жұмысы табыстырақ жүреді. Себебі ортақ міндетті шешу барысында әр білім алушының қызығушылығы артып, кіші жастағы балаларға тән жарысу және қиналған жағдайда досына көмек көрсетуге ұмтылу сияқты әрекеттер орын алады, бұл мұғалімге сабақ міндеттерінің үштағанын (тәрбиелік, білім беру және дамыта оқыту) табысты шешуге мүмкіндік береді;

- даралап және саралап оқыту идеясы (себебі білім алушылар контингентінің аз болуы жеке тұлғаның ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін объективті алғышарттар жасайды);

- біріктірілетін сыныптарда олардың ортақтығы негізінде оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыру түрлері мен формаларын, пәндік білім беру мазмұнын кіріктіру идеясы;

- пәндік құзыреттілікті, сондай-ақ әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру үдерісінде білім алушылардың өзіндік әрекетіне басымдылық беру идеясы, өйткені мұғалімнің жетекшілігімен жұмыс істеумен салыстырғанда әр сыныпта өздігінен жұмыс істеудің үлес салмағы артады [18].

Оқыту процесін ұйымдастыруды біріктірілген сыныптарға бейімдеу ұстанымынан ШЖМ-ға арналған оқыту мазмұнын, оны құру және оңтайлы әдістерін, тәсілдерін, құралдарын, стратегиялары мен оқыту технологиясын таңдаудың келесідей ұстанымдар туындайды:

- бір пәндік және бір тақырыптық сабақтарды тиімді жоспарлау мүмкіндіктері үшін сыныптар бойынша білім беру мазмұнын іріктеуді оңтайландыру;

- біріктірілген сыныптарда ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлаудың тиімді нұсқаларын жасау;

- қысқа мерзімді жоспарларды құрастыру кезінде біріктірілген сыныптардағы сабақтарда жалпы іс-әрекеттерді тиімді бөлу және оны іске асырудың логикалық реттілігін құру;

- білім алушылардың өзіндік оқу-танымдық әрекеттерінің басымдылығын жоспарлау;

- өз бетінше және тікелей мұғалімнің қатысуымен орындалатын әр түрлі іс-әрекеттерді жоспарлау және оңтайлы жүзеге асыру;

- біріктірілген сыныптарда білім алушылардың оқу-танымдық әрекеттерінің әр сынып бойынша оқу материалдарының логикалық құрылуы қайшы келмейтін келісілген және сабақтастырылған оқу мақсаттарын қамтамасыз ету;

- білім алушылардың (олардың санының аздығына байланысты) жеке басына және саралауға бағыттай отырып оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыру [18].

Біріктірілген сынып-комплектілері үшін сыныптар бойынша оқу материалының мазмұнын іріктеудің үйлесімділік ұстанымы төмендегідей критерийлерден тұрады:

- пән ішінде немесе пәнаралық кіріктірулерді жүзеге асыру;

- мазмұндық модульдер немесе іс-әрекет түрлері мен тәсілдері деңгейінде білімдердің кірігуін қамтамасыз ету;

- пәндік немесе тақырыптық білімдердің, іс-әрекеттердің ортақтығын белгілеуге бағытталғандығы.

Пәнді оқыту үдерісінің мазмұндық және іс жүргізу компоненттерін анықтауға, пәндік біріктірілген және атқаратын қызметі бойынша біріктірілген бір тақырыптық сабақтарды жобалау және іске асыру.

Нәтижесінде пән ішінде және пәнаралық кіріктірулер, тақырыптық білім мен әрекеттердің ортақтығы негізінде білімдердің кірігуін жүзеге асыру мүмкін болады.

Білім беру технологиясын іріктеудегі қолданбалы бағыттылық ұстанымы материалды зерделеу жүйелілігін құру және жоспарлауға, оқытудың орынды тәсілдері мен әдістерін іріктеп алауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде төмендегідей ықтимал:

- әмбебап пәндік біліктіліктерді қалыптастыратын, оқыту үдерісінің білім беру, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттары мен міндеттерінің бірлігін жүзеге асыру;

- біріктірілген сынып-комплектісінде жақын тақырыптарды қатар оқыту кезінде пән ішіндегі кіріктіруді жүзеге асыру;

- ШЖМ жағдайына және білім алушылардың оларға тән ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне, сондай-ақ жас ерекшеліктеріне сай оқу пәндерін біріктіруді қамтамасыз ету;

- білім алушылардың жасына сай келетін әртүрлі жұмыс түрлерін (ойын, бақылау, экскурсия, әңгімелесу, т. б.) пайдалануды, тақырыптар мазмұнын кіріктіруді жорамалдайтын жоспарлаудың барлық түрлері нұсқаларын әзірлеуге, оқу іс-әрекеттерінің әр түрлерін орындау;

- жоспарланған нәтижелерге білім алушылардың қол жеткізуіне мүмкіндік туғызатын оқыту үдерісін ұйымдастырудың тәсілдері мен түрлерін анықтау;

- бағдарламалық материалды оны оқуға берілген уақытта, қосымша жүктемесіз сапалы игеру;

- оқу пәндерінен жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге кепілдік бере отырып, оқытушы мен білім алушының бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру, басқару және іске асыруды реттейтін және регламенттейтін сабақтардың технологиялық картасы мен оқу пәндерін оқыту үдерісін құрастыру мүмкіндіктері жасалады.

Жоғарыда аталған ұстанымдарға негізделген оқыту оқыту үдерісінің мазмұндық және іс жүргізу аспектілерін неғұрлым тиімді етуге, келесі сабақ түрлерін өткізуді жобалауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- әр пәндік және әр тақырыптық біріктірілген сабақтар;

- бір пәндік және бір тақырыптық біріктірілген сабақтар;

- атқаратын қызметтері бойынша кіріктірілген сабақтар.

Жалпы білім беретін мектептерде үлгілік оқу жоспарындағы пәндерді оқыту барысында сабақтың оқу мақсатын, тәрбие және дамыту бірлігі принциптерімен ұштастыра отыруды ұмытпаған жөн. Тәрбие – үздіксіз процесс, ол еліміздің мектептерінің тәрбие жүйесінің барлық компоненттерімен, яғни сабақтар, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие шаралары, сынып ұжымындағы іс-әрекет, қосымша білім беру арқылы жүзеге асырылады. Оқу процесінің тәрбие әлеуеті күшті, оларды іске асыру оқу процесінің негізгі бірлігі ретінде сабақтың ойластыра ұйымдастырылуына байланысты. Сабақ білім алушының білім алуына ғана емес, сонымен қатар тұлғаның қалыптасуына, дамуына, тәрбиеленуіне ықпал ететін келесі талаптарды орындауы тиіс:

- оқу материалдарының мақсаты рухани-адамгершіліктің, азаматтықтың және ізгіліктің жоғары үлгісінен бағытталуы;

- білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде дұрыс бағдарлануы үшін ізгілендіру және ізгіліктендіру принциптерін сақтау;

- балалардың бойында қоршаған дүние үшін жауапкершілігін дамытатын экологияландыру принципін қалыптастыру;
- іс-әрекеттің түрлі бағыттарында білім алушылардың бейімі мен шығармашылық қабілеттерін анықтауды және дамытуды көздейтін сыртқы және ішкі саралау принциптерін іске асыру;
- педагогикалық технологиялардың тәрбиелік әлеуетін пайдалану;
- жалпы орта білім берудің барлық деңгейлерінде және оқу бағдарламаларының мазмұндары арасында сабақтастықты, яғни пәнаралық байланысты жүзеге асыру;
- білім алушылардың шығармашылық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттіліктің тұрақтылығына, жаңа енгізілімдерді дамытуға бағытталуымен сипатталады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму, сананың ашықтығы сияқты ХХІ ғасырға лайықты ерекшеліктер қалыптастыруға жағдай жасаумен қатар, білім беру ұйымдарында тәрбиені жетілдірудің дінгегі болып табылады.

Бәсекелік қабілеттіліктің компоненттері:

- өздігінен білім алу мақсат қоя білу, оларға қол жеткізудің құралдары мен тәсілдерін анықтау, алға қойылған міндеттердің мәнін түсіну, өз іс-әрекетіне талдау жасау және баға беру, мағынасына қарай бөле білу; айналадағы шындықты қабылдау, өзінің және маңайындағы адамдардың іс-әрекеттеріне сыни көзқараспен баға беру; таңдауды саналы жүзеге асыру және ол үшін жауапты болу; өздігінен білім алу іс-әрекетінің осы уақытта бар тәсілдерін қолдану және жаңа әдістерін табу, осы негізде өзіне-өзі әсер ету мен өзін-өзі қолдаудың ұтымды құралдарын жасау; жеке білім алу қызығушылығы мен қажеттіліктерін кеңейту білігі ретінде;
- іс-әрекеттің түрлі салаларында көрініс табатын, бірақ кез-келген әрекеттер үшін қажетті: мақсатқа жетуге ұмтылыс, дербестік, жауапкершілік, тұрақтылық және т.б. қасиеттерді дамыту және ынталандыру;
- дербестік нақты мақсат қоя білу, оның орындалуына өз күшімен қол жеткізу, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау, сонымен қатар әдеттен тыс шешім қабылдауды талап ететін таныс жағдайда ғана емес, жаңа жағдайларда да саналы және бастамашыл әрекеттер жасау ретінде;
- әлеуметтік жауапкершілік адамның саналы және идеялық кемелденген тұлға; өзінің іс-әрекеттері мен қылықтары үшін жауап беруге дайын болуы; қоғамдық-пайдалы қызметке және қоғамға пайда әкелуге ұмтылысының айқын байқалуы ретінде;
- икемділік көпдеңгейлі танымдық және жан-жақты түсінушілік қабілет ретінде.

Прагматизмнің компоненттері:

- іскерлілік, яғни күрделі проблемаларды жеңіл шешу білігі, өмірлік, тәжірибелік істерді жақсы түсіне, күнделікті тұрмыстық міндеттерді шеше,

өзінің іс-әрекетінде нақты нәтиже беретін бастамашылық пен іскерлікті көрсете білу қабілеті;

- іскерлік мүдделерге нақты бағытталған, тиімді ұйымдастырылған белсенділік; жұмыста іскерлік қалпын, іскерлік тәсілін, зейінін, ептілігін және тапқырлығын көрсету қабілеті ретінде;

- тапқырлық – өздігінен іс-әрекет жасау, тәуекелге бару, қажетті және оңтайлы шешімді жылдам табу білігі.

Ұлттық бірегейлікті сақтау:

- ұлттық құндылықтар өз халқы үшін мақтаныш, өз мәдениеті мен тарихына сүйіспеншілік сезімі, өз ұлтының қазіргісі мен болашағы үшін жауапкершілік, басқа халықтардың алдында өз ұлтын таныстыра білу қабілеті ретінде;

- толеранттылық – басқа адамды түсінуге және онымен сөйлесуге дайын болу, оның ерекшелікке құқығын қабылдау мен құрметтеу;

- ынтымақтастық белсенділік пікірлестікке негізделген моральдық құндылықтар мен іс-әрекеттер, мүдделердің ортақтығы мен бірлескен жауапкершілік ретіндегі белгілерді қамтиды.

Білімнің салтанат құруы (қазақстандықтардың ментальды құндылықтары):

- сауаттылық – қажетті деректерді табу білігімен, сондай-ақ шексіз ақпараттық ағымнан қажетті бағытты таңдау, алынған білімді талдау және жинақтау, оларды тәжірибеде қолдану мен пайда алу қабілетімен;

- функционалдық сауаттылық – алынған білім негізінде адамның өмірдің түрлі салаларында және іс-әрекеттерінде өмірлік әдетті және стандартты емес міндеттерді шешу қабілетімен, яғни тұлғаның әлеуметтенуімен;

- білімдарлық – өзінің өмірлік іс-әрекеттері саласындағы білімінің тереңдігі мен ауқымдылығы бойынша ақпараттық хабардарлық, көп оқығандық, тәртіптілік және құрылымдылықты таныту, түрлі әдебиеттерді жүйелі зерделеу мен түсіну қабілетімен;

- құзыреттілік – жалпы мәдени құзыреттілігімен (маңайындағы адамдармен сұхбаттасу формасындағы қарым-қатынас); әлеуметтік құзыреттілігімен (білім алушылардың білім салаларының негізгі идеялары, ұғымдары, тұжырымдамалары туралы хабардар болуымен); коммуникативтік құзыреттілігімен (шетел тілдерін меңгеруімен); ақпараттық құзыреттілігімен (жаңа білімдерді өздігінен меңгерудегі интеллектуалдық қабілеттерімен, танымдық іс-әрекеттердің құралдарымен және тәсілдерімен) сипатталады.

Эволюциялық даму дегеніміз – бұл:

- эволюциялық бейімделу – сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу;

- сана-сезімнің өсуі – бұл қоғамда болып жатқан өзгерістердің көрініс табуының белсенді процесі;

- рухани тәрбиедегі саналылық – адами қарым-қатыныстардың негізгі реттеушісі ретінде адамның адамгершілігінің жалпы негізін, моральдық таңдауын іздеу.

Сананың ашықтығы келесі критерийлер арқылы берілген:

- өзгерістерге дайын болу – бұл тұлғаның серпінді тұтас жағдайы, нақты тәртіпке іштей дайын болуы, осы сәтте барлық күш-жігерін белсенді және мақсатқа сәйкес іс-әрекеттерге жұмылдыруы, жүйелі деңгейде – инновациялық өзгерістерге ашықтығы;

- тұлғаның әлеуметтенуі (қоғамдық тәжірибе) – әлеуметтік сапалардың, ерекшеліктердің, құндылықтардың, идеалдардың, нормалардың және әлеуметтік мінез-құлықтар принциптерінің қалыптасуы, білім, білік және дағдыларды меңгеру процесі, яғни аталған көрсеткіштердің негізінде адам өзінің қабілеттік алғышарттарын әлеуметтік қарым-қатыныстарда, институттарда және бірлестіктерде әрекет істеуге бейім қатысушы ретінде жүзеге асыра алады, ал қоғам аға буынды жаңа ұрпақпен алмастыру арқылы өзінің өмірлік жолын жанартуды қамтамасыз етеді;

- жеке тұлғаның өзіндік әлеуметтік тәжірибесі – адамның білімі мен ұстанымының мазмұнын, оның біліктері мен дағдыларының даму деңгейін анықтауға, өмірді түсінуге және оның әрқилы көріністеріне қатысты көзқарас қалыптастыруға байланысты адамның түрлі іс-әрекеттерге қатысу және кешенді әлеуметтік рөлдерді орындау барысында тұлғааралық қарым-қатынас жасау тәжірибесі [9].

Сондай-ақ, мектептің оқу-тәрбие процесінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында қойылатын міндеттер келесідей болуы мүмкін:

– туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне атсалысу, яғни патриотизмді тәрбиелеу;

– жалпы білім беретін орта мектепте туған жердің тарихын, әдебиетін оқуды жандандыру;

– білім беру саласында туған өлкенің тарихын, әдебиетін, мәдениетін, өлкеде өмір сүретін ұлттардың салт-дәстүрлерін, қолөнерін, танымал тұлғалардың өмірін және т.б. зерделеуді қарастыратын өлкетану жұмыстарын жүргізу;

– білім алушыларды және өлке тұрғындарын экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға тарту;

– жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштермен, мәдени нысандармен таныстыру;

– туған өлкедегі жер атауларының шығу тарихымен, соларға байланысты аңыздар мен әңгімелермен танысу;

– бағдарламаның «Туған жер» жобасын жүзеге асыру, яғни:

• қазақстандық патриотизм рухымен үйлесе дамыған тұлға тәрбиелеу;

• қазақстандық білім алушылардың азаматтық белсенділігін және атамекенге деген жауапкершілікті күшейту;

• туған жердің, Қазақстанда өмір сүретін халықтардың дәстүрін, тарихын және мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты

негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды [9].

– «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына енген орындардың тарихымен таныстыру және зерделеу;

– «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» жобасы аясында:

- білім алушыларды әдебиет туындыларымен таныстыру және көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылықтарын арттыру;

- еліміздің мәдениет саласымен (классикалық және дәстүрлі музыка, бейнелеу өнері, театр, кино және хореография), мәдениет қайраткерлерінің, өлкенің әнші-жыршыларының, күйшілерінің, шеберлері мен суретшілерінің өмірімен және шығармашылығымен таныстыру және өнерді дәріптеуге тәрбиелеу;

– «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасына енген тұлғалардың өмірімен таныстыру.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында біздің замандастарымыздың тарихына қоғамның назарын аудару және кез келген адамның олардың өмірімен танысуына жағдай жасайтын жаңа мультимедиялық алаң құру туралы ұсыныстың нәтижесінде қазақстандықтардың шынайы өмірін бейнелейді «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жасалды.

Жобаның мақсаты – Тәуелсіздік жылдарында бүгінгі Қазақстанның келбетін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосқан адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бәсекеге қабілеттілік, прагматизм және білімнің салтанат құру идеяларын жүзеге асыру болып табылады.

Шағын жинақты мектептерде пәндердің мазмұнын «Туған жер» жобасының немесе аймақтық компонентпен толықтыру арқылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері келесідей болуы мүмкін:

– тарихи және ұлттық-мәдени өлкетану (ата-бабалар тарихы, шығу тегі, тарихи ескерткіштер, ежелгі қоныс-мекендер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнеге, өмір сүру салтының ерекшеліктері және құндылықтары);

– табиғи-географиялық өлкетану (жергілікті жердің климаты, жер бедері, топырағы, өзен-көлдері, пайдалы қазбалары, экологиясы, экологиялық проблемалары);

- биологиялық өлкетану (өсімдік түрлері, жануарлар әлемі);
- химиялық өлкетану (ауыз суының сапасы, ауаның ластануы, жергілікті жердегі тау-кен өнеркәсіптері т.б.);
- әлеуметтік-географиялық өлкетану (халықтың тығыздығы, елді мекендердің орналасу сипаты, ұлттық қолөнер түрлері, басқа елді мекендерден, аймақтардан алшақтығы, байланыс құралдары);
- әлеуметтік-демографиялық (ұлттық құрамы, жастық-жыныстық құрамы, көші-қон үдерісі, халықтың ұдайы өсуінің сипаты);
- әлеуметтік-экономикалық (халықтың өмір сүру деңгейі, еңбек ресурсы, кәсіби-мамандық құрамы, экономикалық даму келешегі);
- аймақтың экономикалық салалары (ауылшаруашылық, құрылыс, тау-кен, химиялық т.б.), шығаратын өнімдері;
- әкімшілік-саяси (өлкенің шекарасы мен аумағы, инфрақұрылымының түрлері, басқару органдарының қызметі және жұмысты ұйымдастыруы),
- әдеби өлкетану (жергілікті ұлттардың әдеби мұралары және ауыз әдебиеті, жергілікті ақын, жазушылардың шығармалары);
- мәдени өлкетану (жергілікті ұлттардың ұлттық әндері мен билері, жергілікті сазгерлердің музыкалық шығармалары т.б.);
- саяси (саяси факторлардың өлкенің өміріндегі рөлі, аймақтармен, елдермен қарым-қатынасы). Өлкетанудың түрлерін математикалық, физикалық, технологиялық деп жалғастыра беруге болады [4].

Шағын жинақты мектеп жағдайында бағдарламаның бағыттарын, жобаларын жүзеге асыру әсіресе өзекті мәселе болып табылады, өйткені бір сыныпта әр түрлі жастағы білім алушылар оқиды, бірақ бұл проблеманың пайдалы жағы да бар. Берілетін материал бір сынып білім алушылары үшін жаңалық болып табылса, келесі сынып оқушылары үшін қайталау болып табылады.

Шағын жинақты мектеп жағдайында бағдарламаның жобаларын, бағыттарын пән мазмұнына кіріктірудің келесі принциптерін атап көрсетуге болады:

- базалық оқу ұғымдарының маңайында жергілікті материалдың мазмұнын жинақтау принципі;
- баяндаудың жүйелілік және бірізділік принципі;
- мазмұнның тұтастық және тәжірибелік маңызы принципі;
- оқу материалының көрнекілігі принципі.

Пәндердің мазмұнындағы бұл принциптер білім алушылардың өз өлкесі, туған жері туралы білім алуына неғұрлым аз уақыт жұмсауына, өзіне ыңғайлы формада, үйреншікті сабақ уақытында білім алу мүмкіндігін тудырады. Сонымен қатар, мұғалімдер бағдарламаның бағыттары мен жобаларын пәннің мазмұнына кіріктіру барысында келесі жағдайларды:

- аймақтық мазмұнның, табиғат пен қоғамның дамуы туралы ғылымдардың, жаңашыл технологиялары деңгейіне сәйкестігін;
- қоғам өмірінің (ауылдың, аудынның, қаланың, облыстың) материалдық-техникалық базасын ескеру;

– ізгілік құндылықтарға (әлеуметтік, азаматтық, моральды-адамгершілік, эстетикалық) бағыттылықты ескеруі тиіс.

Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын талдай келе және жоғарыда айтылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында оқу пәндерінің мазмұнын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарымен, яғни аймақтық компонентпен толықтырудың жолдарын ұсынамыз.

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына және 7-8-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің біріктірілген сабақтарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарын жүзеге асырудың келесідей жолдарын, яғни екі сыныпты біріктіріп оқыту барысында ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері мен тақырыптарын біріктірудің және тақырып аясына бағдарламаның бағыттары мен жобаларын кіріктіру жолдарын ұсынамыз (1-кесте).

1-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-ші және 6-сыныптарды біріктіріп оқыту жағдайында «Қазақ тілі» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру жолдары

5-сынып	6-сынып	«Рухани жаңғыру» бағдарламасын кіріктіру бойынша ұсыныстар
Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері		
Мәдениет: тіл және қарым-қатынас	Қазақстандағы көрікті жерлер	Қазақстанның өңірлік қасиетті/көрікті нысандарымен таныстыру (А қосымшасы)
Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер	Әлемнің жеті кереметі.	«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан мағлұматтарды қолдану (А1 қосымшасы)
Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі	Астана – мәдениет пен өнер ордасы	«Астана-Бәйтерек» монументі туралы қысқаша мағлұмат (А2 қосымшасы). Сабақтан тыс уақытта шағын викторина өткізуге болады
Бос уақыт және хобби	Тарихи тұлғалар	Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды нысандарының тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындары санатындағы жерлермен таныстыру. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор жерлер алынған.
Қиял әлемі	Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер	Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандарының ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері санатына жататын

		Тамшыбұлақ бұлағы жайлы және өлкенің өзен-көлдері атауларының шығу тарихы туралы деректерді қолдану (А3 қосымшасы)
--	--	--

Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өңірге белгілі ақын-жазушылардың, мұғалімдердің шығармаларын, тәжірибесін қолдануды ұсынамыз. Мысалы, Атырау облысы Жылой ауданы Жем ауылдық округі Айранкөл жерінде дүние келген ақын, журналист, өлкетанушы, қазақ әдебиеті мен қазақ тілі мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болған – Нұрмахан Жанаш Нұрмаханұлының шығармаларын «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің сабақтарында қолдануды ұсынамыз.

Аудан халқын, жерлестерін біліммен қатар руханиятқа жетелеп, тағылымды жол сала білген тұлғаның бүгінде артында ізгілік пен ұлағатқа толы «Байбақты Ата», «Жылыойдан ұшып самғаған», «Орта мектепте лириканы оқыту», «Үлгі», «Өнеге - ұлылық бастауы», «Үлкеннен қалған үлгі сөз», «Қазақтың 5000 ақын-жырауы» тәрізді еңбектері қалды.

Жанаш Нұрмаханұлының жазба мұраларынан «Сауатты жазайық» айдарымен берілген «Жөнсіз айтылып, жазылып жүрген сөздерінен» мысалдарды қазақ тілі сабақтарында ы, і әріптерінің жазылу емлесіне байланысты қолдануға болады, сонымен қатар сөздерге сын есімді қосу арқылы жаңа сөз алынған жағдайдағы ол сөздің мағынасына арнаған «Орта қол мен ортаңқол тең болмайды» мақаласын сабақтарда қолдануды ұсынамыз (А4 және А5 қосымшалары).

Жанаш Нұрмаханұлы мен үш ұлттың тілін аялап өткен Герольд Бельгердің бір-біріне жазған хаттарын қазақ тілі сабақтарында сөздердің жазылу емлесін пысықтаған кезде қолдануды, сонымен қатар өзге ұлт өкілдерінің біздің ана тілімізді қаншалықты құрметтеп, жанашырлықпен қарағандығы мысалында тәрбиелеуді ұсынамыз [19].

2. Шағын жинақты мектептерде «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспардағы төрт тоқсанға берілген тақырыптарды біріктірудің және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы кіріктіріп оқытудың үлгісін ұсынамыз (2 және 3-кестелер).

2-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-ші және 6-сыныптарды біріктіріп оқыту жағдайында «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру жолдары

5-сынып		6-сынып	
Бөлімдері	Тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыптар
I тоқсан			
Таза, мінсіз асыл сөз	«Керкұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр» жыры, Асан қайғы «Асан	Туған жерім – аялы алтын бесігім	«Аяз би» ертегісі «Алып Ер Тұңға» жыры, Әл Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді»,

	қайғының жерге айтқан сыны» аңызы		Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, ком сулар», «Айналайын, Ақ Жайық»
<p>«Қобланды батыр» жырын оқу барысында тарихи тұлғаларға қатысты киелі орын санатындағы Жиренқопадағы «Қобыланды батыр» мемориалдық кешенімен таныстыру.</p> <p>Мемориалдық кешені Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылында орналасқан.</p> <p>Қобыланды батыр – шамамен XV ғасырда өмір сүрген атақты тарихи тұлға, жоңғар мен қалмақтарға қарсы соғысқан батыр.</p> <p>Мемориалдық кешені Қобыланды батырдың сүйегі қайта жерленген мавзолейден, Даңқ залынан және белгі тастардан тұрады. Төбесінен қарағанда кешені қалқанның үстіне қойылған батырдың дулығасына және жанында жатқан садаққа ұқсайды [20].</p>			
<p>Тақырып бойынша шағын презентация жасауға қажетті материалдар қарастыруға болатын сайттар:</p> <p>http://jas.kz/eski/?p=14612</p> <p>http://kazgazeta.kz/?p=21601</p> <p>https://www.google.com/search?q=Жиренқопадағы+«Қобыланды+батыр»+мемориалдық+кешені</p>			
II тоқсан			
«Тәрбиенің қайнар бұлағы»	Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас», Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?»	Абайды оқы, таңырқа!	Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз»
<p>Тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындар санатындағы Ы.Алтынсарин кесенесі және «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені</p> <p>Қазақтың кемеңгер ағартушы Ыбырай Алтынсариннің кесенесі Қостанай қаласынан жеті шақырым жерде, болашаққа мұра еткен даналықтың рухындай биік, ақ күмбезді кесене ақ қайыңды орманның арасында, Тобыл өзенінің бір иінінде орналасқан</p> <p>Жидебай жерінде орналасқан Абай-Шәкәрім мавзолейімен таныстыруды ұсынамыз.</p> <p>Дала кеңістігінде жолаушы көзіне ақшаңқан қос күмбес көрінісі шалынады. Биікке, көгілдір аспанның шыңырау көгіне ұмтылған бұл күмбездер адам рухының өршіл күші қуатын көрсеткендей.</p> <p>Бүгінде Жидебай – әдеби Меккеге айналған, үлкен тағзым етер орын [21].</p>			
<p>https://egemen.kz/article/159269-ybyray-altynsarinninh-memorialdyq-kesheni-dganhartyldy</p> <p>https://www.inform.kz/kz/kostanayda-ybyray-altynsarin-kesenesi-ashyldy_a3071518</p> <p>http://visitkostanay.kz/kz/place/233-ybyray-altynsarin-kesenesi</p>			
III тоқсан			
Адамгершілік – асыл қасиет	А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі, Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты, М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі	Мен балаң жарық күнде сәуле құған...	С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы», С.Мұратбеков «Жусан иісі», О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат», Қалқаман Әбдіқадыров «Қажымұқан»
<p>А. Байтұрсынұлының Алматыдағы үйі – тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындардың бірі.</p>			

Ахмет Байтұрсынұлының Алматы қаласындағы мұражай үйі 1993 жылы ұйымдастырылған. Бұл музейдің ашылуының ерекше тарихы бар. 1988 жылы 4 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы соты 51 жыл «халық жауы» деп қара күйе жағылып келген Ахмет Байтұрсынұлының іс-қимылынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан тергеу барысы тоқтатылсын деген шешім шығарып, тарихи тұлғаның есімі ресми түрде ақталды.

Музей үй 1,5 қабатты, төрт бөлме және бір бөлмелі жертөледен тұрады. Үшеуі – көрме залы, бір бөлме – ахметтану дәрісханасы. Жертөле – музей мен қоғамдық қор қызметкерлерінің кеңсесі. Музей үйдің қорында ғалым өмірі мен шығармашылығына қатысты 500-ге жуық деректі ресми құжаттар, 300-і мемлекеттік мұрағаттан алынған телнұсқалық құжаттар, 12 жеке суреті, 27 ұжымдық деректі суреттер бар [22].

IV тоқсан			
Отбасы құндылықтары	Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі, Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі Д.Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі	Тәуелсіздік-қасиет тұнған ұлы ұғым	Е.Жүніс «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңі, А.Алтай «Прописка», Р.Ғамзатов «Ана тілі», «Менің Дағыстаным»

3-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 7-ші және 8-сыныптарды біріктіріп оқыту жағдайында «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру жолдары

7-сынып		8-сынып	
Бөлімдері	Тақырыптар	Бөлімдері	Тақырыптар
I тоқсан			
Көне күндерден жеткен жәдігерлер	«Қыз Жібек» жыры, Орхон-Енисей ескерткіштері, «Күлтегін» жыры, Жиёмбет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім», Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»	Дананың сөзі-ақылдың көзі	Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр», Қорқыттың нақыл сөздері, Ахмет Йассауи «Даналық кітабы», Ақтамберді Сарыұлы «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет», Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»
<p>«Қорқыт ата» мемориалды кешені сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Кешен Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы ауылынан 18 шақырым жерде Қорқыт разъезінің түбіне 1980 жылы салынған.</p> <p>Қобыздың үні сарнаған баба кесенесі рухани дүниенің есігі іспетті Қорқыт ата кесенесі адамзатқа күйбең тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салып тұрғандай. Қорқыттың мәңгілік өмір дегені де қайталанбас уақытты қадірлеп, келешекке өнер, руханият арқылы өшпес із қалдыру болса керекті [23].</p> <p>Ахмет Яссауи кесене-кешені – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші.</p> <p>Кесене-кешен Үлкен қылуат (жер асты мешіті, XII ғ.), Сегіз қырлы кесене (XIV-XVI ғғ.), Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғ.), Шығыс моншасы (XVI-XVII ғ.), Есімхан кесенесі, Жұма мешіті т.б. археологиялық, тарихи, сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды.</p> <p>Қожа Ахмет Ясауи кесенесі талай ғасырдан бері мұсылманшылықтың алтын бесігі</p>			

болып келеді. Оны бүкіл қазақ жұрты, түркі әлемі ерекше қасиет тұтады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі әлемінің рухани орталығы [24].

https://el.kz/kz/news/cities/kobizdin_uni_sarnagan_korkit_ata_kesenesi
https://el.kz/ru/news/sakral_nii_kazahstan_/korkit_ata_kesenesi__anizga_toli_akikat
<https://qazaqstan3d.kz/kz/place/view?id=332>
<https://www.google.com/search?q=ахмет+ясауи+кесенесі&tbm=>
<http://ernur.kz/sayakhat/kozha-akhmet-yasaui-kesenesindegi-zhazularda-ne-aitylghan>

2-тоқсан

Толғауы тоқсан қызыл тіл	Ш.Қанайұлы «Зар заман», С.Аронұлы «Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы», Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық»	Көркем әдебиет және эпикалық сарын	Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа», Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі
--------------------------	---	------------------------------------	---

Тарихи тұлғаларға қатысты киелі орын санатындағы Жамбыл Жабаев кесенесі Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылында ұлы ақынның тұрған үйінде ұйымдастырылған. Ақынның көзі тірісінде егілген алма мен алмұрт бағының арасында 1946 жылы салынған кесене тұр. Кесененің дәл ортасына ұлы жыршыға құлпытас қойылған. 1996 жылы кесененің сол жақ босағасына ақынның киесі – қызыл шұбар жолбарыс мүсіні орнатылды.

Мұражай бөлмелері Жамбыл өмір сүрген кезіндегі қалпында сақталған. Он екі бөлмедегі тарихи жәдігерлердің әрқайсысы – ақын өмірінің тікелей куәгері болып табылады [25].

<https://e-history.kz/kz/publications/view/1005>
<https://el.kz/kz/news/archive/content-1148>
https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/zhambil_zhabaevtin_murazhai_uui

3-тоқсан

Балалар мен үлкендер	М.Жұмабаев «Батыр Баян», М.Әуезов «Көксерек», Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала», С.Сарғасқаев «Тәмпіш кара»	Махаббат және абырой	М.Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы, Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі, Д.Исабеков «Әпке» драмасы, М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы
----------------------	--	----------------------	---

Міржақып Дулатов кесенесі туған жері – Торғай уезі Сарақопа болысының үшінші ауылы, қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданына қарасты Қызбел ауылында орналасқан.

Мұражай мен кесененің арақашықтығы – 70-80 метр. Мемориалды мұражайда ақынның қызы тапсырған суреттер, жол сөмкесі, күміспен қапталған белбеу, т.б. заттар бар туралы мағлұмат беру [26].

<http://zhangeldy.kostanay.gov.kz/kz/o-rayone/dostoprimitchnosti/mavzoley-mirzhakupadulatova/index.php>
<https://adebiportal.kz/kz/news/view/16218>
<https://www.google.com/search?q=Міржақып+Дулатов+кесенесі&tbm>

4-тоқсан

Ұрпақ тәрбиесі	М.Шаханов «Нарынкүм зауалы», Медетбек Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі, Т.Әбдіков «Қонақтар»,	Қиял мен шындық	Т.Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі, Ж.Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері,
----------------	---	-----------------	--

	А.С.Пушкин «Ескерткіш»		Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне»
--	---------------------------	--	-------------------------------------

Туған жердің әр тасына, топырағына тағзым ететін, туған жерінің тарихын, әдебиетін, салт-дәстүрін құрметтейтін азамат қалыптастыру отбасы мен мектептің алдында тұрған басты мақсат. Сондықтан әдебиет сабақтарында білім алушылардың туған өлкесінен шыққан ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын таныстырып отыру қажет. Осы орайда, дана халқымыздың «Ананы сыйламаған ел қамын ойламаған» деген нақыл сөзін айта отырып, «Отбасы құндылықтары» бөліміндегі (5-сынып) Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Анасын сағынған бала» әңгімесін оқу барысында Жезқазған қаласының тумасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Жұмағали Жөкейұлы Наурызбайдың «Ананың ақ тілегі», «Ана таңдауы», «Әке жүрегі», «Әке арманы» өлеңдерін оқуды ұсынамыз (Ә қосымшасы).

Сонымен қатар, Т.Нұрмағанбетовтың «Анасын сағынған бала» әңгімесін оқу барысында үздік деп танылып жүрген жас ақындардың ана туралы өлеңдерін оқуды ұсынамыз, яғни бұл замандас-жерлестерінің шығармашылығымен таныстырудың және ата-ананы құрметтеуге тәрбиелеудің бірден-бір жолы болып табылады. Мысалы:

Марлен Айт-Ақынның «Ол менің анашым, анашым!».

Батырхан Сәрсенхан «Анамның үнсіз жылап тұрғаны».

Ұзақбаева Шапағат «Анаға арнау».

Қайсарбекқызы Айдана «Анаға сыр».

Молдағалиева Жұлдыз

«Ана, сенің құшағыңда көктедім,

Мәнін білмей қайғыру мен өкпенің.

Саған қандай құрмет еттім, білмеймін...

Сенен көрген жақсылығым көп менің ...».

«Туған жер» деген кезде, туған жер туралы сөз болған сәтте әр баланың, әр азаматтың, әр адамның бойында қуаныш пен шаттық сезімі ұялайтыны сөзсіз. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін өлшеу немесе шектеу қою мүмкін емес. Осындай патриоттық сезімді әр білім алушының, өскелең ұрпақтың бойына сіңіру үшін алдымын «туған жер» ұғымының мән-мағынасын түсіндіру қажет. Ал оны түсіндіру үшін өлкенің ақын-жазушыларының, «100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздарының шығармаларын пайдалануды ұсынамыз.

Мысалы, 6-сыныпта «Туған жерім – аялы алтын бесігім» бөлімінде «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы Алматы облысы Райымбек ауданы Қайнар ауылының тумасы – Мақпал Мысаның «Ауыл жайлы түс көрем...», «Қайнарбұлақ», «Қайнарға бара жатқанда», «Ауылымды сағындым», «Қазағымның даласы» т.б. өлеңдерін оқуды ұсынуға болады [28]. (Ә1 қосымшасы). Сонымен қатар, білім алушыларға сабақтан тыс уақытта оқуларына көңіл аударту қажет туған жердің табиғатын, ұлттың жанын, тарихы

мен мұратын жазып жүрген жас ақын-жазушылардың шығармаларының тізімін ұсынамыз (Ә2 қосымшасы).

Отансүйгіштігін нақты істермен дәлелдеп жүрген, яғни өздерінің туған жерге деген ерекше құрметтерін адам жанына жылулық сыйлайтын қайырымдылық шаралар жасау арқылы білдіріп жатқан қайраткерлер, жастар, қарапайым жандар да бар. Осы орайда, Ыбырай Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» (5-сынып) әңгімесін оқу барысында «Жомарт» – адамға тән қасиет және Шығыс халықтары фольклорында хикаяттық, қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілерінде әрдайым жағымды образ ретінде сипатталатын кейіпкер екенін айта отырып қазіргі заманмен байланыстырып, еліміздің көркеюіне үлес қосып, ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды таныту мақсатында «100 жаңа есім» жобасының қаһармандарымен таныстыруды ұсынамыз.

Гүлмира Абдрашева - «Клуб Добряков» еріктілер қозғалысының негізін қалаушы. Ол Instagram әлеуметтік платформасының жоғары тиімділігін пайдаланып, көмекке мұқтаж жандардың базасы орналастырылған ашық топ құрады. Қайырымдылар клубының ұраны: «Қайда болсаң да, пайдаң тисін!».

Клубтың арқасында 30-дан астам адам жұмысқа орналастырылды. Отбасында бір немесе одан да көп мүгедек баласы барлар, көп балалы отбасылар, жалғызбасты зейнеткерлер, жетімдер клубтың тұрақты қамқорында. Сонымен қатар, өмірдің қиын жағдайына ұшыраған адамдарға да көмек көрсетеді.

Гүлмира әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға, мұқтаж жандар мен үйі жоқ жануарларға тегін көмек көрсетеді. Қайырымдылық шаралары Гүлмираға ешқандай қаржылық пайда әкелмейді. Гүлмира Абдрашева қоғамға нағыз ақпейіл жанның қандай болатынын үлгі етіп жүр [29].

Павлодар облысының тумасы, қоғамдық-саяси қайраткер, меценат, кәсіпкер, 2011 жылдан бастап көмір өнеркәсібінің жұмысшысы – Чернуцкий Максим. Өзінің жеке қаражатына БЦП диагнозымен ауыратын мұқтаж жас жігітке мүгедек креслосын әпергенін өзінің басты жетістігі деп санайды.

2014 жылдың желтоқсанында «Халық Таспасы – Народная Лента» халықтық-отансүйгіштік жобасын жүзеге асырды. Өз қаражатына Қазақстан Республикасының азаматтарына 25 000 халықтық таспа сыйлады [29].

NOMAD MMA ұлттық стилінің негізін қалаушы, жаттықтырушы – Сергей Ан. Сергей әлемнің 12 елінде танылған аралас жекпе-жектің өз стилін құрып, негізін қалады. Ол 29 жыл бойы жаттықтырушылық және қоғамдық қызметпен айналысып келеді.

Ол негізгі жұмысынан бөлек атқарушы органдармен бірлесіп, саябақтарды қалпына келтіру бойынша бірқатар жұмыстар жасап, гүлзарлар, спорт және аула алаңдарын, футбол алаңдарын, жаңа бала бақшалар салды және ескілерін қалпына келтірді.

Әсемгүл Уразаева – USC Travel компаниясының негізін қалаушысы. Әсемгүл Аликовна 22 жасында Атырау қаласындағы «USC» ЖШС негізін қалаушы және құрылтайшысы болды. БАӘ өтетін Халықаралық Балалардың

шығармашылық фестивалін өткізу бойынша жобаны, БАӘ-де Канаданың және Ұлыбританияның оқытушыларының қатысуымен өтетін жазғы балалар лагерін ұйымдастырады.

2015 жылы Қазақстан психологтар қауымдастығының мүшесі болып, кеңес берумен айналысатын «Жетістіктер академиясы» жобасын жасады, халықаралық деңгейдегі жаттықтырушылардың қатысуымен жеке тұлғаның дамуы және отбасылық қарым-қатынас тренингтерін өткізді. 2016 жылы әйел құқығын қорғау және қолдау жұмыстары мен мүгедек балаларға көмек көрсету жұмыстары жүргізілетін халықаралық орта Азия әйелдер қауымдастығының Президенті қызметіне тағайындалды. Атырау облысының экологиялық мәселелері бойынша бағдарламалар іске асырылды және прокуратурамен бірлесе отырып мүгедектер мен балалар арбасының қозғалысының қолайлы болуы үшін жол жиектері мен пандустарды қайта жабдықтау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды.

Баялышбаев Елдос Қайыркенұлы – «Асар» мүгедектерді реабилитациялау орталығының директоры. 2014 жылы Елдос қозғалуы қиындық тудыратын адамдарға қолдау көрсетем деп шешеді. Талдықорған қаласы әкімдігінің қолдауымен «Мүгедектерді спортпен оңалту орталығы» АҚ ашып, қазірге дейін соны басқарып келеді.

2014 жылы Жол картасы – 2020 аясында 3 млн сомаға грант ұтып алып, оны арнайы тренажерлар жасауға жұмсады. 2014-2016 жылдары бұл орталықта мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 260-тан астам адам оңалтудан өтеді. ДЦП-мен ауыратын кішкентай Радамираның емделуі үшін қайырымдылық концертін ұйымдастырды [29].

«Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» жобасы аясында білім алушыларды заманауи әдебиет туындыларымен таныстыру, жерлестерінің шығармаларын оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қазіргі кездің көркем шығармаларымен таныстыруды ұсынамыз.

Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында туған – Ержан Жұмабек «100 жаңа есім» жобасының қаһарманы, ақын, мемлекеттік «Серпер» жастар сыйлығының иегері. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті «филология» факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бойынша үздік бітіріп, сол мамандық бойынша ғылым магистрі атанды. «Өсер өркен» жинағына және 10 томдық «Жыр маржаны» атты антологиясына бір топ өлеңдері енді. Түркия Республикасындағы Өмер Халисдемир университетінің докторанты. «Шексіздік шұғыласы» атты жыр жинағы, Түркиядағы Medeniyetin Burçları ұйымының қолдауымен Ыстамбұл қаласы Ezgi баспасынан «Sonsuzluk Şûlesi» атты кітабы түрік тілінде басылып шықты.

Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиеті пәнінен туған өлкеге байланысты аймақтық компонентті, өлкеде өмір сүріп жатқан не өмір сүрген ақын-жазушылардың пән бағдарламасында қарастырылмаған шығармаларын оқу арқылы жетілдіруге болады. Сол себепті жергілікті жердің ақын-жазушыларының шығармаларын оқу сыныптан тыс немесе қосымша тапсырма түрінде берілуі мүмкін. Мұғалім өз жұмысында оларды пайдалану

арқылы өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін тәрбиелейді. Қазақ әдебиеті пәнінде өлкетануды жетілдірудің мақсаты білім алушыларды дарынды жерлестерінің шығармаларымен таныстыра отырып, туған жерге, тілге, мәдениетке, халықтың тарихына сүйіспеншілік сезімін дарыту (ӘЗ қосымшасы).

«Орыс тілі мен әдебиеті» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, тілдерді қадірлейтін, тілдерді білудің қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында пән сабақтарында бірнеше тілді еркін меңгерген адамдардың өмірімен және шығармашылығымен таныстыру қажет. «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, Көкшетау гуманитарлық-техникалық лицейінің директоры, мұғалімдік жұмысты «Қазақстан-Көкшетау» Ақмола телерадиокорпорациясының тележүргізушісі қызметімен қатар алып жүрген – Наталья Григорьевна Дементьеваның тілдерді қадірлеу қасиеті жақсы мысал бола алады.

«Біз үйрендік!» (тақырыбы – өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді насихаттау), «Мың бір сөз» (қазақ тілінің теледидарлық сабағы), «Живой родник» (Қазақстанның танымал тұлғалары туралы), «Бір шағырақ астында» (Ақмола облысының Ассамблеясымен бірлескен жоба) атты өзінің авторлық жобалары бар, 2012 жылдың қыркүйек айынан бастап эфирге «Танымал» жобасы шықты.

«Ағылшын тілі» оқу пәнінің мұғалімдеріне сабақтарында «100 жаңа есім» бағдарламасының жеңімпазы, 4 тілді еркін меңгерген, қазақ тіліндегі туындыларды өзге тілде сөйлетіп жүрген, аудармашы, докторант, Семей өңірінің тумасы – Қуаныш Жұмабекұлы туралы дерек беруді ұсынамыз. 2015 жылы Анкарадағы «Bizim Büro» баспасынан ағылшын тілінде «Let's Learn to Speak English» атты кітабы жарық көрген. 3 бөлімнен тұратын кітаптың сенсациялық жаңалығы – ағылшын грамматикасын басқа тілдерге сүйенбей, тікелей қазақ тілінде түсіндіретін алғашқы оқу құралы және қазақ ертегілерінің ағылшын тілінде ұсынылуы болды. Сонымен қатар, кітапта британдық ағылшын тілінен бөлек американдық ағылшын тілінің сөздігі де берілген [29].

Шет тілдері мұғалімдеріне сабақтарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарын кіріктіруді пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асыруды ұсынамыз. Мысалы, «Музыка» оқу пәнімен байланыстыру:

«100 жаңа есім» жобасының жүлдегері Калыкова Саида Тұрарбековна – Астана қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясының солисі, алты жасында музыка үйреніп бастап, нота сауаттылығын тез меңгеріп, фортепианода ойнауды үйрене бастайды. 1994 жылы операциядан кейін, көру қабілетінен айрылғанына қарамастан, 12 жасында өзінің алғашқы музыкалық концертін береді, 15 жасында алғашқы музыкалық шығармаларын жазды. Қазақ Ұлттық өнер университетінің соңғы конкурсында Италияда тағлымдамадан өту грантына ие болды, италия тілін үйренеді.

Саида қазақ, орыс, ағылшын, итальян тілдерін жетік біледі, ал испан және француз тілдерінде сөйлесу деңгейінде меңгерген. Ол еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласады және әлемнің түкпір-түкпіріндегі қайырымдылық концерттеріне қатысады [29].

Жалпы білім беретін мектептердің негізгі орта білім беру деңгейінің 5-ші және 6-сыныптарында табиғатты зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтық атауы, табиғат құбылыстары мен олардың дамуының жалпы заңдарын танумен шұғылданатын ғылымдар жүйесі болып табылатын «Жаратылыстану» пәні оқытылады. Жаратылыстану ғылымын оқыту білім алушылардың бойында табиғи құбылыстар мен заңдылықтар туралы түсініктерді қалыптастырып, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашып көрсетеді.

«Жаратылыстану» пәні негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін зерделеу, негізін қалауға бағытталған біріктірілген курс болып табылады.

Оқу пәнінің мақсаты білім алушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған [30].

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-ші және 6-сыныптарына арналаған «Жаратылыстану» оқу пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын ұзақ мерзімді жоспарының бөлімдері және тақырыптары біріктіріп оқытуға өте ыңғайлы, яғни бір-бірін толықтырып және тереңдетіп отыру принципімен құрылған. Шағын жинақты мектептерде сыныптарды біріктіріп оқыту жағдайында пәннің оқу процесіне «Рухани жаңғыру» бағдарламасын біріктіру бойынша келесідей ұсыныстар жасаймыз (4-кесте).

4-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-ші және 6-сыныптарды біріктіріп оқыту жағдайында «Жаратылыстану» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру жолдары

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері және тақырыптары	
5-сынып	6-сынып
1-тоқсан	
«Ғылым әлемі» бөлімі	
Ғылымның рөлі	Ғылымның рөлі
Зерттеу сұрағы	Зерттеу сұрағы
Зерттеуді жоспарлау	Зерттеуді жоспарлау
Деректерді жинау және жазу	Деректерді жинау және тіркеу
Деректерді талдау	Мәліметтерді талдау
Қорытынды және талқылау	Қорытынды және талқылау
Табиғатта бақылау жүргізудің әдістерімен танысу.	
Өлкені зерттеген және оның аумағында болған зерттеушілер туралы деректер жинау	
«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының қаһармандарының жетістіктерін зерделеу мектеп бағдарламасы шеңберінде білім алушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру	

мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді. осы орайда жас ғалым-биомедик, Назарбаев Университетінің оқытушысы, биология магистрі, Халықаралық қатарлы ісікке қарсы күрес ұйымы (UICC) грантының иегері – Зарина Саутбаеваның жетістіктерімен таныстыруды ұсынамыз.

Биомедицина – тым ерекше мамандық, ғылым әлемінің ізбасары болу тілегі қалай пайда болды және бұл мамандықты таңдауыңызға кім себепкер болды?

Биомедицинаны мен емес, ол мені таңдады деп айтуға болады. мен балалық шағымнан дәрігер болуды аңсадым, алайда, «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға түсу барысында шетелде оқуға арналған тізімде бұл мамандық болмай шықты, бірақ онымен байланысты және өте маңызды мамандық – биомедицина бар екен. Сол сәтте осы жолды таңдағаным және шешім қабылдағаным қуаныштымын. Қазақстанда ғылым қарқынды дамып келеді, сондықтан жаһандық ғылыми зерттеулердің бастауында тұратындардың бірі бола алатындығым туралы ой маған жақсы бағыт берді.

Мен үшін биомедицинаның екінші жағымды жағы, науқасты емдеп шығу ғана емес, ауруды түп нұсқасынан жою үшін, адам өзінің ауыратын жерін емдемесін, ол мүлдем ауырмасын деп еңбек ететіндігімде.

Оқытушы ретінде мен үшін студенттерімнің бәсекеге қабілетті болғандары, болашақта олар лайықты зертханаларда жұмыс істей алғандары өте маңызды. Бірінші курстың оқытушысы болғаным қуанамын, себебі бакалавриатта олардың ғылыми өмірінің барысында қажетті болатын мамандықтың қыр-сыры (мейлі ол қолында мөлшерлеуішті дұрыс ұстау болсын немесе жасушалық дақылдармен жұмыс істеу болсын) беріледі ғой – дейді Зарина.

Ал маған келетін болсақ, мен қазір ғалым ретінде онкологиялық ауруды диагностикалаумен байланысты жобалада жұмыс істеп жүрмін. Менің арманым қатарлы ісікті неғұрлым ерте анықтауды үйренумен байланысты. Өкінішке орай, қазіргі сәтте адам өзінің диагнозын ауру үдемелі сатыда болғанда ғана біле алады. Ал егер оны ерте сатыда диагностикалау мүмкін болғанда, онда емдеудің оң нәтижесіне және организмнің жақсы қабылдауына мүмкіндік көп болар еді [29].

«Адам. Жер. Ғалам» бөлімі

Макро- және микроәлем	Макро- және микроәлем
Жер туралы жалпы мағлұматтар	Жер туралы жалпы мағлұматтар
Білім алушыларға туған өлке, оның тарихы, жер бедері, байлығы, алуан түрлі табиғаты туралы түсінік беру. Туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, табиғатты қорғай білуге, оны аялауға тәрбиелеу.	
Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері	Жер өрістері және олардың құрамдас бөліктері
Жердегі тіршілік	Жердегі тіршілік
Жер бетін бейнелеу тәсілдері	Жер бетін бейнелеу тәсілдері
«Жер бетін бейнелеу тәсілдері» тақырыбындағы сабақ барысында келесідей жұмыс түрлерін ұсынамыз:	
<ol style="list-style-type: none"> Сұрақ-жауап <ul style="list-style-type: none"> Жергілікті жер дегеніміз не? Жергілікті жерді қағаз бетіне қалай түсіруге болады? Жергілікті жердің планы дегенді қалай түсінесіңдер? Масштаб дегеніміз не? Масштабтың қандай түрлерін білесіңдер? Практикалық жұмыс «Сандық масштабты атаулы масштабқа өзгерту» 	
1-нұсқа	2-нұсқа
<ul style="list-style-type: none"> 1: 7500000 (1см – 75 км) 1: 30000 (1 см – 0,3 км) 1: 500000 (1 см – 5 км) 	<ul style="list-style-type: none"> 1: 1000000 (1 см – 10 км) 1: 350000 (1см – 3,5 км) 1: 100000 (1 см – 1 км)

3. Интерактивті әңгіме: жергілікті жердің планын жасау үшін, сол маңайда бағыт-бағдар табу қажет.

- Жергілікті жерде бағыт-бағдар табу дегеніміз не?
- Көкжиектің негізгі жақтарын атаңдар.
- Көкжиектің аралық жақтарын атаңдар.
- Азимут дегеніміз не?
- Жергілікті жерде бағыт-бағдар табудың қандай тәсілдерін білесіңдер?

Қажетті құралдардың көмегінсіз жергілікті жерде бағыт-бағдар табудың жолдары өте көп.

4. Практикалық жұмыс. Қандай жағдайда көкжиектің жақтары көрсетілген азимутқа сәйкес келетінін анықтау:

1-нұсқа	2-нұсқа
<ul style="list-style-type: none"> • «СБ» - $A = 135^\circ$ • «ОШ» - $A = 140^\circ$ • «С» - $A = 360^\circ$ 	<ul style="list-style-type: none"> • «СШ» - $A = 135^\circ$ • «С» - $A = 0^\circ$ • «Б» - $A = 90^\circ$

Халық географиясы	Халық географиясы
-------------------	-------------------

«Халық географиясы» тақырыбын зерделеу барысында замандасымыз «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жүлдегері Сағымбаев Мағжан Талаповичтің өмірімен таныстыруды ұсынамыз. Ол велосипедпен Қазақстанның туын көтеріп, 22 елді аралаған алғашқы Қазақстандық азамат, атақты саяхатшы.

Бірінші рет 1991 жылы Геленджик шатқалындағы Қара теңізге саяхат жасайды. 1998 жылы Ыстықкөлге төрткүндік сапар шегеді. Осыдан кейін саяхат, тау, спортқа деген құштарлығы тіптен арта түседі. 2013 жылы бірінші үлкен саяхатқа аттанады. Жаяу, автокөлікпен 8 елді (Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Грузия, Армения, Түркия, Украина, Молдова) аралады. 2014 жылдың 1-мамырында Мағжан Алматы қаласының орталығынан старт алып, 380 күннен кейін тура сол нүктеге қайтып оралды. Ол осы аралықта 28 мың километр қашықтықты жүріп өтті және 22 – Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, Азербайжан, Грузия, Түркия, Болгария, Сербия, Венгрия, Австрия, Германия, Швейцария, Франция, Испания, Колумбия, Эквадор, Австралия, Таиланд, Камбоджа, Лаос, Қытай елдерін аралады [29].

2016 жылдың ақпанында Мақсұт Жұмаевпен бірге Қазақ Географиялық қоғамының экспедициясы барысында Оңтүстік Американың биік нүктесі Аконкагуа шыңына (6962 м) шықты.

2016 жылдың маусымында актриса Айсұлу Әзімбаевамен бірге Еуропаның биік нүктелерінің бірі Эльбрус шыңына (5642 м) көтерілді. Сол жылдың желтоқсанында Қазақстанның туы Антарктиданың Винсон (4892 м) шыңына ілді [29].

2-тоқсан

«Заттар және материалдар» бөлімі

Заттардың құрылысы мен қасиеттері	Заттардың құрылысы мен қасиеттері
Заттардың жіктелуі	Заттардың жіктелуі
Заттардың түзілуі және алынуы	Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу

Туған өлке аймағында болатын табиғи құбылыстар туралы деректер жинау.

3-тоқсан

«Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер» бөлімі

Өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер
Тірі табиғаттағы үдерістер	Тірі табиғаттағы үдерістер

Тимур Рыспеков – Алматы қаласындағы М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейінің түлегі. Тимур жас өнертапқыш, физика, информатика, математика саласындағы 28-ден астам патент пен авторлық құқықтың иесі.

<p>2016 жылдың маусымында Мәскеу қаласында өткен Шығыс Еуропаның Startup Village ірі инновациялық конференциясына қатысты. Оның соңғы әзірлемелерінің бірі қоршаған ортаның талдамасын жасауға арналған робот, әлемде оған ұқсас туынды жоқ. Бұл робот метеостанцияларды, экологияның талдамасын жасауға арналған станцияларды, аномалияларды зерттеуге арналған жабдықтарды және т.б. алмастыра алады, сонымен қатар ол күзет жүйесінің функцияларын атқара, виртуалды шындық форматындағы видеоағымдарды көрсете алады. Тимурдың қоршаған ортаның талдамасын жасау бойынша жобасын Microsoft корпорациясының, Қазақстан Республикасы Кіші Ғылым Академиясының және Қазақстан робототехника федерациясының, AlmatyTechGarden сарапшылары ең жақсы жүйе деп таныды [29].</p>	
«Энергия және қозғалыс» бөлімі	
Энергия түрлері мен көздері	Энергия түрлері мен көздері
Қозғалыс	Қозғалыс
4-тоқсан	
«Экология және тұрақты даму» бөлімі	
Экожүйелер	Экожүйелер
Тірі ағзалардың сан алуандығы	Тірі ағзалардың сан алуандығы
Табиғатты қорғау	Табиғатты қорғау
<p>Білім алушыларды қасиетті нысандарға апарғанда оларға зияткерлік, тарихи-танымдық бағыттардан бөлек еңбекке тәрбиелеу мақсатында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштерінде экологиялық іс-шараларды қызықты етіп ұйымдастырып, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуға ықпал жасау; - демалушылар мен зиярат етушілердің көптігінен қасиетті орындарға экологиялық зиян келіп, тазалық сақталмайды. Оның салдарынан түрлі эпидемиялар қаупі туындап, туристер толқыны толастауына әкеп соғады. Осындай мәселелердің алдын-алу үшін білім алушылар арасында тазалық сақтау еріктілер қозғалысын ұйымдастыру. <p>Олардың қатарына, әлемдік үрдіске айналған челлендж, плоггинг, шаралары жатады. «Челлендж» ағылшын тілінен аударғанда «шақыру» деген мағынаны білдіреді. Әлеуметтік желілердегі табиғатты тазалауға шақырған челленджер әлемнің кез-келген түкпіріндегі қолданушыны жаһандық қозғалысқа араласуға үндейді.</p> <p>Бұл білім алушыларды өлкенің өзен-сулардың, жағажайларын, бұлақтарын, таулары мен далаларын, көшелерін, ескерткіштері мен тарихи жерлерін қоқыстан арылту шараларына жұмылдыруға және нәтижесін әлеуметтік желілерде жариялау арқылы жерлестерін, еліміздің барлық тұрғындарын тазалық сақтауға шақыру іс-әрекеті болып табылады. Оның қарапайым шарты екі суреттен тұрады. Бірінші суретте қоқысқа толы нысан, екіншісі қоқыстан арылған нысан болуы керек.</p> <p>Жүгіріп қоқыс жинау немесе «Плоггинг». Ол бір мезетте екі істі жасауға бағытталған шара, яғни, біріншіден – физикалық белсенділік, екіншіден – қоршаған ортаны қорғау. Мұндай қозғалыс әрі пайдалы, әрі бүкіл әлемде танымалдылыққа ие болған және кез-келген азамат қатыса алатын іс-шара.</p> <p>Олар саябақтарда, ботаникалық бақтарда, тарихи ескерткіштер маңындағы қоқыстарды қапшықтарға жинайды. Плоггинг аясында қоқыс жиналған ең үлкен қапшықты анықтауға бағытталған конкурс өткізге болады. Ұйымдастырушылар қаптарды өлшеп, жеңімпаздарды анықтайды [31].</p>	
«Әлемді өзгертетін жаңалықтар» бөлімі	
Әлемді өзгертетін жаңалықтар	Әлемді өзгертетін жаңалықтар
Болашақ жаңылықтары	Болашақ жаңылықтары

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Көп мәдениет иесіне тән тағы бір ерекшелік – географиялық сана болуға тиіс. Шын мәнінде зияткер, мәдениетті адам болу үшін планеталық, ғаламдық, экологиялық саналар деңгейіне самғаумен бірге кіндік кескен жер, туған өлке, Отан, өз шаңырағын қастерлеу сезімімен қатар тыныстау парыз. Халық «Жеріңнің аты – тарихтың хаты» деп тегін айтпаған. «Ұлытау», «Ордабасы», «Орбұлақ», «Қазығұрт», «Бектау ата тауы», «Хан Тәңірі» шыңы, Алтайдағы «Мұзтау шыңы», «Шарын каньоны» сөздерге селт етпейтін, оларды тек жер-су атаулары ретінде ғана қабылдайтын қазақты, тіпті ол Ниагара сарқырамасының биіктігін, Панама каналының ұзындығы мен енін, Оймяконның ең төменгі температурасын жатқа айтып тұрса да, қалай ғана мәдениет иесі дерсің?

Жұмыр жердегі еліңнің, ел ортасындағы туған жеріңнің орнын, қасиетін, шежіресін білу – географиялық сана ұғымының негізі болмақ. Географиялық сана елтану, этнография, экология пәндері арқылы да дариды. Аталған пәндер этнос пен мәдениет проблемаларымен өрістес болғандықтан, мәдени-этностық оқыту мен тәлім-тәрбие ісінде ерекше маңызға ие.

Зияткер, рухани әлемі бай адам ғаламдық экология мен Қазақстан экологиясын табиғи ұштастыруға бейімді. Әрбір отандасымызға туған жерді – ортақ үй, Қазақ елін ортақ Отан ретінде сезіну, атамекен мен ел табиғатын аялап, қызғыштай қорғау қасиеттерін дарыту мақсатында жаратылыстану ғылымдарын оқыту мәселесіне көңіл бөлу керек. Бұл пәндерден дәріс беруде елімізге қатысты құбылыстарға баса назар аударып, осы ғылым салаларын дамытудағы қазақстандық ғалымдардың үлесіне ерекше тоқталудың пайдасы айтарлықтай. Шынайы ұлтжандылық, халық үшін мақтаныш сезімдері осыдан туындайды [32].

Сондықтан негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұнындағы оқу бағдарламасының мақсаттарын жүзеге асыру барысында «Қазақ оронимдері», «Қазақ гидронимдері», «Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы», «Қазақстандағы ойконимдер» тақырыптарында Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды нысандардың, өңірлік қасиетті нысандардың атауларының шығу тарихы туралы материалдарды кіріктіруді ұсынамыз.

Ауылды елді мекендердегі мектептерде сыныптарды біріктіріп оқыту барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын негізгі орта білім беру деңгейінің 7-ші және 8-сыныптарына арналған «География» пәнінің мазмұнына кіріктірудің жолы төмендегідей болуы мүмкін:

1. «Географияны зерттеу тәсілдері» бөлімі «Зерттеу және зерттеушілер» бөлімшесінде:

- «Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар» санатындағы Шоқан Уәлихановтың Алтынемелдегі мемориалдық кешені және жерленген жері, Сырымбет мекені және қазақтың ұлы ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклорист, ағартушы, демократ туралы деректер беру;

- Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, шын есімі – Ғабдулғани (12 сәуір 1899 жылы, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы - 31 қаңтар, 1964 жылы, Мәскеу) - геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик.

Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Ғұлама ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген [33].

2. «Физикалық география» бөлімі «Литосфера» бөлімшесінде өз өлкесінің жер бедері, тау жыныстары және пайдалы қазбалары, олардың шаруашылық қызметке тигізетін әсері туралы шағын жоба жұмыстарын ұйымдастыру немесе қосымша деректер жинауды, Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды нысандары «Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері» санатындағы орындарды туған өлкеге байланысты қарастыруды ұсынамыз. Мысалы:

- Қарағанды облысының мектептерінде Әулиетау (Ақмешіт), Едіге тауы, Алтын Шоқы, Бектау ата тауы және үңгірі;
- Түркістан облысының мектептерінде Қазығұрт тау кешені;
- Ақмола облысы мектептерінде Оқжетпес жартасы;
- Шығыс Қазақстан облысы мектептерінде Мұзтау;
- Алматы облысы мектептерінде Хан Тәңірі таулары, Шарын шатқалы;
- Ақтөбе облысы мектептерінде Жаманшың кратері;
- Маңғыстау облысы мектептерінде Отпан тау тарихи-мәдени кешені немесе мұғалімнің таңдауы бойынша қарастыруға болады.

3. Қазақстанның сакралды географиясындағы киелі орындар бойынша саяхат бағыттарын әзірлеудің үлгі-мысалдары қосымшада берілген (Б қосымшасы). Саяхаттарды әртүрлі презентациялар әзірлеу арқылы қашықтықтан да өткізуге болады.

4. «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұнындағы оқу бағдарламасының мақсаттарын жүзеге асыру барысында «Қазақ оронимдері», «Қазақ гидронимдері», «Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы», «Қазақстандағы ойконимдер» тақырыптарында Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды нысандардың, өңірлік қасиетті нысандардың атауларының шығу тарихы туралы материалдарды кіріктіруді ұсынамыз. Мысалы, 9-сыныпта «Физикалық география» бөлімі «Гидросфера» бөлімшесінің «Қазақ гидронимдері» тақырыбында «Ерекше

қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері» санатындағы «Шарын каньоны» туралы мағлұмат беруге болады.

Шарын – Алматы облысының шығысындағы өзен және шатқал, түрік тілінен аударғанда «бұзу, күйрету, талқандау» (екі бөлікке бөлу) мағынасын береді, сонымен қатар гидронимнің екінші нұсқасы көне түркі немесе көне ұйғыр тіліндегі «чарун» – реликті шаған ағашының атауынан шығуы мүмкін. Бұл ағаш Шарын шатқалында қазіргі кезде де өседі, яғни ағаштың чарун немесе жарун атауы гидронимнің негізін қалағаны туралы нық сеніммен айтуға болады.

«Литосфера» бөлімшесінің «Қазақ оронимдері» тақырыбында жобаға енген Алтайдағы Мұзтау шыңы туралы келесідей деректерді ұсынуға болады: хакас тілінен аударғанда алтай – «биік таулар», «таулы өлке» деген мағынаны, алтай терминінің келесі нұсқасы алағ тау – «ала таулар» тіркесін, сонымен қатар ежелгі түрік тілінде Алтын-йыш – «алтын тобыр» деген мағынаны білдіреді.

«Гидросфера» бөлімшесі өлкенің өзен-көлдері, бұлақтары атауларының шығу тарихымен таныстыруды ұсынамыз.

Гидронимдер көне грек тілінен аударғанда (ὕδωρ – су, ὄνομα – ат, атау, есім) деген мағынаны білдіреді. Топонимдердің бір түрін білдіретін жалқы есім, яғни гидронимика – топонимиканың гидронимдерді, олардың пайда болу тарихын, дамуын, қызметін зерделейтін бөлімі болып табылады.

Топонимикада гидронимдер ең көне атаулар деп саналады, сондықтан олардың мағынасын ашып жеткізу маңызды іс болып саналады. Сонымен қатар, гидронимдерді қарастыру барысында пәнаралық (қазақ тілі, қазақ әдебиеті, тарих пәндерімен) байланыс та жүзеге асырылады. Мысалы: І.Жансүгіровтің «Мақпал» поэмасында Іле өзені атауы бірнеше рет кездеседі:

Өр Іле, өргек Іле, ұшан Іле;
Осқырып ұлы асқарды құшады Іле.
Қайсарын Қас, Күнестің қосарына ап,
Текестің тентегін ап жетегіне.

Іле – Ұйғыр ауданындағы өзен. Өзеннің атауының шығуы туралы келесідей пікір бар: қалмақтың «иле» – «жарқыраған», «жалтыраған».

Райымбек ауданындағы – Текес өзенінің атауы «Теріскейден ағатын су» деген мағынаны береді. Шоқан Уәлиханов «Қашқарға сапар» атты еңбегінде осы өзеннен өткен кезде «Теріс аққан өзен» деп атаған. Себебі өзен басқа өзендердей емес, батыстан шығысқа қарай аққандығынан атаса керек.

Жетісу аймағындағы – Қаратал өзенінің мағынасы «қалың, ну өскен тал», «қалың, жыныс орман, тоғай» деген ұғымға сәйкес келеді. Бұған Қаратал өзенінің жағасында талдың көп, қалың өсуі дәлел болады.

Балқаш көлі атауының шығуы туралы халық арасында аңыз сақталған: Бұдан көп ғасыр бұрын көлдің батыс жағалауын бір бай мекендеген екен. Оның Балқия атты қызы болыпты. Ол ақылдылығымен, адамгершілігімен ел аузына ілігіпті. Сүйікті қызды бүкіл ел-жұрт еркелетіп Балқаш деп атайды екен. Жасы 17-ге толғанда Балқия алыс елден келген Ерден атты жас жігітке ғашық

болыпты. Бірақ қазақтардың салты бойынша Балқияның атастырып, малын алып қойған екен. Содан екі жас ақылдасып, бір түнде қашып кетеді. Екеуі бір қамыстың түбіне келіп паналайды, сонда олардың аттарына қабандар тап береді. Ерден аттарын құтқарам деп өзі қатты жараланып қайтыс болады. Балқия жігітті жерлеген соң өзі де өлмек болады. Бұл кезде Балқияның әкесі қызын ұстап әкелуді бұйырады. Жігіттер Балқияның тығылған жерін тауып алады. Қыз әкесінің қатал мінезін біліп, жардан суға секіріп кетеді, бұл оқиғаны естіген халық сол көлді қыздың атымен атайтын болыпты [34].

Қара Ертіс жүйесіндегі Бағанор көлінің атауы, монғол тілінен аударғанда баға – «аз», «шағын», «қысқа», ал нор «нуур» көл мағынасын білдіреді немесе көлдің аумағының шағын екенін көрсетеді.

Марқакөл ауданында орналасқан – Барынкөл көлі. Барын сөзі түркі-монғол тілдерінде «қара қоңыр», «қара кер» (қаракөл), сондай-ақ, монғол тілінде баруун «батыс» яғни «Батыс өзені» мағынасындағы гидроним болып шығады.

9-сыныпта «Гидросфера» бөлімшесінің «қазақ гидронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады» мақсатын жүзеге асыру барысында тақырыпты «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндерімен байланыстыра оқыту, сабақтың тәрбиелік мәнін арттыру үшін тақырыпты Ахмет Байтұрсынұлымен ұштастыруды ұсынамыз. Мысалы, Әуликөл – қазақ жерінің ежелгі тарихи мекендерінің бірі. Бұл жерге табиғат-ана жеті бірдей көлді сыйлаған, сондықтан «Семиозер» атанған. Ел аузындағы аңыз бойынша, «.. ауыл ортасындағы айнакөлдің бірі сарқырай ағып, жер астына сіңіп кетеді де үш күннен кейін қайта пайда болыпты» сол себепті бұл елдің аты «Әуликөл» деген атауды иеленген. Осы көлдердің барлығы дерлік ел жадында Учительское, Камышеное, Купальное, Больничное, Пожарное, Комсомольское, Грачевник тәрізді орысша атаулармен сақталған. Бірақ, ауызекі тілде – Жетікөл, яғни Семиозер деп аталып келеді. Осы көлдердің кейбірі ғана қазақша атауға ие, олар: «Мұғалімкөл», «Қайранкөл», «Қамыстыкөл».

Әуликөл елдімекені – Ахметтің балалықпен қоштасып, жігіт болған жері. Әуликөлдің бір көлінің «Мұғалімкөл» атануының себебі, бұл жерде екі рет оқытушы болған Ахмет Байтұрсыновтың құрметіне арналған [35].

«Биосфера» бөлімшесінде жергілікті жерге тән жануарлар әлемімен және өсімдік жамылғысымен, сонымен қатар Қазақстанның Қызыл кітабына енген өсімдіктермен және жануарлармен таныстыруды ұсынамыз.

Жергілікті жердің өсімдіктері мен жануарлары, олардың жағдайы; өлкедегі қорғалатын аумақтар; қоршаған ортаның экологиясы туралы шағын шығарма, жоба; өз өлкесінің табиғат компоненттерінің алуан түрлілігі туралы фотоколлаж ұйымдастыру.

«Туған жер» бағдарламасы бойынша «География» оқу пәнінің аясында келесідей жұмыс түрлерін ұйымдастыруды ұсынамыз (5-кесте).

5-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 7-ші және 8-сыныптарды біріктіріп оқыту жағдайында «География» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру жолдары

Бөлім	Бөлімше	«Туған жер» бағдарламасы бойынша жүргізуге ұсынылатын жұмыс түрлері
1. Географиялық зерттеу әдістері	1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	Өлкені зерттеген және оның аумағында болған зерттеушілер. Туған өлкенің тарихы туралы ертегілер, аңыздар.
2. Картография және географиялық деректер базасы	2.1 Географиялық карталар	Туған өлкенің маңайында бағдарлау жұмыстары. Ауылдың планын жасау, планды практикалық іс-әрекетте қолдану. Өз облыс орталығының, ауданының, ауылының географиялық орнын анықтау. Туған өлкедегі елді мекендердің географиялық координаталарын анықтау. Өз өлкесінің табиғи құбылыстарына бақылау жүргізу
3. Физикалық география	3.1 Литосфера	Жер бедерінің негізгі түрлері. Жер бедері атауларының шығу тарихын зерттеу, жинақтау. Туған өлкенің тау жыныстарына шығу, қолдану көрсеткіштері бойынша сараптама жасау. Өлкенің пайдалы қазбалары, олардың түрлері, аймақ бойынша орналасуы. Тау жыныстарының шаруашылық әрекетте қолданылуы бойынша ұсыныстар әзірлеу
	3.2 Атмосфера	Атмосфералық циркуляция және оның түрлерінің жергілікті жерге әсері туралы деректер жинау. Ауа температурасының, атмосфералық қысымның, басым желдердің, бұлттылықтың, жауын-шашынның өзгеруі бойынша бақылаудың нәтижесін ұсыну.
	3.3 Гидросфера	Өлкенің су ресурстарын қорғау шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеу. өлкенің өзен-көлдері атауларының шығу тарихын зерттеу, осыған байланысты аңыз-әңгімелерді жинақтау.
	3.4 Биосфера	Өлкенің топырағы: пайда болуы, құнарлылығы, басқа компоненттермен байланысы деректер жинау. Өлкенің өсімдік және жануарлар дүниесі туралы деректер жинау. Сақтау шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеу
	3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Табиғат компоненттерін сипаттау. Адамзат қоғамының туған өлкенің табиғатына әсерін анықтау. Өлкедегі табиғат кешендерінің пайда болуы және табиғат зоналарының өзгеруі. Табиғат зоналарының ресурстарын адамның пайдалануы. Өлкенің антропогендік кешендері.

Сонымен қатар, жергілікті ақын, жазушылардың және халық ауыз әдебиетінің туған өлке табиғатының сұлулығы туралы шығармаларын пайдалану, білім алушылардың өздеріне шағын эссе, шығармалар жазғызу.

Оқу жылы барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында келесі шығармашылық жұмыстарды жүргізуге болады:

- экологиялық тақырыптағы суреттер мен плакаттар сайысы;
- туған өлке табиғатының макеттері сайысы;
- туған өлке туралы әндерді орындау, өлеңдерді мәнерлеп оқу сайыстары (білім алушылардың авторлық шығармалары болуы мүмкін);
- туған өлкенің табиғаты, экономикасы көрініс табатын тақырыптардағы ғылыми жобалар конференцияларына қатысу.

Жалпы білім беретін мектептердің жаңартылған мазмұндағы «Физика» курсының мақсаты – білім алушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің ғылыми-жаратылыстану бейнесін тұтастай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру [36].

Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеруіне ықпал ету;

2) білім алушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға; физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген ағдыларды қолдану болып табылады [36].

«100 жаңа есім» жобасының қаһармандарының физика саласында ашқан жаңалықтарын оқу процесінде қолданудың келесідей үлгісін ұсынамыз:

- 7-сыныпта «Энергия» бөлімін оқу, 8-сыныпта «Электромагниттік индукция, генераторлар» тақырыбының 8.4.3.8 - Қазақстанда және дүние жүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру мақсатын жүзеге асыру барысында жас физик, физика-математика ғылымдарының кандидаты, инженер-зерттеуші – Альмира Жилкашинованың ойлап тапқан 40 градус аязда энергия өндіретін жел генераторы туралы дерек беру. Альмираның басты мақсаты – бүкіл әлемде теңдесі жоқ және Қазақстан Республикасының патенттерімен қорғалған, отандық компоненттермен жабдықталған үш қабатты шағын гибридті жел электр станциясының (КТГВЭС) прототипін жасау [29].

- 2014 жылы Санжар Мырзағалым және оның курстастары EcoSocket технологиясы шеңберінде – электр қуатын үнемдеуге жағдай жасайтын розетка әзірлеу бойынша жұмыс істей бастады.

Әзірлемелер кез келген ауданды, оның шаршы метріне, түріне және салынған жылына қарамастан ақылды үй деп аталатын құрылысқа айналдыруға мүмкіндік береді. Тұрмыстық техника дүкенінен EcoSocket сатып алу жеткілікті. Жас жаңалық ашушылардың жобасы бойынша осындай құрылғылардың бірін техниканың бір бірлігіне қосуға болады, бірақ

әзірлеушілер ең өнертапқыш қолданушылардың тәжірибесінде Экоsocketті үшбөлімді розеткаға немесе ұзартқышқа қосу арқылы бірнеше аспапты қосқан жағдайлар болғанын және олардың бәрі смартфон арқылы басқарылғанын айтады.

Жүйенің әр қолданушысы аспаптардың электр қуатын қаншалықты тұтынатынын өзінің смартфоннан бақылай алады. Әзірлеме сонымен қатар, жеке параметрлерді дәлдеуге мүмкіндік береді, яғни арнайы дәлдегішке өз тарифін енгізуге болады және бағдарлама осы сәтте сіздің қанша ақшаны тектен-текке жұмсайтыныңызды санап береді. Бұл Айти әзірлеменің талдау қабілеті қоршаған ортаны сақтауғы бағытталған Жасыл жобаға айналдырады [29].

- 9-сыныптың «Атом құрылысы», «Атомдық құбылыстар» немесе «Атом ядросы» бөлімдерін оқу барысында Радиациялық қауіпсіздік және экология институтының жетекшісі, физик – Сергей Лукашенко және оның жұмысы туралы деректер беру. 2006 жылдан бері МАГАТЭ М. Эль-Барадей бас директоры жанындағы ядролық технологияны қолдану саласында консультациялар агенттік қызметін көрсету бойынша МАГАТЭ бас директорына кеңес беру мақсатында халықаралық тұрақты жұмыс істейтін «Ядролық қолданысқа кеңес беруші топтың» мүшесі. Аталмыш сараптау тобына әлемнің әр түкпірінен жиналған 20 сарапшы қатысады. С.Н. Лукашенко Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен сайланған жалғыз сарапшы [29].

- «Физика» оқу пәні бойынша халықаралық олимпиадалардың (IPhO) алтын және күміс медальдарының иегері, республикалық олимпиаданың төрт мәрте жеңімпазы және 2003 жылы республикалық мектеп олимпиадасының абсолютті чемпионы, физик, жаттықтырушы, оқытушы – Ернұр Рысмағамбетов.

ҚР Ұлттық құрама командасының жаттықтырушы ретінде 5 жылдың ішінде Ернұрдың жетекшілігімен оқушылар 25 мүмкін медальдің ішінен 24 медальді жеңіп алды, оның ішінде 6 алтын, 15 күміс және 3 қола.

Сонымен қатар, оқулықта берілген материалдарды келесі мағлұматтармен толықтыруды ұсынамыз:

- өлкедегі физика ғылымының тарихы (республиканың және өлкенің физик-ғалымдарының өмірінен деректер);

- экологиялық білім. Өлкенің аумағындағы қоршаған ортаны ластайтын физикалық негізгі факторлар: электр магнит өрісі және шу. Шу шығару көздері: өнеркәсіп нысандары, қала ішіндегі автомобиль және теміржол көлігі. Өлкедегі электр магнит өрісі және жоғары жиілікті сәуле шығару көздері: телерадиотехникалық, қоршаған ортаға электр магниттік энергия шығаратын электрондық нысандар, ұялы желістер. Өнеркәсіптік экология көлемінде биік мұржалар арқылы құрамында газ тозаңдары бар шығарындыларды шығару және оны шашырату сұрақтары қарастырылады. Өнеркәсіптердің энергетика, жылу және су электр стансаларында электр энергиясымен қамтамасыз ету сұрақтары, өлкенің ауыл шаруашылық экологиясы сұрақтары қарастырылады.

Қоршаған ортаның физикалық ластануы, оның көздері, олардың адам денсаулығына ықпалы сияқты сұрақтарды қарастыру жоспарланады;

- өлкенің өнеркәсібі, ғылымы, ауыл шаруашылығы, медицинасының проблемаларын анықтау, кәсіпорындар қызметінің тиімділігін, олардың технологияларының экологиялық тазалығын бағалау барысында білім қалыптасады;

- қолданбалы сипаттағы сұрақтар. Физикадағы барлық жетістіктер мен ашылулар материалдық өнеркәсіптің барлық салаларына: машина жасауға, энергетикаға, электроникаға, электрлі техникаға әсер етеді. Политехникалық материалдың қолданбалы сипаты жекелеген техникалық нысандарды және процестерді зерттеуді болжайды. Политехникалық материалды және қолданбалы сипаттағы мысалдарды іріктеу барысында өлкенің ерекшелігі ескерілуі тиіс [37].

Заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттерінің, олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастыру, сонымен қатар, білім алушылардың заттар және химиялық реакциялар туралы білімдерін өмірде пайдалану біліктерін дамыту жалпы білім беретін мектептерде оқытылатын жаңартылған мазмұндағы «Химия» оқу пәнінің мақсаты болып табылады [38].

Шағын жинақты мектептерде «Химия» пәнінің оқу процесіне «Рухани жаңғыру» бағдарламасын кіріктіру бойынша келесідей ұсыныстар береміз:

- 7-сынып. «Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар» бөлімінде «Ластанған ас тұзын тазарту» №2 зертханалық тәжірибе жұмысын орындау барысында Қазақстанның ас тұзы өндірісімен таныстыру. Мысалы, Атырау облысы Индер тұзды көлінің аумағы 110 кв/км жерді алып жатыр. Мұнда сапалы техникалық ас тұзы өндіріледі. Индер жерінің пайдалы қазбалары әлі жүздеген жылға жетеді. Солардың бірі – 4 млрд тонна тұз қоры бар көл. Әзірге барланған қорының өзі 2 млрд тоннаны құрайтын тұз көлі жыл сайын 7-8 сантиметрге дейін өсіп отырады екен. Демек табиғи байлық сарқылмақ емес. Көл жағалауындағы тұз зауыты жылына 1 мың тонна ас тұзын және 20 мың тонна техникалық тұз өңдейді [39];

- «Химиялық элементтердің периодтық кестесі» бөлімінің «Периодтық кестенің құрылымы» тақырыбында немесе 8-сыныптың «Химиялық элементтердің периодтық жүйесі» бөлімі «Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы» тақырыбында «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, Қ.И. Сәтбаев атындағы (ҚазҰТУ) Қазақ ұлттық зерттеу ғылыми-зерттеу университеті мен Қазақ-Британ техникалық университетінің (ҚБТУ) аға оқытушысы – Рафиқова Хадичахан Сабиржановнаның мұнай үшін бірегей родий-иридий катализаторын әзірлегені және бұл жұмыстың жасыл технологиялар категориясына кіретін мұнай өңдеуге арналған бәсекеге қабілетті технологияларды құрудың негізі болып табылатындығы туралы мағлұмат беру;

- 8-сынып. «Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері» бөлімінде күн қуатымен жүретін батареяға арналған полимердің медициналық

табиғи жолмен ыдырайтын және жартылай өткізгіш деген екі түрімен айналысқан Тастанбеков Диас Бахытжанович туралы мағлұмат беру.

Пән мазмұнының бағдарлама аясындағы өлкетану тақырыбын жетілдіруде химия пәнінің рөлі ерекше. Бұл пәннің сабақтары туған өлкенің табиғат кешеніндегі заттардың құрамын анықтауға, олардың ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Пәннің өзіндік ерекшелігі табиғи және антропогендік заттардың өзгеріс үрдісін, табиғат кешені жағдайының жақсаруының немесе нашарлауының себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Химия пәнінің әр бөлімінің өзіне тән өлкетану компоненті бар, мысалы:

- туған өлкенің пайдалы қазбалары, химия өнеркәсібі;
- ғылымның, химия өнеркәсібінің дамуына Қазақстандық ғалымдардың қосқан үлесі (жергілікті жердің ғалымдары);
- өлке өміріндегі химияның маңызы;
- металл кен орындары, өндірілетін металл емес кендер;
- физикалық қасиеттерімен ерекшеленетін, өлкенің және облыстың өнеркәсіптерінде алынатын металдар, олардың қолданылуы;
- өлкедегі болат, цинк, кадмий, индий, ферроқорытпалар;
- облыста өндірілетін заттардың формулалары;
- аймақ атмосферасының негізгі техногендік ластануы (көміртек, азот, күкірт оксиді, уытты ауыр металдар, радиоактивті изотоптар);
- ауаны қорғау шаралары;
- өлкенің оксидті рудалары, сазбалшық, кварц, олардың маңызы, қолданылуы;
- оксидтердің, қышқылдардың, негіздердің тұрмыста және облыс өнеркәсіптерінде қолданылуы (мысалдар);
- қоршаған ортадағы аммиак, күкіртті сутегі;
- қышқылды жаңбырлар, олардың пайда болу себептері;
- өлкедегі, облыстағы минералдық және тау жыныстарының кен орындары; табиғаттағы тұздар, минералды судың құрамындағы тұздар;
- өлкенің халық шаруашылығында байқалатын физикалық құбылыстар;
- өлкедегі май шығаратын комбинаттар;
- адамның шаруашылық әрекетінің әсерінен табиғатта болатын өзгерістер (химиялық реакциялар, олардың түрлері);
- топырақтың қышқылдануы;
- облыстың өнеркәсіптеріндегі процестерді ескере отырып, химиялық теңдеулермен есептер шығару;
- жергілікті жерде қар еруінің нәтижесінде пайда болған суға сараптама жасау;
- өлке аумағындағы ауыз суды, табиғаттағы суларды тазарту шаралары, өлкенің су тазарту стансасына саяхат;
- сутек алу, май комбинаттары, облыс өнеркәсібінде сутекті қолдану; сутек экологиялық таза отын ретінде;
- өлкедегі оттегі өндірісі және қолданылуы, жөндеу шеберханаларындағы газбен балқыту (газбен дәнекерлеу);

- өлкенің су ресурстары, олардың жағдайы, шаруашылық маңызы, оларды қорғау шаралары;

- облыстың, өлкенің өнеркәсібінде ерітінділердің қолданылуына мысалдар келтіру;

- металл оксидтерінің хромофорлар ретінде қолданылуы.

Химия мұғалімі пәннің өлкеге қатысты мазмұнын жетілдіру үшін ғылыми, тәжірибелік және статистикалық сипаттағы әдебиеттердің деректерін іріктеп, сабақта қолдануға әзірлеуі тиіс.

Өлкеге қатысты мазмұнды жүзеге асыру үшін, өзара байланысты 6 бөлікті анықтап, олар:

- ауа;

- жер;

- су;

- өнеркәсіп;

- экология;

- адамның денсаулығы және олардың мазмұнымен жұмыс істеу ыңғайлы болады.

Аймақтың ауа ортасына ерекше көңіл бөлінеді. Оның жағдайы келесі сұрақтарды оқып-зерттеуді талап етеді:

а) білім алушы өмір сүретін елді мекеннің ауасының жағдайы мен оны қорғау;

б) ауаның өнеркәсіп кәсіпорындарында қолданылуы;

в) шығарындылардың адам денсаулығына әсері.

Қазақстан аумағындағы ауа кеңістігінің жағдайы мен ластану дәрежесі әр түрлі факторларға байланысты. Қазіргі заманғы өмір сүру ортасындағы ауаның ластану деңгейі жоғары және ол денсаулыққа қауіп төндіріп отыр. Ауаның ластануы қара және түсті металлургия, энергетика, машина жасау өнеркәсіптерінің, құрылыс индустриясының, автокөлік және жеке меншік үйлердің шығарындыларының нәтижесінде пайда болады. Регионалдық компонентті жетілдіру мақсатында жергілікті жердің ауасының ластануын есептеуге арналған есептер шығаруды ұсынуға болады. Сонымен қатар, ауаны ластайтын 24 зат анықталған, олардың ішінде: шаң, күкірт диоксиді, азот оксиді (II,IV), көміртек оксиді (II), фенол, формальдегид, күкіртті сутегі, фтор сутегі, аммиак, бензапирен, хош иісті көмірсутектері (бензол, ксилол, толуол, этилбензол), ауыр металдар (темір, кадмий, марганец, мыс, никель, свинец, хром, цинк) және басқалар. Осы аталғандардың қайсысы жергілікті жердің ауасын қаншалықты және қалай ластайтынын анықтауға арналған тапсырмалар беруге болады.

Ауаны қорғауды және атмосфераның жағдайына бақылаулар жүргізуді гидрометеорологиялық орталықтарда құрылған арнайы тұрақты посттар жүзеге асырады. Олар қозғалмалы зертханамен облыстың әр түрлі аймақтарында болып, қоршаған ортаның ластану мониторингін есептейді. Бұл орталықтардың жұмысымен танысу оқушылар үшін өте пайдалы және қызықты.

Ал су, су ресурстарын қорғау туралы тақырыптарды өту барысында суды тазалау және тазалығын сақтаудың химиялық тәсілдерімен таныстыру, сонымен қатар кәсіпорындар мен адамның жақын маңайдағы көлдердің, өзендердің, бұлақтардың жағдайына кері әсер етуін болдырмау тәсілдерін де ескеру қажет.

Өлкетанулық іс-әрекет барысында жергілікті жердің табиғат кешені толығымен зерттеледі, олар:

а) өлкенің, облыстың төңірегіндегі, Астана және Алматы, Шымкент қалаларындағы су ресурстары;

б) білім алушы өмір сүретін жердегі суларды ластаушылар (суды тазалау, суды тазалайтын қондырғылар, сумен қамтамасыз ету жүйелерінің технологиясы);

в) су қоймаларының, өзендердің, көлдердің жағдайы; жер асты су қоры ұғымы, суды өнеркәсіпте қолданудың мөлшері және олардың экологиялық жағдайы;

г) айтылған проблемаларды шешу жолдарын ұсыну.

Ағын сулармен келетін өзендерді ластаушы заттар: мұнай өнімдері, сульфаттар, хлоридтер, нитраттар, фосфаттар, азот аммониясы, фенолдар, алюминий, қорғасын, мырыш, марганец, темір, мыс, цинк, хром, никель, фтор, цианидтар, роданидтар, хром. Өзендерде күкіртті сутегі болуы мүмкін, олардың болуы өзендердің экологиялық жүйе ретінде жойылуына әкеледі. Өзендер ағын сулармен келген ластауыштарды тазалап үлгере алмайды да, өздігінен тазалану мүмкіндігінен айрылады. Оқушылар өздерінің үйлерінде таза ауыз суы қайдан пайда болатынын, тұрмыс қажетіне қандай суды қолдануға болатынын оқып-зерттеулері тиіс. Зертханалық сараптама жасау үшін тазалағыш қондырғылардан, судың сынамасын тәулігіне 24 рет алатыны белгілі (әр 1 сағат сайын). Егер нормадан сәл ауытқу болса, онда түзетулер енгізілуі тиіс.

Өлкетанушылар топырақтың құрамындағы ластауыштарды: мырыштың, қорғасынның, кадмийдің, никельдің, мыстың, бау-бақша өнімдерінің құрамында – хромның, темірдің, никельдің, мыстың болуын зерттейді. Қышқылданудың жоғарылауымен топырақ ерітіндісінде, өсімдіктерде ауыр металдардың құрамы жоғарылайды.

Өлкенің су қоймаларында, топырақта аталған ластауыштардың қайдан келетінін анықтауға бағытталған зертханалық жұмыстар өткізу арқылы, оқушыларға оларды болдырмаудың жолдарын жоспарлау, жобалау жұмыстарын тапсыруға болады. Мұндай жұмыстар оқушылардың туған өлкенің су қоймаларын, топырағын, өсімдіктерін қорғауға, сақтауға деген құлшыныстарын арттыруына септігін тигізеді. Себебі өлкетану компонентін жетілдіру арқылы балалардың туған жердің экологиясына көзқарасын тәрбиелеу мүмкіндігі пайда болады (6-кесте).

6-кесте – 9-сыныпта «Химия» пәнінің өлкетану компонентін жетілдірудің үлгі жоспары

Тақырыптар	Өлкетану компоненттерін жүзеге асыру
Иондар. Қышқылдар, негіздер, тұздар.	Калийдің, натрийдің, хлордың биогендік рөлі. Өлкедегі өсімдіктердің қоректенуіндегі сутек иондарының рөлі. Өлкедегі өсімдіктердің, жануарлардың, адамдардың ионның шамадан тыс көп болуына немесе жетіспеушілігіне байланысты ауруға шалдығуы, олармен күресу жолдары. Химия өнеркәсібінде кездесетін иондық алмасу реакциясы. Өлкедегі топырақтың қышқылдану, әктену дәрежесі.
Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі	Өлке кәсіпорындарындағы гальвандық жабынды цехтары. Металл заттарды коррозиядан (бұзылудан) сақтау тәсілдері (жергілікті жердің мысалында)
Қорытпалар.	Темір қорытпалары (шойын, болаттың түрлері). Өлке кәсіпорындарында металды өңдеу және қорыту.
Табиғаттағы металдар. Оларды арудың жалпы жолдары.	Облыстағы қара және түсті металл рудалары. Облыстағы шойын және болат. Өлкенің дамуындағы металдардың рөлі. Облыста шойын және болат өндіру кәсіпорындарының жұмысы туралы. Түсті металлургия кәсіпорындарының жұмысы. Металлургия өнеркәсібінің экологиялық проблемалары. Өлкедегі металлургия кәсіпорнына саяхат.
Сілті қосылыстары.	Кальций және магний тұздарын өндіру (магнезит, мәрмәр, әктас, доломит). Жергілікті жердегі судың қаттылығы, суды жұмсарту жолдары. Облыс кәсіпорындарында кальций қосындыларын (оксидтің, гидроксидтің, карбидтің) флюс, құрылыс материалдары ретінде қолданылуы. Өлкедегі әктас, долмит, фосфориттердің қоры. Тірі организмдердің денсаулығы үшін кальций, магний элементтерінің маңызы.
Алюминий қосылыстары.	Алюминийдің тұрмыста және өнеркәсіпте қолданылуы (нақты мысалдар келтіре отырып). Боксит кеніштері. Оны алюминий зауыттарына жеткізу. Дәл құралдар жасау үшін корунд кристалдарын қолдану.
Темір, оның физикалық және химиялық қасиеттері.	Организмдердің өміріндегі темірдің рөлі. Қоршаған ортадағы (топырақта, ауада) темірдің молдығы, оның организмге әсері. Өлкедегі машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындарында әр түрлі заттар жасау үшін шойын мен болатты қолдануы.
Металл еместердің жалпы сипаты.	Өлке ауасының ластану масштабы, өлкеде өмір сүретін адамдар мен өлкенің табиғатына тигізетін зардабы. Күкіртті сутегі, оның өлкенің ауасына түсуі. Облыс кәсіпорындарында қышқылдарды, негіздерді және тұздарды қолданудың мысалдары. Өлкедегі аналитикалық зертханалар, дәрі-дәрмек шығару. Өлкенің кәсіпорындарында газ тәрізді шығарындыларды тазарту тәсілдері.

	<p>Тұрмыста және медицинада қолданылатын ерітінділер бойынша мәліметтерді қолдана отырып есептеулер жасау.</p> <p>Өлке аумағында өндірілетін галогенидтер.</p> <p>Өлкедегі суды залалсыздандыру үшін хлорды қолдану.</p> <p>Йодтың жетіспеушілігі проблемасы. Йодталған тұз өндіру.</p>
Күкірт және оның қосындылары.	<p>Өлкенің ауасына күкірт сутегі және күкірт оксидінің түсуі, олардың қоршаған ортаға, адам денсаулығына тигізетін әсері.</p>
Күкірт оксидтері. Күкірт қышқылдары.	<p>Күкіртті газ – металлургияның қосалқы өнімі.</p> <p>Күкірт қышқылын өндіру.</p> <p>Өлкедегі металлургия кәсіпорындарында шикізатты кешенді қолдану.</p> <p>Қоршаған ортаны қорғау шаралары.</p>
Азот және оның қасиеттері. Аммиак және оның қасиеттері	<p>Оттегі цехында азотты алу.</p> <p>Атмосферадағы азот оксиді.</p> <p>Өлке кәсіпорындарында аммиакты қолдану.</p> <p>Сульфат аммониясын алу, оның өсімдік өміріндегі маңызы.</p>
Азотты тыңайтқыштар.	<p>Өлкенің ауыл шаруашылығында азотты тыңайтқыштарды қолдану.</p> <p>Олардың ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігіне әсері.</p> <p>Нитраттардың организмге әсері.</p> <p>Жергілікті жердің топырағын зерттеу (сараптама жасау).</p>
Фосфор және оның қосындылары	<p>Фосфориттер мен апатиттердің кен орындары.</p> <p>Фосфорлы тыңайтқыштар өндірісі.</p>
Көміртек.	<p>Өлкедегі отынның негізгі түрлері.</p> <p>Көмірдің қоры. Көмір өндірісі барысындағы табиғатты қорғау шаралары.</p> <p>Туған өлкенің отын-энергетикалық кешені.</p>
Көміртегі оксидтері	<p>Атмосферадағы көміртегі оксидтерінің антропогендік көздері.</p> <p>Адам өмірі үшін маңызы.</p> <p>Жергілікті жердегі ауа құрамындағы көміртегі диоксиді, оның қоршаған орта мен адам өміріне тигізетін әсері.</p>
Көміртек қосындылары.	<p>Өлкенің әр түрлі жерлеріндегі судың қаттылығы.</p> <p>Құрамында көміртегі бар минералды және тау жыныстары.</p> <p>Әктас, мәрмәр, магнезит, доломит кен орындары, олардың өлке, ел экономикасындағы рөлі.</p>
Кремний.	<p>Кремнийдің табиғи қосындылары (гранит, вермикулит, каолин, тальк, асбест, кварцит, бағалы және ұсақ-түйек жасайтын тастар).</p>
Силикат өнеркәсібі.	<p>Өлкедегі силикат өндірісі,</p> <p>Өлкенің кәсіпорындарында шыны, цемент, керамика өндірісі, оның ел экономикасындағы орны. Пайдасы, зияны, тұрмыста қолданылуы.</p>

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Биология» оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларға органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің заңдары мен заңдылықтары, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі туралы білім мен түсінік жүйелерін беру.

Биология пәнін оқу барысында білім алушылар туған жердегі тірі ағзалардың құндылығын, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы біледі. Экологиялық этика нормаларымен және ережелерімен, салауатты өмір салты

негіздерімен, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау жолдарымен танысады.

Биологияны оқытуда туған жердің өлкетану компоненттерін пайдаланудың үлкен маңызы бар. Қазіргі заман биологиялық білімі мектептің алдына көптеген мәселелер қояды, ал ол мәселелерді білім беруге аймақтық компонентті енгізу арқылы шешуге болады. Биология сабақтарында өлкенің өсімдік түрлері және жануарлар әлемінің алуан түрлілігі, сонымен қатар адамның шаруашылық әрекетінің экологияға тигізетін әсері туралы ақпаратты қамтуы қажет. Аймақтық материал биология курсындағы негізгі базалық ұғымдарды кеңейту және тереңдету үшін қолданылады. Биологияны оқыту барысында регионалдық компоненттің мазмұнын жергілікті жердің онша белгілі емес материалдарымен толықтырып отырған жөн, ол оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Жергілікті жердің материалдарын биология сабақтарында қолдану оқушылардың экологиялық білімін тереңдетуге көмектеседі. Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім беру оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыш сыныптарда басталады да, орта және жоғары сыныптарда жалғасын табады. Экологиялық сана-сезімді қалыптастырушы – мектеп, табиғатты қорғау сезімін және әрекеттерін тәрбиелеу және дамыту үшін 10 мен 14 жастың аралығы өте тиімді кезең [4].

Шағын жинақты мектептерде биология пәнінің оқу процесін ұйымдастыру барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «100 жаңа есім» жобасының қаһармандарының жетістіктерімен таныстыруды ұсынамыз (7-кесте).

7-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында негізгі орта білім беру деңгейінің «Биология» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру жолдары

Бөлім және тақырып	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұны
8-сынып. «Қозғалыс. Биофизика» бөлімі «Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі» тақырыбы	<p>МВіоніс компаниясының негізін салушы – Мәулен Бектұрғанов туралы деректер беруді ұсынамыз.</p> <p>Мәулен Бектұрғанов Қазақстандағы қолдың бірінші бионикалық протезін әзірлеген және жасаған. Аталған протез ІІІ топтағы мүгедектердің өмір сүру салтын жақсартуға арналған. Протез адам қолының қызметін неғұрлым дәл орындайды. Мәулен қазақстандықтарға шетелдерге шықпай-ақ толыққанды өмір сүрулеріне жағдай жасайтын ғылымдағы ерекше жаңалық жасады.</p> <p>2015 жылы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетіне есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша оқып жүріп, Мәулен бұлшық еттердің импульстерінің, басқаша айтқанда ойдың күші арқылы адамның техникамен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрылғыны бірінші рет көреді. Ол бұлшық еттердің импульсінің көмегімен басқаруға болатын, қолдың бионикалық протезін жасау туралы шешім қабылдайды.</p> <p>2017 жылдың сәуірінде Мәулен бионикалық протездің төртіншісін немесе жұмыс нұсқасын жасады, ол ойдағыдай</p>

	орнатылды және тәжірибе жүзінде тестілеуден сәтті өтті [29]
8-сынып. «Заттардың тасымалдануы» бөлімі «Жүрек-қан тамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау, т.б.» тақырыбы	Тұрқұлов Беркін Көшербаевич 2013 жылдан және бүгінгі күнге дейін туа біткен жүрек ақауы бар балалардың ашық жүрегіне 400 ота жасады және 800-ден аса отада ассистент болды. Ол жаңа туған сәбилердің жүрегінің қалтқысыз жұмыс істеуіне септігін тигізіп жүрген ең жас балалар кардиохирургі. Салмағы бір килограмнан аз уақытынан бұрын туған балалардың жүрегіне ашық оталар жасаған. Алматы қаласының перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында Ресейден, Италиядан, Кореядан, Швейцариядан келген әріптестерімен бірлескен оталар жүргізді. Ерте жастағы балаларға магистральдық тамырлардың транспозициясы, өкпе көктамырларының жаппай ауытқымалы дренажы, өкпе артериясының бітеулілігі, жүректің функционалдық жалғыз қарыншасы, жүректің рабдомиомасы, Фонтен операциясы, Росс операциясы, Росс-Кон операциясы және т.б. ота түрлерін жасауға қатысты. Беркін Тұрқұлов білікті дәрігер ғана емес, сонымен қатар ғылыми іс-әрекетпен де айналысады [29];
8-сынып. «Қозғалыс. Биофизика» бөлімі. «Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі» тақырыбы	Әлімханова Роза Сейтқалиқызы – медицина ғылымдарының докторы, профессор. 30 жылдан астам уақыт ерте жастағы балалардың тірек-қимыл аппараты патологиясын (майтабан, буын кемістіктері, ортан жіліктің сынуы) отасыз емдеумен айналысып келеді. Балалармен көп жылғы жұмыс істеуінің және туа бітті деформация мәселесін зерттеу нәтижесінде әлемде ұқсастығы жоқ емдеудің ғажайып әдісін ойлап тапты Қазақстандық зерттеушінің жұмысы әлемдік қоғамдастықтың назарынан тыс қалған жоқ. Роза Сейтқалиқызы Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымның Алтын медаліне лайық деп табылды. Оның осы саладағы жетістіктері мен жаңалықтарын Қытай және Еуропаның тәжірибелі дәрігерлері мен ғалымдары мойындады. Ол – 30-дан астам өнертабыстың, 120 ғылыми еңбектің, 5 оқу әдістемесінің және 6 монографияның авторы. Қазақстанның үздік өнертапқыш әйелі деп танылған Роза Әлімханова Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің түлегі. Аспирантура мен докторантураны Мәскеу қаласында бітірді. Біліктілігін Қытай мен Еуропада (Франция, Бельгия, Италия) арттырды [29].

«Биология» және «Информатика» пәндерінен кіріктірілген сабақ немесе сыныптан тыс іс-шаралар өткізу барысында «100 жаңа есім» жобасының келесі жеңімпаздары туралы деректер беруді ұсынамыз:

Алексей Башкирцев – Өскеменнен шыққан ғалым. Ол озық нанотехнология, отын-тасу энергетикасы туралы біздің ойды мүлде өзгертетін бірқатар жаңалықтар ашты. Ол 80-жылдардың соңында ұнтақтаудың өзіндік тәсілін жалғыз ойлап тапқан ғалым. Қорғаныс өндірісінің кәсіпорындарымен, СССР ғылым Академиясымен қызметтес болып, тантал мен техникалық кремнийдің наноұнтақтарын дайындау бойынша тапсырыстарын орындады. Оған дейін бүкіл Одақта бұл тапсырысты ешкім орындай алмаған екен. Осы

жұмысты ол ары қарай сәл өзгеше бағытта жалғастырады. Ғалым ойлап тапқан идеяның атауы – «фитомиллдер» атауы ойлап тапқан өнімінің мағынасын толық ашады: «фито» - өсімдік, ал «милл» - диірмен, ұнтақтау, яғни нанокұрылымға дейін ұнтақталған өсімдік ұнтақтарының ерекше түрі. Нәтижесінде бұрын-соңды болмаған құрылым пайда болды, енді адам ағзасы өзін-өзі емдеп шығуды бастауы үшін бір күнге бір шай қасық ұнтақ жеткілікті. Ғалымның өз сөзінше, нанотехнологиялар арқылы күшті сауықтыру әсеріне ие өсімдік ұнтақтарының ерекше формасы алынған. Оның алғаш шығарған биобутанол (автомобиль қозғалтқыштарында пайдаланылатын отынның түрі) қазіргі кезде сынақтардан сәтті өтті [29].

Жолдыбалинов Нұржан – IT маман, кітапханашы, ақпараттық жүйелер бойынша маркетинг-менеджер. Нұржан Нұрланұлы – 1986 жылы 17 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы Шар қаласында дүниеге келген. Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы басшысының ақпараттық ресурстар бойынша жетекшісінің орынбасары, Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхананы әзірлеуге қатысқан ең жас IT мамандардың бірі. «Кітапхана саласының үздігі» төсбелгісінің иегері. Қазіргі таңда Нұржан Нұржанұлы Қазақстандық ұлттық электронды кітапханасы бірыңғай технологиялық форматында Қазақстан кітапханаларының біртұтас каталогін «ҚазҰӘЖ бірыңғай автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі» жұмыс үстелін құрумен айналысуда. Мұның нәтижесі Бірыңғай онлайн-каталог, Бірыңғай электронды толықмәтінді мәліметтер базасы, құжаттарды электронды жеткізу, корпоративті виртуалды анықтама қызметі және басқалардың жасалуы болып табылады [29].

Тарихи сана ұлт мәдениетінің бастауында тұратын (ұлттың дүниетанымымен бірге пайда болатын) құндылық. Тарихи сана болмаса ұлттың тарихы, мәдениеті қалыптаспайды. Кез келген ұлттың тарихы мен мәдениетіндегі аға ұрпақтың болашақ туралы ой кешу үрдісі, жекелеген адамдардың (тұлға, зиялы адам) ұлттық мүддеге қызмет етудегі дәстүрі ұлттық сананың негізінде жүзеге асады. Ұлттық сана негізінде тарихи сана жатыр [40].

Тарихи сана – бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына көмектеседі [41].

Тарихи сана дегеніміз – әрбір ұлттың, халықтың дәстүрі мен мәдениетіндегі құндылықтардың, әр ұрпақ буынның мемлекетінің болашағы жолындағы рухани қызметтерінің тарихи мәнге ие болуы. Тарихи мәнге ие ұғымдарды, құндылықтар мен рухани қасиеттерді тарихи сана өнімі деп айтамыз.

Тарихи сана әрбір ұрпақ, жеке адам үшін оның рухани қалыптасуында қоғамына, өзіне дұрыс бағыт-бағдар беретін білім. Себебі, тарихи сана тарихты білу, ұлттың тарихын қалыптастырушы ұлт тұлғаларының тағылымын зерделеу, ұғыну арқылы келеді. Алаш зиялылары жазғандай, «өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын,

не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» [42].

Айналып келгенде, тарихи сана – этностық және жалпы мемлекеттік сананың негізі. Ұлттық ой-сана, этностың мыңдаған жылдық аңыз-әфсанасы, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтың тарихын білу арқылы ғана ерекшеленеді. Туған жердің, онда өмір сүріп отырған халықтардың, бір кездегі жасаған мемлекеттердің шежіресін білу тарихи сабақтастықты, тамыр тереңдігін, талай жылдардан бері іргелес қоныстанған халықтар тағдырының ортақтастығын білдіреді.

Тарихи сананы қалыптастыру – тарихи танымның дұрыс қалыптасуына тәуелді. Ал тарихты тану, қазіргі деректерді білу ғана емес, сол тарихи оқиғалар мен деректерді талдау арқылы ақиқатқа жету болып табылады [43].

Жаңартылған мазмұндағы Қазақстан тарихы оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту [41].

Шағын жинақты мектептердің білім алушыларының бойында тарихи сананы қалыптастыру, туған жерінің тарихын, аңыз-әңгімелерін білуге, оқуға деген құштарлығын арттыру мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», жобасының шеңберінде қасиетті нысандар тізіміне енген жерлердің, «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» жобасының тәрбиелік мәнін жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнына кіріктірудің үлгілерін (8-кесте) ұсынамыз.

8-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шағын жинақты мектептердің негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру жолдары

«Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі» бөлімі. 5-сынып	
«Ботай мәдениеті» тақырыбы	Ботай қорымы жылқы мен адам арасындағы байланыстың жұмбақ күйінде қалған тұстарын ашуға негіз қалады. Расында да, бұл тарихтағы таңғажайып жаңалықтардың бірі еді. Қазақ пен жылқыны бір-бірінен бөліп қарау еш мүмкін емес. Басқа халықтардай емес, қазақтың жылқыны аса қастер тұтатынының да астарында осы жайлар жатқанын аңғарамыз. Ботай біз үшін ежелгі адамдар қонысы ғана емес, төл тарихымыздағы сабақтастықты төрткүл дүниеге жарқыратып шығарған құнды ескерткіш те болып табылады.

	<p>Осыдан 5-6 мың жыл бұрын бабаларымыздың адамзат өркениетіне тұңғыш көлік құралы – жылқыны әкеліп, бұл түлікті қолға үйреткені шынымен таңқаларлық жағдай. Ендеше, қазақтың қиыр даласының бір төсінде жер-ананың бауырында тұмшаланған ежелгі адамдар қонысы – Ботай қорымы қазақ тарихына осылай даңғыл жол салды [4].</p>
<p>«Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері» тақырыбы</p>	<p>«Беғазы» Қарағанды облысы Ақтоғай селосынан 40 шақырымдай жерде орналасқан тарихи нысан еліміздің жалпыұлттық қасиетті орындары санатына енген. Сонымен қатар, ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне үміткерлер қатарына қосылды.</p> <p>Қола дәуірінің соңғы кезеңдерінде Орталық Қазақстан жерінде өркендеп, көршілес аумақтарға ықпал етіп, кеңінен тараған атақты Беғазы-Дәндібай мәдениеті белгілі болды. Дәндібай да жер атауы. Осы екі атау біріктіріліп, сол жердегі ежелгі өркениет қонысын «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» деп атайды тарих ғылымында.</p> <p>Бүгінде әлемге белгілі болған Беғазы қорымына шетелдік саяхатшылар да көптеп келуде. Жергілікті мамандардың айтуынша 2017 жылы ЕХРО-ға Голландия, Германия, Моңғолия мен Қытайдан келген туристер осы жаққа ат басын бұрып, аралап көріп қызықтап қайтқан.</p> <p>Беғазы жауға шапқан батыр қыз болған, таудың аты соның ерлігіне орай қойылған деген аңыз сақталған ел аузында [45].</p>
<p>«Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер» тақырыбы.</p>	<p>Таңбалы (Тамғалы) археологиялық кешені – бұл ежелгі шығармашалық көрме, оның суреттерінде адамдар мен жануарлар, ежелгі адамдардың өмір қалпы суреттелген.</p> <p>Тамғалы шатқалы Алматы қаласынан солтүстік-батысына қарай 170 км, Алматы облысының Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.</p> <p>Қазақстан тарихында із қалдырған көптеген халықтар үшін Тамғалы шатқалы әулие жер деп саналып, салттық рәсімдер жүргізілді, құдайға табыну, ата-баба рухына тағзым жасалды. Ашық аспан астындағы күн мен ай кезек тамашалайтын табиғи музей сияқты [46].</p>
<p>«Сақтар» бөлімі</p>	
<p>«Берел қорғандары»</p>	<p>Қазақстандағы сақ дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш. Қорым б.з.б. V-IV ғасырларда салынған. Берел қорымы Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма өзенінің оң жағалауында Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7 шақырым жерде, таулы аңғарда орналасқан. Қорымның құрамында 30-дан астам оба бар.</p> <p>Обалардың бірінен қалың тақтайдан текшелеп, үсті бөренелер мен бірнеше қабат тоз және бұтамен кезектесіп жабылған там</p>

	табылған. Оның ішінде апалы-інілі – 35-40 жастар шамасындағы ер адам мен 50 жастағы әйел мүрдeleri табылған. Олардың аса бай салтанатпен безендірілген киімдері көгілдір ақық моншақтармен, жұқа алтын әшекейлермен сәнделген. Қастарына небір әсем тұрмыстық заттар қойылып, 13 мініс сәйгүлігі жерленген. Ең ғажабы, ұзақ сақталатын арнайы өңдеуден өткізіліп, мәңгілік тоңның астына қойылғандықтан, жылқылардың сүйегі мен жүні ғана емес, етіне дейін сақталған, бұл сол кездердің өзінде-ақ ата-бабамыздың ет сақтау технологиясын меңгергендігінің дәлелі болып табылады [47].
б-сынып	
«X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан» бөлімі	
«Қарахан мемлекеті» тақырыбы	Қазақстанда 11 ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ша-Махмуд Бұғра Қарахан қабірінің басына орнатылған [21]. Әулие Қарахан өз заманында аса данышпан, күдіретті патша болған. Сол кездегі атақ-абыройы дүниені дүр сілкіндіріп тұрған дейді. Шексіз байлығына қарамастан, қарапайым өмірді місе тұтқан. Аң патшасы арыстанның өзін бағындырып, айтқанын орындатқан. Тіпті, арыстанды атша ерттеп, жол-жотада жорғалап жүрген деседі [48]. http://kk.kz-sacred-places.uni3dlabs.ru/catalog/historical-and-cultural-complex-of-abai-zhidebay-bo-riley/
«XIII-XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» бөлімі	
«Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы» тақырыбы	Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау мақсатын жүзеге асыру барысында Отырар қалашығымен таныстырып өту. Отырар ортағасырлық ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби туған аймақ астанасы ретінде кеңінен танымал. Отырар орнында елді мекеннің пайда болуы біздің дәуіріміздің бірінші ғасырларына сәйкес келеді. Алғаш рет «Отырар» және «Фараб» атаулары жазба деректерде б.д. IX ғ. кездеседі. X-XII ғғ. кезеңі, моңғол шапқыншылығы тамырын шапқан қалалық өмірдің гүлдену кезеңі болды. 1219 жылы Отырар Шыңғысхан әскерінің соққыларынан құлады. Алайда, Отырар қайта түлеп, XIII ғасырдың ортасында Батыс пен шығыс арасындағы жолда ірі сауда орталығына айналды. 1405 жылы Отырар сарайларының бірінде Темірлан қайтыс болады. Отырардағы өмір XVIII ғасырға дейін жалғасты. Қала жұрттың жалпы сипаты Қазақстан мен Орта Азиядағы ортағасырлық ескерткіштердің көпшілігінің сипатына тән [49].
«Моғолстан.	«Хан моласы» – Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданындағы

Әбілқайыр хандығы» тақырыбы	<p>Толыбай елді мекенінен 90 шақырым қашықтықта орналасқан көне қорым.</p> <p>Ал Әбілқайыр хан сүйегінің осы қорымда жатқанын ел аузындағы деректер ғана емес, орыс зерттеушілерінен қалған жазба деректер де растайды. И. Крафт 1898 жылы «Хан моласының» Торғайдан 80 шақырым жерде екенін, хан қабірінің басында өсіп тұрған ағаш барын жазып қалдырған, сондай-ақ қазақтардың ол жерді қасиетті орын санайтынын да атап көрсеткен.</p> <p>Кешен Әбілқайыр хан кесенесі мен үш бөлікті алып ескерткіштен тұрады. Ескерткіштің биіктігі – 23 метр. Әр бөліктің астыңғы жағында «Әбілқайыр хан» деген жазу бар және Ұлы Даланы жайлаған барлық қазақ руларының таңбалары салынған [50].</p>
«Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаяуы» тақырыбы	<p>Есім хан кесенесі – ХҮІІ ғасырдан сақталған архитектуралық ескерткіш. Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің батыс мұнарасынан оңтүстікке қарай 12 м жерде орналасқан. Кесене Қазақ хандығының ханы Есім ханның қабірінің басына тұрғызылған. Кесене күйдірілген кірпіштен төртбұрышты (9x9 м) етіліп өрілген. Негізгі қасбеті портал түрінде болып келеді. Қасбеттері жылтыр қалақтаспен геометриялық ою-өрнектер түрінде әшекейленген. Оңтүстік-шығыс жағында кесенеге кіретін есік бар. Сақталған қабырғасының енінің 1,2 м болуы да биік күмбезді көтеруге шыдайтындығын көрсетеді. Еденіне төртбұрышты күйдірілген кірпіш төселген. Кесененің сақталған бөлігі 2000 жылы қайта жөнделді [51].</p>
«Қазақ хандығының ХҮІ - ХҮІІ ғасырлардағы дамуы» бөлімі	
«Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы» тақырыбы.	<p>Қояндытау мен Қатутау арасындағы Орбұлақ шатқалы (қазіргі Алматы облысы) Орбұлақ шайқасы болған киелі орынға, Жоңғар Алатауының ең биік шыңында белгітас қойылды.</p> <p>Қазақстандық тарихшы Виль Галиевтың «Жәңгір хан және Орбұлақ шайқасы» кітабында: «Орбұлақ шайқасы Жетісу Алатауының батыс бөлігіндегі Сатылы тауынан басталатын Кескентерек өзенінің оң жақ саласы Орбұлақта (Тасбұлақ) болды», – деп көрсетілген.</p> <p>Халық тағдыры таразыға түскенде жауынгерлердің аузынан «қарақұрым жауға шамамыз келмейді» деген сөз шыққан жоқ. Бабалар намысы батырлыққа бастады. Ол үшін ар тазалығы мен жүрек керек. Ұлы шайқастар қашан да ұлы оқиғаларды тудырады. Ендеше, Орбұлақ өнегесі – қастерлі өнеге [52].</p>
7-сынып	
«Қазақ-жоңғар соғыстары» бөлімі	
«Қазақ-жоңғар шайқастары»	«Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар» санатындағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен батырлардың

тақырыбы	<p>кесенелері: Қапал батыр, Қарасай және Ағынтай батырлар, Есет Көкіұлы, Шанышқылы Бердіқожа, Қабанбай батыр, Барақ Қарабалуанұлы, Малайсары Тоқтауылұлы, Райымбек батыр, Наурызбай Құттымбетұлы, Олжабай Төлебайұлы, Жидебай Қожаназарұлы, Құдайберді Құлсары, Баян батыр, Жасыбай Өмірұлы, Байғозы Наймантайұлы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы – Алматы облысы, Ескелді ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы. Ақтөбе облысы, Алға ауданы. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Ақмола облысы, Целиноград ауданы. Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы. Алматы облысы, Кербұлақ ауданы Алматы қаласы. Алматы облысы, Сарқанд ауданы. Ақмола облысы, Ерейментау ауданы. Қарағанды облысы, Шет ауданы. Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы. Қарағанды облысы, Шет ауданы. Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы (сабақтан тыс іс-шара ұйымдастыру)</p>
«Қазақ-жоңғар шайқастары» тақырыбы	<p>Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданындағы Ордасабасы тауында әр қыры Қазақстанның әр шетіне бағытталған «Бірлік» монументі. Стеланың әр қырында үш ұлы бидің айтқан сөздері жазылған тақтайшалар бар. Бұл жер қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани көрікті жері ретінде белгілі тиіс. Ордабасы тауы – қазақ елі үшін береке-бірліктің бастауы іспетті. Бұл тауға зиярат етушілер Жаратушы Құдіреттен: «Еліме, жұртыма, әулетіме, отбасыма береке-бірлік бер, заманымыз тыныш болсын, өміріміз бейбіт болсын», – деген тілек тілеп барады. https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/ordabasi_tauindagi_birlik_monumenti</p>
«Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы» тақырыбы.	<p>Аңырақай шайқасы болған жер Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген үш жүз жасақтары 1728 жылы шешуші шайқас алдында Хантауында, Сұңқар тауында (кейін бұл жер Әбілқайыр тауы аталды) жиналды. Шайқас солтүстігі Балқаш, оңтүстігі Отар даласы, батысы Шу, шығысы Күртіге дейінгі аралықтағы жерлерде өткендігін осы өңірлерде жиі кездесетін қазақ, қалмақ қорымдары дәлелдейді. Аңырақай аталатын да осы өңір. Бұл шайқаста (40—45 күн) қазақтар ірі жеңіске жеткен. https://el.kz/kz/news/archive/аңырақай-шайқасы</p>
«XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы» бөлімі	
«Қазақ хандығының	Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданындағы – Хан моласы мемориалдық кешені (Әбілқайыр хан, XVIII ғ.).

Ресей империясына қосылуының басталауы» тақырыбы	https://go.mail.ru/search?qХан +моласы+Ақтөбе облысы
«Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты» тақырыбы	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласындағы – Абылай хан резиденция кешені; Ақмола облысы Бурабай ауданындағы – Абылай хан алаңы. Экспозицияның негізі — XVIII ғасырдағы Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері — Абылай ханның өмірі мен іс-әрекеттері жөнінде. Комплекстің экспозициясы өз көрермендерін Абылай ханның өміріндегі негізгі жағдайлармен таныстырады және әр көрерменді Отанға деген патриоттық сезімге тәрбиелейді [53].
«Отарлау және ұлт-азаттық күрес» бөлімі	
«1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі» тақырыбы	<p>Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру мақсатын жүзеге асыру барысында Атырау қаласының оң жағалауында орналасқан Махамбет Өтемісұлының кесенесімен таныстыру. Мемориалды кешен қаланың екі діни орталығы – «Иман» жаңа мешіті және Успен шіркеуімен бірге бір құрылыс жиынтығын құрайды. Монументтің қозғалатын жағында «Қорған» сферасы ескеріліп, «Қорғанның» кесілген жерінде «Еділ-Жайық» бедері орналасып, халықтың Исатай мен Махамбеттің бірлігін білдіреді.</p> <p>Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы – Бөкей Ордасы тарихи кешені. «Бөкей Ордасы» тарихи музей кешені облыс орталығынан 550 шақырымдай жерде Орда ауылында орналасқан. Бөкей ордасы тарихи музей кешені 1962 жылы 15 желтоқсанда Қазан төңкерісінің 45 жылдығына орай қоғамдық негізде ашылған Орда тарихи-революциялық музейінен бастау алады. Қазіргі таңда «Бөкей Ордасы» тарихи музей кешені құрамына Хан сарайы, XIX ғасырда салынған дәрігер А.А.Сергачев тұрған үй, 1835 жылғы Хан мешітінің жобасы негізінде қайта салынған мешіт ғимараты, Казначейство мекемесінің ғимараты, Тарғын мектебі, Қыздар училищесі ғимараты, мектеп қалашығының бес үйі, 1852 жылы ашылған аурухананың екі ғимараты және ауылдан төрт шақырым жерде орналасқан Хан Жәңгір, Дәулеткерей күйші, ғалым М.С.Бабажанов кесенелері кіреді [54]. http://kk.kz-sacred-places.uni3dlabs.ru/catalog/historical-and-cultural-complex-of-abai-zhidebay-bo-riley/</p>
«Кенесары Қасымұлы	Кенесары хан үңгірі Бурабай көлінен оңтүстік-батысқа қарай 0,5 км жерде, Ақмола облысының Бурабай ауданында

бастаған ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбы	орналасқан. Үңгір Көкшетау қыратының гранитті сілемінің үгілуінен пайда болған және ол аласа шоқының үстінде жатыр. Үңгірге кіре берістегі қуыстың биіктігі 3 м-дей. Ол екі бөліктен тұрады. Оларды бір-бірімен тар қуыс жалғастырады. Екінші бөліктен сыртқа шығатын ауыз бар [55].
«XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті» бөлімі	
Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы.	Алматы облысы Кербұлақ ауданы – Алтынемелдегі Шоқан Уәлихановтың мемориалдық кешені; Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы – Сырымбет мекені. 1985 ж. Алтынемел баурайында (Кербұлақ ауданы) ұлы ғалымның туғанына 150 жыл толу құрметіне ашылды. Мемориалдық кешен ғалымның бейітіне қойылған құлпытастан, ескерткіштен, музейден, қонақүйден және хауызды алаңнан тұрады. Ансамбльдің басты ғимараты – Ш.Уәлихановтың ғылыми-шығармашылық мұрасын бейнелейтін музей үйі. Музей үйінің сыртқы пішіні қазақ халқының мемориалды архитекторның дәстүрінен («төрт құлақ») туындаса, ішкі кеңістігі киіз үйді, жолаушының шатырын елестетеді. 30 орындық кинозал мен келушілерге қызмет көрсететін жайлар бөлек орналасқан. Уәлихановтың мемориалдық кешеніне Алматы-Шеңгелді-Қоянкөз-Матай-Жаркент және Семей-Аякөз-Қапал-Алтынемел маршруты бойынша сапар шегуге болады [56].
Ы. Алтынсарин – жаңашыл педагог.	Қостанай облысы Қостанай ауданы – Ыбырай Алтынсарин кесенесі http://visitkostanay.kz/kz/place/233-ybyray-altynsarin-kesenesi Қазақтың кемеңгер ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің кесенесі Қостанай қаласынан жеті шақырым жерде, Тобыл өзенінің бір иінінде тұр. Кешенге кіреберісте ағартушы ашқан мектептердің картасы көрсетілген, мектептер тізімі ойып жазылған мәрмәр тақта бар, осы жерде тек Ыбырайдың бейіті ғана емес, атасы Балғожа, әкесі Алтынсары жатқан үлкен қорымның болғаны жөніндегі ақпарат жазылған қара гранит тас оның халқымыздың қасиетті орнының бірі екендігін айғақтай түседі [57]. https://egemen.kz/article/159269-ybyray-altynsarinninh-memorialdyq-kesheni-dganhartyldy
Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл.	Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы – Абайдың «Жибедай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені. http://kk.kz-sacred-places.uni3dlabs.ru/catalog/historical-and-cultural-complex-of-abai-zhidebay-bo-riley/
8-сынып	
«Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде» бөлімі	
«Қазақстанда	Ақмола облысы Целиноград ауданының орталығы Ақмол

ғы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру» тақырыбы	<p>ауылындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды кешені» 1937-ші жылы ІХК-ның арнайы бұйрығымен салынған.</p> <p>Алжир лагері 30 мың гектар жерді алып жатқан. Оның Қарағанды, Ақмола өңірінде бірнеше бөлімшелері болған. Алжир тұтқындары егін екті, мал бақты, құрылыс жұмыстарымен айналысты.</p> <p>Лагерде қазақ зиялы азаматтары С. Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, Т.Рысқұловтың, С.Мендешовтың, Т.Жүргеновтың, С.Асфендияровтың т.б. әйелдері азап шекті.</p>
--	---

8-сыныпта «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» бөлімінің «Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы» тақырыбын оқу және 8.3.2.1 - қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау мақсатын жүзеге асыру барысында жергілікті жердің Ұлы Отан соғысына қатысқан азаматтары, яғни білім алушылардың аталары-бабалары туралы деректерді, жерлес ақын-жазушылардың шығармаларын қолдануды ұсынамыз. Мысалы, Атырау облысының білім алушылары үшін Махамбет ауданы Бесікті ауылында дүниеге келген тарих ғылымдарының докторы, 1418 күн мен түнге созылған соғыс шежіресін мұрағат негізінде қағазға түсірген ғалым-ұстаз, журналист – Табылдиев Хикмет Бозанұлының «Атырау облысы отты жылдарда» (1941 – 1945 жж.) (Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толуына орай тарихы мен жылнама шежіресі. Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасы, 224 бет) атты кітабының, «Боздақтар», «Жеңісті жақындатқан боздақтар» жинақтарын қолдануды ұсынамыз. Яғни, мұғалім Ұлы Отан соғысына қатысқан ата-бабалар туралы ғана емес, сонымен қатар саналы ғұмырын ғылымға, соның ішінде қазақ тарихын зерттеуге арнаған жерлестерінің шығармашылығымен таныстыру арқылы білім алушыларды тіған өлкенің тарихын білуге жетелейді.

Жергілікті жердің, туған өлкенің Ұлы Отан соғысына қатысқан азаматтарымен байланысты осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Келесі кестеде (9-кесте) «Қазақ әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» пәндеріне ортақ тақырыптарды ұсынамыз, яғни қысқа мерзімді жоспар құрастыру барысында мұғалімдер бұл тақырыптарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасын кіріктіру бойынша ортақ шешім қабылдаулары тиіс.

9-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақ әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» пәндеріне ортақ тақырыптары

«Қазақ әдебиеті» (5, 6-сынып), «Қазақстан тарихы» (7-сынып)	
«Тәрбиенің қайнар бұлағы» (5-сынып)	Қазақтың кемеңгер ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің кесенесі Қостанай қаласынан жеті шақырым жерде, Тобыл өзенінің бір иінінде тұр.
«Б. Алтынсарин	Кешенге кіреберісте ағартушы ашқан мектептердің картасы

<p>– жаңашыл-педагог» тақырыбы</p>	<p>көрсетілген, мектептер тізімі ойып жазылған мәрмәр тақта бар, осы жерде тек Ыбырайдың бейіті ғана емес, атасы Балғожа, әкесі Алтынсары жатқан үлкен қорымның болғаны жөніндегі ақпарат жазылған қара гранит тас оның халқымыздың қасиетті орнының бірі екендігін айғақтай түседі [57].</p>
<p>«Абайды оқы, таңырқа!» (6-сынып)</p>	<p>Дала кеңістігінде жолаушы көзіне ақшаңқан қос күмбез көрінісі шалынады. Биікке, көгілдір аспанның шыңырау көгіне ұмтылған бұл күмбездер адам рухының өршіл күш қуатын көрсеткендей. Абай-Шәкәрім мавзолейі Жидебай жерінде орналасқан.</p>
<p>«XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы» тақырыбы</p>	<p>Бүгінде Жидебай – әдеби Меккеге айналған, үлкен тағзым етер орын.</p> <p>Сәулетші өз идеясында, тұтас кесене Сарыарқаның кең даласының төсінде поэзия айдыныда баяу жүзіп бара жатқан Абай мен Шәкәрімнің қос желкенді кемесі сынды болып көрінуі керек деген шешімге келген болатын. Бұл кесененің кеме сияқты жақсы көрініс беретіні, күн қатты ысыған кезде далада сағым көтеріледі. Көрген адамға осы сағымда алыстан теңіз толқығандай болып тұрған заматта, Абай-Шәкәрім кесенесі сол сағым-теңіздің үстінде үлкен бір ой құшағында қалықтап тұрған, ойдың алып кемесі сияқты әсер етеді [58].</p> <p>http://kray.pushkinlibrary.kz/kz/altaj-a-yzdary/9-uncategorised/2072-abaj-sh-k-rim-memorialdy-kesheni.html</p> <p>Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесі зиратхана және көрхана атты екі бөліктен тұрады. Көрханада әулие бабамыз жатыр, сондай-ақ сандықтасы, құлпытасы қойылып, шамшырағы орнатылған.</p> <p>Мәшһүр Жүсіп атамыздың кесенесінің асты –ғұламаның мәңгілік мекені. Екінші қабатында жиһаз-мүлік және кітапханасы орныққан [59].</p> <p>https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/mashhur_zhusip_kop_eev_kesenesi</p>
<p>«Қазақ әдебиеті» оқу пәні. 7-сынып</p>	
<p>«Толғауы тоқсан қызыл тіл» бөлімі</p>	<p>Ж.Жабаев мұражайы Алматы облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылында ұлы ақынның тұрған үйінде ұйымдастырылған. Ақынның көзі тірісінде егілген алма мен алмұрт бағының арасында 1946 жылы салынған кесене тұр. Кесененің дәл ортасына ұлы жыршыға құлпытас қойылған. 1996 жылы кесененің сол жақ босағасына ақынның киесі – қызыл шұбар жолбарыс мүсіні орнатылды.</p> <p>Мұражай бөлмелері Жамбыл өмір сүрген кезіндегі қалпында сақталған. Он екі бөлмедегі тарихи жәдігерлердің әрқайсысы – ақын өмірінің тікелей куәгері болып табылады. Жамбыл</p>

	кесенесінің жанында қазақтың біртуар композиторы, дирижері, ұлы ақынның інісі Нұрғиса Тілендиевтің бейіті мен ескерткіш-құлпытасы бар. Бір ғасыр өмір кешкен ұлы таланттың туып-өскен мекені – қазақстандықтардың зиярат ететін қасиетті орындарының бірі.
«Қазақстан тарихы». 8-сынып	
«Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде» бөлімі. «Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру» тақырыбы.	Ақмола облысы Целиноград ауданының орталығы Ақмол ауылындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды кешені» 1937-ші жылы ПХК-ның арнайы бұйрығымен салынған. Алжир лагері 30 мың гектар жерді алып жатқан. Оның Қарағанды, Ақмола өңірінде бірнеше бөлімшелері болған. Алжир тұтқындары егін екті, мал бақты, құрылыс жұмыстарымен айналысты. Лагерьде қазақ зиялы азаматтары С. Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, Т.Рысқұловтың, С.Мендешовтың, Т.Жүргеновтың, С.Асфендияровтың т.б. әйелдері азап шекті.
«Қазақ әдебиеті» (5-сынып), «Қазақстан тарихы» (8-сынып) оқу пәндері	
«Адамгершілік - асыл қасиет» бөлімі	Ахмет Байтұрсынұлының Алматы қаласындағы мұражай үйі 1993 жылы ұйымдастырылған. Бұл музейдің ашылуының ерекше тарихы бар. 1988 жылы 4 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы соты 51 жыл «халық жауы» деп қара күйе жағылып келген Ахмет Байтұрсынұлының іс-қимылынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан тергеу барысы тоқтатылсын деген шешім шығарып, тарихи тұлғаның есімі ресми түрде ақталды.
«Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым» бөлімі. «Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы» тақырыбы.	Музей үйі 1,5 қабатты, төрт бөлме және бір бөлмелі жертөледен тұрады. Үшеуі – көрме залы, бір бөлме – ахметтану дәрісханасы. Жертөле – музей мен қоғамдық қор қызметкерлерінің кеңсесі. Музей үйдің қорында ғалым өмірі мен шығармашылығына қатысты 500-ге жуық деректі ресми құжаттар, 300-і мемлекеттік мұрағаттан алынған телнұсқалық құжаттар, 12 жеке суреті, 27 ұжымдық деректі суреттер бар [60]. https://e-history.kz/kz/publications/view/741
«Қазақ әдебиеті» оқу пәні. 8-сынып	
«Дананың сөзі – ақылдың көзі» бөлімі	Сәулет өнерінің айрықша үлгісі «Қорқыт ата» мемориалдық кешені Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы ауылынан 18 шақырым жерде Қорқыт разъезінің түбіне 1980 жылы салынған. Қобыздың үні сарнаған баба кесенесі рухани дүниенің есігі іспетті Қорқыт ата кесенесі адамзатқа күйбең тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салып

	<p>тұрғандай. Қорқыттың мәңгілік өмір дегені де қайталанбас уақытты қадірлеп, келешекке өнер, руханият арқылы өшпес із қалдыру болса керекті [61].</p> <p>Ахмет Ясауи кесене-кешені – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші.</p> <p>Кесене-кешен Үлкен қылуат (жер асты мешіті, XII ғ.), Сегіз қырлы кесене (XIV-XVI ғғ.), Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғ.), Шығыс моншасы (XVI-XVII ғ.), Есімхан кесенесі, Жұма мешіті т.б. археологиялық, тарихи, сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды.</p> <p>Қожа Ахмет Ясауи кесенесі талай ғасырдан бері мұсылманшылықтың алтын бесігі болып келеді. Оны бүкіл қазақ жұрты, түркі әлемі ерекше қасиет тұтады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі әлемінің рухани орталығы [62].</p> <p>https://kk.wikipedia.org/wiki/Қожа_Ахмет_Ясауи_кесенесі</p>
«Махаббат және абырой» бөлімі	<p>Міржақып Дулатов кесенесі туған жері – Торғай уезі Сарақопа болысының үшінші ауылы, қазіргі Қостанай облысының Жангелді ауданына қарасты Қызбел ауылында орналасқан.</p> <p>Мұражай мен кесененің арақашықтығы – 70-80 метр. Мемориалды мұражайда ақынның қызы тапсырған суреттер, жол сөмкесі, күміспен қапталған белбеу, т.б. заттар бар.</p> <p>Міржақыптың басына зиярат етушілер шетелдерден арнайы келіп жатады. Олар кесене маңындағы мұражайға соқпай кетпейді [63].</p> <p>http://zhangeldy.kostanay.gov.kz/kz/o-rayone/dostoprимichatelnosti/mavzoley-mirzhakypa-dulatova/</p>

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының және қазіргі педагогиканың маңызды мақсаты – өскелең ұрпаққа тәрбие және білім беру ісінде озық тәжірибелерді сақтап қалу және одан әрі жетілдіру болып табылады. Ұлттық ерекшеліктер мен ұлттардың әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, мәдениетін, нақты аймақтың өнерін, қолөнерін оқу және таныстыру оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді, өз елінің патриоты болуға тәрбиелейді [65].

Балаларға музыкалық тәрбие беру тұжырымдамасында, біздің қоғамның жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайында тұлғаның мәдениетінің өздігінен даму элементі ретінде, музыкалық білімнің рөлі артып отырғандығы айтылған. Музыкалық білім балалардың өнердегі құбылыстарды сезіну, түсіну, сүйю, бағалау қабілеттерінің даму процесін жүзеге асыруға бағытталған. Біздің қоғамның рухани дамуының қазіргі кезеңі елдің тарихына, оның мәдениетіне сонымен қатар музыкасына қызығушылықпен сипатталады. Жергілікті жердің музыкалық-тарихи материалдарын зерттеу Қазақстанның және өлкенің

музыкалық өмірінің дамуы туралы толық және нақты түсінікті қалыптастыруға көмектеседі.

Мектептегі музыкалық өлкетану – мектеп өлкетануының бір саласы екендігін айта кеткен дұрыс, ол жеке пән болып саналмайды, жергілікті жердің регионалдық сипаттағы музыкалық материалдарын қолдану арқылы білім беруді және тәрбиелеуді жүзеге асырады. Сол себепті, білім беру үрдісіне музыкалық өлкетану материалдарын кіргізу білім беру мен тәрбиелеудің жалпы міндеттерін шешуге жағдай жасайды. Өлкетану принципі «...елдің және әлемнің жалпы мәдениетінің музыка мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын, өлкенің музыкалық мәдениеті материалдарын бағдарламаға байланысты, оқу процесінде қолдану».

Музыкалық өлкетанудың негізгі принциптері:

а) жергілікті музыка материалдарын үнемі қолдану педагогикалық қажеттілік;

б) музыкалық өлкетану және музыканы білудің өзара байланысы;

в) өлкенің тәжірибелік мәдени өмірімен байланыс;

г) өлкенің музыкалық мәдениетінің даму ерекшеліктерімен танысу.

Өлкетану ел мәдениетінің сақталуы мен қайта жаңғыруының нақты құралы болып саналады. Мектепте музыкалық өлкетану материалдарын қолданудың педагогикалық үлкен маңызы бар, өйткені ол мектеп оқушыларының музыкалық-эстетикалық мәдениетін және тұлғалық, адамгершілік-патриоттық тәрбиені қалыптастыру құралы болып табылады. Музыкалық өлкетану уақыт, ұрпақтар арасындағы байланысты және өлкенің музыкалық мәдениетінің дамуындағы сабақтастықты жалғастырушы [64].

Педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты, сонымен бірге білім алушыларды жалпы өлкетану білімінің аясында өлкенің тарихымен, оның музыкалық мәдениетімен таныстыру, музыка қайраткерлерінің өмірімен байланысты тарихи нысандарды көрсету. Мұның бәрі өлкедегі музыкалық-тарихи өзгерістерді меңгеруге жағдай жасайды. Білім алушылардың туған өлкенің музыкалық мәдениетінің даму тарихымен танысуына, белгілі сазгерлердің, әншілердің, ақын-жыраулардың өмірімен, шығармашылығымен танысуларына мүмкіндік береді.

«Музыка» оқу пәніне өлкетану материалдарын енгізу, оқытудың жаңа тәсілдерін іздестіруді талап етеді. Осыған байланысты, музыка пәнінің мұғалімдерінің алдында жаңа міндеттер пайда болады:

- оқу үрдісін ұйымдастыруға қажетті теориялық және дидактикалық материалдарды жинақтау мен жүйелеу;

- оқуға қажетті музыкалық регионалдық материалдарды іріктеу;

- әр оқу мекемесінің мүмкіндігіне байланысты бейімделген, оқу бағдарламаларын әзірлеу [65].

Білім алушының жеке тәжірибесі негізінде музыка өнерінің табиғатын танып білу мен үздік шығармаларды қабылдауы арасында өзара байланыс орнату осы «Музыка» пәнінің маңызды принциптерінің бірі болып саналады.

Қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту – пәнді оқытудың мақсаты болып табылады [66].

Музыканың жалпы адамзатқа қажетті құбылыс, оның адам өміріндегі ролі мен маңыздылығы туралы түсінік беруде, музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау, зерттеу дағдыларын қалыптастыруда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясындағы жобаларды қолданудың үлгілерін ұсынамыз (10-кесте).

10-кесте – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шағын жинақты мектептердің 5-ші және 6-сыныптарында «Музыка» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру жолдары

«Қазақ халқының музыкалық мұрасы» бөлімі	
«Айтыс өнері» тақырыбында Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары санатына енген	Қазақтың ән атасы атанған әнші, ұлы композитор, суырып-салма айтыс өнерінің аты аңызға айналған шебері – Біржан сал Қожағұлұлына арналған кешен ақын-лириктің туған жері Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы Степняк қаласында орналасқан. Оның суырып-салма айтыскерлігіне келсек, «Біржан мен Сараның айтысы» – бұл дәстүрлі ұлттық өнеріміздің классикалық үлгісіне айналған теңдесі жоқ алтын мұра. 1946 жылы композитор Мұқан Төлебаев осы айтысқа негіздеп, Біржан мен Сара операсын жазды [67]. http://zhangeldy.kostanay.gov.kz/kz/o-rayone/dostoprimitelnoy-mavzoley-mirzhakypa-dulatova/
«Күй құдыреті» тақырыбында «Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар» санатына енген	Тәттімбет Қазанғапұлы 1815 жылы қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туып, 1862 ж. қайтыс боған. Күйші-композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық күй өнерінің классигі [68]. https://kk.wikipedia.org/wiki/Тәттімбет_Қазанғапұлы Дәулеткерей Шығайұлы (1820-1887) қазіргі Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданында дүниеге келген, күйші-композитор, күй өнеріндегі лирикалық бағыттың негізін салушы [70]. https://kk.wikipedia.org/wiki/Дәулеткерей_Шығайұлы Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы – Қорқыт ата мемориалды кешені. Қорқыт ата мемориалдық кешені Қызылорда облысының Жосалы кентінің жанындағы «Қорқыт» темір жолының аумағында 1980 жылы. Кешеннің бұл

	<p>жерде салыну себебі: Сырдария өзенінің жағалауында танымал түрік жыршы-ақыны және композиторы Қорқыт дүниеге келген.</p> <p>Ескерткіш темірбетоннан салынған тік тұрған төрт стелалардан тұрады, олардың биіктігі 8 метрге жетеді. Құрылымның қызықты ерекшелігі – әр стеланың әлемнің барлық жағына бағытталғаны. Стелалардың жоғарғы бөлігінде, кеңейтіліп бара жатқан жерде, 40 құбырдан тұратын металл орган орналастырылған. Бұл акустикалық эффект үшін жасалған, яғни желдің кішкене есуінен орган қобыз ойнауының дыбыстарына ұқсас әуен пайда болады. Ескерткіштің ішінде орталық осьтік символды қаптайтын арка бар, сондай-ақ қазақ тілінде «түйенің ізі» деген мағынаны білдіретін «түйе табан» ою-өрнегі әшекей орнында. Ол Қорқыт атаға тиесілі болған, аңыздарда айтылған, сиқырлы түйені бейнелейді [70].</p> <p>https://kazakhstan.travel/tourist-spot/kk/98/</p>
«Классикалық музыканың үздік туындылары» бөлімі	
«Опера өнері» тақырыбы	М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» опералары тыңдау және операларға негіз болған кейіпкерлер туралы мағлұмат беру

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шағын жинақты мектептерде «Музыка» оқу пәнінен оқу процесін ұйымдастыру барысында 5-сыныптағы «Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі» және 6-сыныптағы «Заманауи музыка мәдениеті» бөлімдерін кіріктіріп оқытуды және «100 жаңа есім» жобасы аясында физикалық, зияткерлік, кәсіби мүмкіндіктерді көрсететін қазақстандықтардың жетістіктері мен көпшілікке танылу тарихы туралы айтуды ұсынамыз. Мысалы:

- операциядан кейін, орта мектептің және музыка мектебінің үздік оқушысы көру қабілетінен айырылғанына қарамастан музыкамен айналысуды да, жалпы білім беретін мектепте оқуды да жалғастыра берген, 12 жасында өзінің алғашқы музыкалық концертін берген, 15 жасында алғашқы музыкалық шығармаларын жазған – Калыкова Саида Тұрарбековна Астана қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясының солисі, Қазақстан Республикасының мәдениетін дамытудағы үлесі үшін «Жан шуақ» сыйлығының иегері, пианист-композитор, музыка Академигі [29];

- шығармашылық жолды бастағаннан, «ең жас» ұғымының, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері ең жас, жас композитор, пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты, 100-ден аса музыкалық шығармалардың авторы – Абдысагин Рахат-Би Төлегенұлы;

Шығармашылық жолды бастағаннан бастап, «ең жас» ұғымы Рахат-Бимен бірге келеді. Ол – «Дарын» мемлекеттік сыйлығының ең жас иегері.

Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы 17 жасында ТМД парламентаралық Ассамблеясының «Мәдениет пен өнерді дамытудағы ерен еңбегі үшін» құрмет белгісімен марапатталған ең жас және жалғыз мәдениет қайраткері. Ол – Бах, Моцарт, Гайднадан бастап, қазіргі классиктерге дейінгі әлемдік классикалық шедеврлерді жинайтын Оңтүстік Иллинойса университетінің (АҚШ) «Discography» оркестрімен фортепианоға арналған туындыларды орындайтын әлемдік қордың қоржынына туындылары енген Тәуелсіз Қазақстандағы ең жас әрі жалғыз композитор. Ол – заманауи музыкаларды орындаушылар мен композиторлардың халықаралық академиясының ең жас қатысушысы: Impuls (Грац, 2013, 2015, 2017), ISA (Мюрццушлаг, 2015), KlangZeitMünster (Мюнстер, 2016), ең жас лектор ICTM 2015 [29];

- өзінің іс-әрекетімен сенім арқылы алдына қойған мақсаттарына жету керектігін дәлелдеп жүрген, қазақ тілінде жетік сөйлеп қана қоймай, домбырада керемет ойнайтын қазақстандық жас домбырашы-әнші – Алексей Лодочников. «Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат – музыкалық колледж» кешені» мемлекеттік мекемесінің «Домбырамен халық әндерін орындау» бөліміне оқыды [29].

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген Абай. Абай атамыз табиғаттың бір өліп, қайта түлейтінін, жанданатынын әлде адамзаттың артында қалатын өшпес сөзі, мұрасы өлмейтінін меңзеп тұр ма, бұл бізге белгісіз. Саналы өмірін ұрпаққа мұра етіп қалдыру үшін өнерге арнаған туған өлкеден шыққан әнші-күйшілермен таныстыру арқылы білім алушылардың бойында өз өлкесіне деген сүйіспеншілік сезісін қалыптастыруға жағдай жасары сөзсіз. Мысалы, бұрынғы Талдықорған облысы Джержинск ауданы Жауынгер елді мекенінде туған, өзін қазақтың нағыз сегіз қырлы, бір сырлы азаматы ретінде танытып өткен Мұратбек Жүнісбековтың өмірімен, өнерімен таныстыру арқылы ұлтына, еліне қызмет етудің айқын үлгісін көрсетуді, сол арқылы өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеудің үлгісін ұсынамыз.

Мұратбек Жүнісбеков өзі әнші, сонымен қатар тарих тұңғығында қалып, ұмытыла бастаған көне аспаптарды қолданысқа енгізген алтын қолды шебер. Ол өз қолымен жасаған аспаптардың тарихын әр концертінде айтып, қайда, қалай қолданылғаны туралы мағлұматтар беру арқылы замандастарына ата-баба мұрасын өз аузымен жеткізген этнограф болған.

Мұратбек Жүнісбеков отызға тарта ән жазған, оның ішінде: «Әке туралы баллада», «Сары Шоқы», «Қазағым елім», «Ғасырыма жарасқан дастан адам», «Баянауыл» әндері мен «Тәуелсіздік таңы», «Қабанбай батыр» сияқты патриоттық күйлері бар.

Тарихи деректерге, аңыздарға сүйене отырып 15 түрлі музыкалық аспапты шығарған шебер. Олар:

- Адырна.
- Сымқобыз.
- Нарқобыз.
- Жезқобыз.
- Бұлбұлсаз.

Үшем.
 Шіңкілдек.
 Кең шанақты домбыра.
 Мүйіз сылдырмақ.
 «Үш құлақ, бір бұрау» домбыра.
 Сазген.
 Лөкқобыз.
 Сақпансаз.
 Жетіқырлы дабыл.
 Қылышпан.

Әнші, шебер, сазгер, этнограф – Мұратбек Жүнісбековтың өмірі жайлы деректерді музыка, көркем еңбек, қазақ әдебиеті сабақтарында қолдану арқылы пәнаралық байланысты да жүзеге асыруға болады [71].

Шағын жинақты мектептің 5-ші және 6-сыныптарын бірге оқыту жағдайында «Музыка» пәні бойынша 3-тоқсанның тақырыптарын біріктіру жолы келесідей болуы мүмкін, яғни ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері мен тақырыптарының орнын ауыстырмай қолдануға болады (11-кесте).

11-кесте – Шағын жинақты мектеп жағдайында «Музыка» пәні бойынша 3-тоқсанның тақырыптарын біріктіру үлгісі

5-сынып		6-сынып	
Бөлім	Тақырып	Бөлім	Тақырып
Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі	Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі	Музыка және өнер түрлері	Музыка және поэзия
	Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі		Музыка және бейнелеу өнері
	Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі		Музыка және театр
	Жобаны жоспарлау және құрастыру		Музыка және кино
	Жобаның нәтижесін таныстыру		Жобаны жоспарлау және құрастыру
			Жобаның нәтижесін таныстыру

5-сыныптағы «Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі» бөлімі мен 6-сыныптағы «Музыка және өнер түрлері» бөлімін біріктіріп оқыту барысында, «Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі» тақырыбы екі сағат көлемінде қарастырылуы мүмкін, ал бұл уақытта 6-сыныпта «Музыка және театр», «Музыка және кино» тақырыптары оқытылады.

«Музыка және театр», «Музыка және кино» тақырыптарын зерделеу барысында қазақ мәдениетінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосып, саналы ғұмырын қазақ киносына арнап келе жатқан актер, әнші, Қазақстанның халық әртісі, Қырғызстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері Досхан Жолжақсыновтың өмірімен және өнерімен таныстыра отырып, білім алушыларды қазақ әдебиетінің шығармаларымен таныстыруды және көркем әдебиет оқуға, қазақ киносының туындалырын тамашалауға деген құштарлықтарын арттыруды жүзеге асыруға болады. Мысалы:

- Бандыны қуған Хамит;
- Гаухартас
- Біржан сал
- Құнанбай
- Бейімбет Майлин «Жалбыр»
- Қалтай Мұхамеджанов «Бөлтірік бөрік астында»
- Ғабит Мүсірепов «Қазақ солдаты», «Фқан сері – Ақтоқты»
- Әкім Тарази мен Қ.Ысқақовтың «Апа, апатай»
- Әкім Тарази «Індет»
- М.Хасенов «Қайсар»
- Т.Ахтанов «Әке мен бала»
- Қадыр Мырзалиев «Сақал саудасы» [72].

Жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады [73].

«Көркем еңбек» пәнінің мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің «Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие» бағыты бойынша технология сабақтарын «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің тақырыптарымен байланыстырып өткізуді ұсынамыз (12-кесте).

12-кесте – «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының нысандарын «Көркем еңбек» оқу пәні сабақтарында «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің тақырыптарымен байланыстыру жолдары

Технология	Қазақстан тарихы	Киелі орындар
Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі пішіндер мен ерекшеліктері. Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері	Қазақстан аумағында темірдің игерілуі	«Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және қазақ хандығының астаналары» санатындағы орындар:
Сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар. Материалдар мен құрал-жабдықтармен танысу	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті.	Қойлық қалашығы Жанкент қалашығы «Жент» қалашығы Ежелгі Тараз қалашығы Сығанақ қалашығы «Шірік-Рабат» қалашығы
Дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым. Бұйым дайындау	Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы.	Сарайшық қалашығы Сауран қалашығы Отырар қалашығы Созақ қалашығы Сайрам (Исфиджаб)
Өру өнері. Өру түрлері. Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу	XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті.	қалашығы Ақкөл-Жайылма қалашығы «Жайық» (Теке)
Қазақстан халықтарының зергерлік өнерімен танысу	Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы.	қалашығы
Пирография өнерімен танысу. Көркемдеп күйдіру техникасы мен тәсілдері	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті.	

Шағын жинақты мектептерде біріктірілген сынып жағдайында «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімінде 5-сыныптың «Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері» және 6-сыныптың «Қазақстан халықтарының зергерлік өнерімен танысу» тақырыптарын оқу кезінде қазіргі кезде өз еңбегімен танымал болып жүрген жерлестерінің еңбегімен таныстыра отырып тәрбиелеуді ұсынамыз. Мысалы:

- Төлеген Бахаргүл – танымал топтамашы-этнограф, Қазақстандағы түркі халықтарында сирек кездесетін алтын және күміс бұйымдарының бірден-бір жеке мұражайының иегері болып табылады. Қазақ ұлттық кәдесыйларын жасап шығаратын «Әдемі-Ай Plus» компаниясының президенті;

- Абылайхан Асылбай – зергер, ұста, қолөнер шебері. 1996 жылы Семей қаласындағы құрылыста краннан құлап, көптеген жарақаттармен қатар омыртқасы зақымданған құрылысшы Абылайхан Асылбай дәрігерлердің болжамына қарамастан мүгедектер арбасына таңылмаған. Ол қазір қазақ халқының көне өнерін қайта жаңғыртуда. Жауынгерлердің сауыт-саймандары,

әйелдердің ұлттық әшекейлері мен тұрмыстық заттарын дайындап, кез келген темір бұйымға екінші өмір сыйлай алады.

Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің, өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыздың тарихы «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының кейіпкерлері болып отыр.

Осы орайда, білім алушыларды болашақ мамандықтарын таңдауға алдынала дайындау қажеттігін ұмытпаған жөн.

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Себебі кез келген адам өз бойындағы қабілетіне, икемділігіне қарай қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Сондықтан әр білім алушы болашақ мамандығын жауапкершілікпен таңдауы жасауы тиіс. Өйткені, адам өмірінің бір бөлігі өзі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады [74].

Мамандық таңдау – белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі, дағды жүйесі және жасөспірімдік кезеңде қабылданатын жауапты шешімдердің бірі. Сондықтан мамандық таңдауға келгенде ғылыми тұрғыдан дәлелденген негізгі факторларға сүйенген жөн. Атап айтқанда, ата-аналардың көзқарасы, құрдастарының көзқарастары, нарық қажеттілігі, жасөспірімнің қабілеті мен икемділігі. Нақты айтқанда, баланың таңдаған мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы қажет [74].

Болашақ мамандық таңдауды ерте жастан, мектеп қабырғасынан дамыту керек. Ауылдық ортада өскен бала нан немесе сүт қалай өңделетіндігі, сатылу бағасы мен тауар құнын есептеуді білуі қажет. Балалар әлеуметтік желі арқылы өздері ұнататын кәсіпкерлер мен танымал тұлғалар әрдайым жастардың назарында. Болашақ мамандықты таңдауға қызығушылықтарын арттыру мақсатында жоба жеңімпаздарының өмірімен жіне еңбек жолымен таныстыру қажет. Мысалы:

- «Жас Қанат 2006» құс фабрикасының директоры – Қайрат Майышев.

2007 -2016 жылдар аралығында «Жас-Қанат 2006» ЖШС құс фабрикасы жаңарудың үш кезеңін өткерді, кәсіпорынның өнімділігі 2857%-ға артты, құстар саны – 2857 %-ға артты, 249 жұмыс орны құрылды.

«Жас Қанат 2006» ЖШС-нің нарықтық экономикадағы дамуы – мемлекеттік қолдаудың, бизнесті дамытудың жаңа инновациялық тәсілдерін дұрыс қолдану мен маркетингтік стратегияны оңтайлы қолданудың арқасында мүмкін болды.

Кәсіпорын құру мақсатында директор К.А.Майышев үлкен тәуекелге баруды қажет ететін несие бағдарламаларына қатысуға шешім қабылдай білді.

Өзінің ойларын жүзеге асыруда Қайрат жауапкершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік, білімін арттыру тәрізді жеке қасиеттерді жетекшілікке алады [29];

- Әсемгүл Уразаева – USC Travel компаниясының негізін қалаушысы. Әсемгүл Аликовна 22 жасында Атырау қаласындағы «USC» ЖШС негізін қалаушы және құрылтайшысы болды. Оның компаниясы мұнай компанияларын құрылғылармен, арнайы киімдермен және инерттік материалдарды тасымалдау

үшін көліктік қызметпен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бизнестің тағы бір бағытын USC TRAVEL туристік компаниясы жүзеге асырады, ол корпоративтік туристік қызметтер көрсетеді. БАӘ-де Канаданың және Ұлыбританияның оқытушыларының қатысуымен өтетін жазғы балалар лагерін ұйымдастырады.

Әсемгүл Әлікқызы 2013 жылы Қазақстан Республикасының «Бірінші сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа-орталық» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 2015 жылы Қазақстан психологтар қауымдастығының мүшесі болып, кеңес берумен айналысатын «Жетістіктер академиясы» жобасын [29].

Арман Сулейменов – Zero To One Labs және nFactorial Incubator компаниясының бас директоры әрі негізін қалаушы. Арман 20 аса мобильді өнімнің авторы. Ал, nFactorial Incubator аясында екі жылдың ішінде 100 жуық мобильді өнім жасап шығарған. Ол Пердю университетінде «Информатика» мамандығын меңгерген. Ал, магистратураны Принстон университетінде оқыды. Арман АСМ ICPC жүйесін бағдарламалау бойынша 2009 жылы әлем чемпионнанда (Стокгольм, Швеция) және 2011 жылы АҚШ-тың Орlando қаласында өткен әлемдік додада финалист болды [29];

- Акулов Владимир Иосифович – «Қамысты» ШҚ басшысы, «Қамысты-2» ЖШС директорының басқаруымен қалыптасқан шаруақожалық асыл тұқымды мал асырау саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді, селекциялық жұмыстардың қорытындысы ретінде – «Алтын белгі» алтын медалін алды - 2010 жылы сүтті қызыл ала малды өсіру бойынша ең үздік шаруашылық.

Шығыс-Қазақстан облысы бойынша ең жоғарғы сауын және салмақ өсімін алуы, шаруашылықты электронды басқаруы, заманауи, жоғары технологиялы сүт-тауарларының фермасы мен сиыр сауу орындары бар кешендерді салуы, агрономиядағы озық инновациялық амалдарды қолдану арқылы жемшөп базасында өсірілген құрама жем зауыдының жұмысын жүргізуі, егін шаруашылығында жаңа техникларды пайдалануы, қызметтің басқа да салаларындағы қызметі шаруа қожалығына және жауапкершілігі шектеулі серіктестікке абырой мен танымалдылық әкелді [29].

Жалпы білім беретін шағын жинақты мектептердің оқу-тәрбие жұмысы Қазақстанның түрлі аймақтарына өлкетану-зерттеушілік экспедициялар, әлеуметтік, зияткерлік бастамаларға және мұғалімдердің ата-аналармен ынтымақтастық тәжірибесіне ресурстық қолдау көрсетуді, әртүрлі жастағы білім алушыларды өзін-өзі басқаруға тартуды ұйымдастыру арқылы әлеуметтік-педагогикалық орта құру бойынша тәжірибесін тарату көрініс тапты. Сонымен бірге білім беру-тәрбие процесіне тартылған мұғалімдердің педагогикалық күзіреттілігін, кәсіби шеберлігін арттырудың инновациялық каскадты әдісі белсенді пайдаланылады.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтау мен үстемелеу «Рухани жаңғыру» бағдарламасының: «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи

қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңа адамгершілік білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобалары арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарлама шеңберінде мектептегі білім беру процесін «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің басым бағыттарымен байланыстырудың үлгілерін ұсынамыз:

1. *Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу* бағытын жүзеге асыру механизмі: оқу пәндерінің тақырыптарына байланысты сабақтар; сыныптан тыс іс-шаралар: әңгімелер, лекциялар, семинарлар, тренингтер, дебаттар мен пікірталастар, конкурстар; Қазақстанның мәдени мұраларын, салт-дәстүрлерін зерттеуге арналған тарихи экспедициялар, саяхат-сабақтар, семинар-экскурсиялар, онлайн-экскурсиялар; әр түрлі сала өкілдерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру [8].

- Семинар (теориялық конференция) (9-11-сыныптар).

Семинардың мақсаты – тарихи оқиғаның желісімен таныстыру арқылы ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Алдын-ала берілген тапсырма бойынша әзірленген баяндамаларды немесе рефераттарды талқылауға арналған семинарды/теориялық конференцияны «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» оқу пәндерінің мазмұнымен байланыстыруға да болады. Баяндамалардың ұзақтығы 5-8 минуттан аспауы тиіс. Баяндамаға берілген уақытқа қарағанда ұзағырақ болатын қызықты және қызу талқылау жұмысы семинардың тиімділігінің көрсеткіші болып табылады.

Семинар тақырыптары «Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты киелі орындар» санатына жататын жерлерге байланысты төмендегідей болуы мүмкін:

- «Елдік пен ерлік сынға түскен – Орбұлақ шайқасы»;
- «Қалмаққырған – Бұланты шайқасы»;
- «Қазақ елінің тұтастығын дәлелдеген – Аңырақай шайқасы»;
- «Қазақ халқының рухын көтерген, болашаққа сенімін бекіткен – Аңырақай шайқасы» және т.б.

«Қазақ елінің тұтастығын дәлелдеген – Аңырақай шайқасы» баяндамасының бір нұсқасын ұсынамыз (В қосымшасы).

2. *Рухани-танымдық тәрбие беру* бағытын жүзеге асыру механизмдері: тақырыптарға байланысты оқу пәндері мазмұнының құндылықтарын біріктіру; сыныптан тыс іс-шаралар: кітапханашы сағаты, әңгімелер, лекциялар; Қазақстанның мәдени мұраларын білуге/зерттеуге арналған тарихи-танымдық экспедициялар, саяхат-сабақтар, семинар-экскурсиялар, онлайн-экскурсиялар; мұражайдағы жәдігерлер туралы ақпарат жинау сайысы; виртуалды тарихи-өлкетану көрмелерін құру; өңірлік оқулар, сағаттар; тарихи, сәулет және естелік орындарға экскурсияларды; білім алушылармен «Мұражайдағы бір күн» жобасы аясында өздері мұражайдың экскурсия жетекшісі ретінде мұражай қызметкерлерімен кездесулерді; өңірдегі археологиялық қазба орындарына, табиғат ескерткіштеріне саяхат ұйымдастыру.

Бұл бағытты «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Рухани қазына» шағын бағдарламасына сәйкес қарастыру қажет. Ішкі бағдарламаның мақсаты: өз жерінің тарихи және мәдени мұрасын білуге деген қызығушылығын жанарту, өз халқының салт-дәстүрлерін білу мен қатар біріктіріп, байланыстыра алатын тұлға қалыптастыру.

Рухани-танымдық тәрбие бойынша нәтижеге қол жеткізу үшін «Оқы және өзгеге ұсын», «Жақсы кітап – жан азығы», «Ұлы Дала елі», «Жергілікті туризм», «Бір жәдігер» т.б. жобаларды жүзеге асыруды ұсынамыз:

- «Оқы және өзгеге ұсын» буккроссинг ұйымдастыру». Мақсаты: кітап пен оқырман арасын жақындатудың тиімді жолы ретінде, білім алушылардың арасында өзара әдеби шығармалармен алмасу үшін білім беру ұйымында «Буккроссинг» орындары ұйымдастыру. «Оқы және өзгеге ұсын» жобасы аясында Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары туралы оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімін Б қосымшасында берілген;

- «Жергілікті туризм». Мақсаты: туған өлкенің өңірлік қасиетті нысандарына саяхат жасау арқылы ішкі туризмді жүйелі дамыту);

- «Ұлы Дала елі» тарихи-танымдық экспедициясы. Мақсаты: туған жердің тарихы мен рухани құндылықтарын насихаттау мақсатында, өңірдің, көршілес облыстардың және Қазақстанның киелі жерлеріне саяхат ұйымдастыру (В1 қосымшасы);

- «Бір жәдігер». Мақсаты: өлкенің немесе мектеп мұражайы қорындағы жәдігерлерге толық ақпарат беру арқылы, тарихты білуге деген қызығушылықты арттыру.

- «Жақсы кітап – жан азығы» жобасының мақсаты: туған өлкенің тарихы, мәдениеті және дәстүріне деген құрметі мен қызығушылығын ояту;

Шайқас болған жердегі ескерткішті, төңірегіндегі табиғатты слайдтар арқылы көрсетіп, таныстыру.

• Мұражайға немесе тарихи орындарға онлайн-экскурсия (5-9-сыныптар).

Іс-шараның бұл түрін жүргізу жалпы білім беретін мектептердің барлық деңгейлері үшін тиімді болып табылады. Бастауыш сыныптарда саяхат-сабақтар, 5-9-сыныптарда онлайн-саяхаттар, экскурсиялар, жоғары сыныптарда семинар-экскурсиялар, пікірталастар өткізуге болады.

Мақсаты: киелі орындарға сырттай саяхат жасау барысында еліміздің тарихымен таныстыру арқылы білім алушылардың тарихты білуге, оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру және ұлтжанды азамат тәрбиелеу.

Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары шеңберінде тәрбие жұмысын жүргізу бойынша онлайн-саяхаттар ұйымдастырудың бірнеше бағытын, қасиетті жерлер туралы қысқаша мәліметтер және материалдарды алуға болатын сайттар мен әдебиеттер тізімін ұсынамыз. Алдын-ала әзірленген слайдтарды, Қазақстанның картасын қолдану арқылы киелі жерлермен таныстыру қажетті қысқаша мәліметтер (Б Қосымшасы).

3. *Ұлттық тәрбие* бағытын жүзеге асыру механизмдері: киелі жерлер тізіміне енген орындар туралы ақпаратты оқу пәндеріне, сабақтан тыс іс-

шараларға кіріктіру. Қазақстан тарихы, жергілікті тарих және т.б. туралы фестивальдар мен байқаулар өткізу.

«Ұлы дала тұлғалары». Өлкенің тарихын, маңызды оқиғаларын, белгілі тұлғалардың тарихын білу бойынша зияткерлік іс-шаралар өткізу.

«Адам тәрбиенің нәтижесі. Ол өмірге пешенесіне не жазылса, сонымен келмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Адамдық қасиетінің қалыптасатын жер – өмір талқысы, әрекет етуі, тәрбиесі. Күн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді біріннен бірін артықсын деп айыруға болмайды», – дейді, Ыбырай.

Тұлғаның психологиясының қалыптасуындағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық-тарихи факторлардың шешуші ролін жете түсінді. Ы.Алтынсариннің ойынша адамның сана-сезімін негізінен тәрбие билейді де, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» болып қалыптасуын материалдық өмір жағдайларымен емес, идеологиялық факторлармен, ағартушылық әрекетпен тәуелді еткісі келеді. Ыбырай жеке адамның даму жолын қоғам дамуымен байланыстырып, оның адам туралы түсінігі жеке адам «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» дейтін қағидаға сәйкес келді [75].

Ұлттық тәрбие бағытының «Ұлы дала тұлғалары» жобасын Ахмет Байтұрсыновтың Алматыдағы үйі, Шоқан Уәлихановтың Алтынемелдегі мемориалдық кешені, «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, Ыбырай Алтынсарин кесенесі, Жамбыл Жабаев кесенесі, Міржақып Дулатов кесенесі (тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы) туралы іс-шара өткізу арқылы жүзеге асыруға болады.

Мұражай – өткеннің естелігін бүгінге жеткізетін киелі орын. Онда құнды жәдігерлер өзіндік тарихымен кім-кімді болмасын қызықтырмай қоймайды. Өткеннің тарихын білу – әр ұрпаққа аманат етілген парыз. Ізденгенге ілімі мол, сұрағанға сырын шерткен дүние.

«Туған өлке тарихы». Факультатив сабақтарын, арнайы курстарды, үйірмелерді мұражайларда, өлкенің мәдени-тарихи орындарында өткізу.

«Мақтанышым – Астанам». Астана қаласына сапарлар ұйымдастыру.

«Туған өлке соқпақтары». Туристік-өлкетану маршруттары мен сайысы.

Сыныптан тыс өткізілетін іс-шаралар: «Ұлттық тарихтағы уақыт пен кеңістік», экскурсиялық (сырттай, он-лайн) «Ботай» мәдени мұра бағдарламасы.

4. *Отбасылық тәрбие* бағытын жүзеге асыру механизмдері: білім беру ұйымдарында Қамқоршылар кеңесімен, ата-аналар комитеттерімен бірлескен отбасылық іс-шаралар; білім беру ұйымдарының қызметіне ата-аналардың қатысуы; әкелердің, әжелердің клубтары; ақсақалдар кеңесі; отбасы құндылықтары туралы кітап көрмелерін және кітап өнімдеріне қоғамдық шолу, отбасылық оқуға арналған кітаптар, альбомдар, буклеттер, фильмдер, бейнематериалдар және т.б. ұйымдастыру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аталған бағытқа сәйкесінше «Отбасы әлемі» жобасын қарастырған жөн.

Мақсаты: білім алушылардың бойында ата-анаға, бауырларына, жақындарына деген сүйіспеншілік тәрбиелеу. Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың өзара құрметке, ынтымақтастықта, сүйіспеншілікке негізделіп құрылуына назар аудару.

Білім беру ұйымдарындағы «Ата мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер кеңесі», «Аналар мектебі», «Жеңгелер мектебі» жұмысының жоспарына «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының «Діни және ғибадат орындары» болып табылатын Қарашаш ана кесенесі, Домалақ ана кесенесі, Айша бибі кесенесі мен Бабажы Хатун мазары, Бегім ана мұнарасы тағы басқа киелі орындармен таныстыруды енгізуді және отбасылық тәрбие бағытында мейірімділік, татулық, отбасылық құндылықтар тақырыбындығы іс-шаралармен ұштастыруды ұсынамыз (B2 қосымшасы).

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Жүзеге асыру механизмдері: «Технология» оқу пәні сабақтарында, сыныптан тыс, сабақтан тыс қызметтегі еңбек тәрбиесінде, «Ұлы даладағы ежелгі металлургия» (Қазақ жеріндегі металдарды өндіру әдістерінің өнертабысы жаңа тарихи дәуірді ашып, адам дамуының даму жолын түбегейлі өзгертті), «Алтын Қазына» (көркем және декоративті-қолданбалы өнерді дамыту), «Дарындылардың елі» (театрлық қызмет және музыкаға кіріспе), «Кітап – білім бұлағы» (кітаптың мәртебесін көтеру, «кітап оқуды сәнге айналдыру», өмір бойы өзін-өзі жетілдіруді және білім беруді қолдау), «Business» (кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру), «Отбасы әлемі» (отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасылық ғибадатты сақтау).

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Жүзеге асыру механизмдері: сабақтар, үйірмелер, әдеби клубтар; экскурсиялар, театрлар, мұражайлар, көркемөнер көрмелері, галереялар, тарихи орындарда шығармашылық кештер, балалар мен жасөспірімдер шығармаларының көрмесі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде аталған бағытқа сәйкес «Қазіргі кездегі қазақ мәдениеті» атты арнайы жобасында қарастыру.

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның көпмәдениетті тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.

Білім беру ұйымдарында көпмәдениеттілікке тәрбиелеуде киелі орындардың маңызы зор. Төменде берілген нысандар тәрбиенің осы бағытын беруге ықпалы зор:

- Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі;
- Т.Г.Шевченко мемориалды кешені;
- Христос Спаситель шіркеуі;
- Вознесенск кафедралы шіркеуі;
- Георгий Победоносец шіркеуі;
- Қасиетті бұлақ;
- Аблайкит – бекініс-ғибадатханасы.

Тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындардың бірі болып саналатын Ф.М.Достоевскийдің әдеби-мемориалды үйі туралы ақпарат кіріктірілген «Ұлы адам өмірінің тарихы» тақырыбындағы әдеби кеш өткізуді ұсынамыз.

Форт Шевченко қаласындағы Т.Г.Шевченконың мемориалды кешеніне саяхат жасау немесе сырттай саяхат барысында білім алушылармен жүргізілетін іс-шараның мақсаты – Новоперовск бекінісінде айдауда болған украин халқының ұлы ақыны, прозашы, драматург, этнограф, суретші, саяси және қоғам қайраткері, ұлы kobзарь атанған тұлға – Тарас Шевченконың өмірімен таныстыру.

Міндеттері:

- білім алушылардың назарын Т.Г.Шевченконың шығармашылығына аудару;

- Т.Г.Шевченконың қазақ жерінде болған кездегі өмір тарихымен таныстыру;

- украин халқының мәдениетіне деген құрмет пен қызығушылықтарын тәрбиелеу;

- Маңғыстаудың тарихи ескерткіштерінің ішінде өте маңызды орынды алатын «Тарихи тұлғаларға қатысты киелі орын» санатындағы Т.Г.Шевченконың мемориалды кешенімен таныстыру (ВЗ Қосымшасы).

Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» оқу пәнінің сабақтарының мазмұнын Қазақстанның «Діни және ғибадат орындары» болып табылатын Христос Спаситель шіркеуі, Вознесенск кафедралы және Георгий Победоносец шіркеулері туралы ақпаратпен толықтыруды ұсынамыз.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Іске асыру механизмдері: оқу пәндерінің сабақтарында, дебаттық турнирлер, жобалық жұмыстар; «Тарих пәнінің адамгершілік туралы сабақтары», зияткерлік ойындар, конкурстар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар, презентация сабақтар, онлайн режимінде өлкетану жобалары.

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру [8].

Жалпы білім беретін мектептердің «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «География» т.б. оқу пәндерінен және сабақтан тыс іс-шара түрінде білім беру тренингтері оқытудың тиімді түрлерінің бірі болып табылады. Оқытудың бұл жаңа формасы қазіргі кезде мектептерде өте сирек қолданылады. Сабақ барысындағы тренинг жұмысы ең алдымен білім алушылардың түрлі біліктерін, дағдыларын қалыптастыруға және танымдық қабілеттерін белсендендіруге бағытталған. Ол: сөйлеу тілін, танымдық процестерін, яғни ойлау, қиялдау, есте сақтау, назар аудару т.б. дамыту. Сонымен қатар, пәндік және бейнелі көрнекіліктерден қажетті ақпаратты табу, жеке бөлшектері арқылы пән не көрнекілік қандай ақпарат бере алатынын анықтау, пәндік интуициялар, эмпатиялар (эмпатия (грек тілінен аударғанда –

«әуесқойлық», «бейнет көру», «сезім» мағынасын білдіреді) – уайымдаудың сыртқы жағдайын сезінуді жоғалтпай, басқа адамның эмоционалдық жағдайын түсініп уайымдау) (тарихи/әдеби тұлғаларды, географиялық құбылыстарды сезіну және түсіну, сол оқиға немесе жағдайға жақындау, болған жағдаяттарды ой елегінен өткізу, ол өмір сүрген жағдайға, атмосфераға жақындауға тырысу) тәрізді жалпы білімдік және арнайы біліктерді дамыту. Бұндай жұмыс нақты дидактикалық міндеттерді орындауға бағытталағн, біртұтас кешенге жинақталған түрлі ойындардың, жаттығулардың көмегімен жүзеге асырылады – бұндай комплексті біз тренинг деп атаймыз.

Тренинг тарихи, әдеби, географиялық, яғни пәндік дереккөздермен (ерте заманның заттарымен, картиналармен, фотосуреттермен және т.б.) жұмыс істеу зерттеушілік ізденіс жағдайын модельдеуге жағдай жасайды, білім алушылар ізденістерінің нәтижесінде тапқан жан-жақты деректен, тарихшы немесе археолог тәрізді жеке көріністер арқылы өздеріне қажетті ақпаратты алып шығады.

Бұндай ақпарат мектеп оқушыларының тарихи, әдеби, географиялық (пәндік) көзқарастарын кеңейтуге, талдап тексеруге және нақтылауға мүмкіндік береді және оларды өткенді зерттеудің қызықты процесімен таныстырады.

Сонымен, киелі жер тақырыптарына сабақтарда немесе сабақтан тыс іс-шаралар барысында қолдануға болатын тренингтер өткізудің жолдары мен түрлерін ұсынамыз (В4 қосымшасы).

Ақпараттық технологиялардың қарқанды дамуы және оларды оқу процесіне кіріктіру қазіргі кездің балаларының дамуына үлкен үлес қосып отыр. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, заманауи мектепті, ондағы білім беру және тәрбие жұмысын ұйымдастыруды жаңа ақпараттық технологияларсыз көзге елестету мүмкін емес. Дәстүрлі «мұғалім – оқушы – оқулық» схемасына енді жаңа буын – компьютер, ал оқу-тәрбие жұмысына – компьютерлік оқыту ұғымы қосылып отыр. Алайда, сабақ оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі болды және болып қала береді. Білім алушылардың оқу іс-әрекеті негізінен сабаққа шоғырландырылған. Білім алушылардың дайындығының сапасы білім мазмұнымен, сабақ беру технологияларымен, оны ұйымдастыру және практикалық бағыттылығымен, сабақтағы ахуалмен анықталады, сондықтан педагогикалық жаңа технологияларды білім және тәрбие беру процесінде қолдану қажеттілік болып табылады.

Сабақ барысында жаңа технологияларды пайдалану білім алушылардың оқуға деген ынтасын күшейтеді, танымдық қабілеттерін белсендіреді.

Сабақ тақырыбына байланысты әзірленетін презентация – бұл түрлі-түсті суреттерден және анықтамалық мәтіннен тұратын слайд-суреттер. Әр слайдта ерікті түрде әзірленген мәтіндік және графикалық ақпарат орналастыруға болады. Слайдтың өзіне тән динамикасы, дыбысы және кескіні, яғни баланың есінде неғұрлым ұзақ сақталатын факторлары болады.

Презентацияның мақсаты – тыңдаушыларға презентацияның нысаны бойынша неғұрлым қажетті ақпаратты ыңғайлы формада жеткізу.

Презентация жасау барысында мұғалім өзін сценарист ретінде де, режиссер ретінде де, суретші ретінде де, сонымен қатар орындаушы ретінде де көрсете алады. Бұл оған:

- слайдтарды көрсету ретін, олардың санын өзгерту (материалды тереңдетіп оқуға арналған материалды жасыру), сабақты өткізу барысында білім алушылардың дайындық деңгейіне байланысты материалды саралау арқылы сабақты құрастыруына;

- әр слайдты қосымша визуалды әсермен толықтыру (слайдтың құрылымы, келесі слайдқа өту т.б.), көрсету ұзақтығын қою слайдты көрсету барысында оны жандандыруға мүмкіндік береді.

Пән сабақтарында немесе сынып сағаттарында «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» тақырыбында презентациялар жасауды ұсынамыз.

Сонымен, «Рухани жаңғыру» жобасы аясында оқу-тәрбие жұмысының үлгілері қазіргі заманның талабына сай формалар мен, әдістер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Оқу-тәрбие процесіндегі жұмысының тиімді үлгілері білім алушылардың өзін-өзі жетілдіруіне, дамытуына, Қазақстанның тарихына деген қызығушылықтарын оятуға ықпал етеді.

Қорытынды

Еліміздің шағын елді мекендерінің әкімшілік-аумақтық және ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, жеткіншектерге білім беру мен тәрбиелеуде өлкетанудың мүмкіндіктерін пайдалану қазіргі кезде білім беруді дамытудың ерекшелігі болып табылады. Сондықтан, жалпы білім беретін шағын жинақты мектептердің оқу пәндерінің мазмұнын жергілікті жердің өлкесінің киелі жерлері, әдебиеті, тарихы, табиғаты, мәдениеті және қазіргі кездегі өмірі, экономикасы туралы деректермен; тарихи, мәдени мұралары мен нысандары туралы біліммен толықтыру маңызды педагогикалық процесс болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдарда өлкенің өмірімен байланысты тарихи деректерді қолдану, сабақтан тыс уақытта тарихи маңызы бар орындарға саяхат жасау, тұрғылықты жердің тарихы, әдебиеті, қолөнері, табиғи жағдайы, табиғат ресурстары, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі, олардың табиғатпен бұрынғы және қазіргі қарым-қатынастары бойынша әр түрлі дерек көздерін қолдану арқылы шағын жинақты мектептерде жергілікті тарихи жұмыстарды ұйымдастырудың жолдары берілген.

Шағын жинақты мектептердің тәрбие жұмысында жергілікті тарихи ресурстарды пайдаланудың бірден-бір мақсаты – білім алушылардың бойында қасиетті нысандарды қастерлеу, халықаралық аренада өзінің туған мәдениетін таныта білу біліктілігімен негізделген патриоттық тәрбие беру болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Химия», «Физика», «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндерінен жаңартылған мазмұна «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарымен, яғни аймақтық компонентпен толықтырудың жолдарын ұсынылды.

Бұл әдістемелік құрал шағын жинақты мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту негізінде олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді және оқу бағдарламасының мазмұнына аймақтық компонентті енгізу жолдарын іздеуде мұғалімге көмекші құрал болуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңы.
2. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019.
3. Битаева О., Беликова Е., Елисеева Л. Теория и методика воспитания: конспект лекций С.7. Лекция 7. Организация работы в малокомплектной школе. Малокомплектная школа, ее характерные черты.
4. Шағын жинақты мектеп мазмұнының аймақтық компонентін жетілдіру. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 49 б.
5. Горбова М.А. Патриотическое воспитание средствами краеведения. М.: «Глобус», 2007. - С. 208, 211-214.
6. Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 43 б.
7. Қазіргі шағын жинақты мектепте оқу-әдістемелік аспектілерінің қызметі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2011. – 53 бет
8. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы
9. http://old.baq.kz/kk/news/ruhani_zhangiru/kasietti_kazakstan_kartasina_engen_orindar_men_nisandardin_tolik_tizimi
10. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір, 2017. <http://online.zakon.kz/>
11. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.
12. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010 ж.
13. Битаева О., Беликова Е., Елисеева Л. Теория и методика воспитания: конспект лекций С.7. Лекция 7. Организация работы в малокомплектной школе. Малокомплектная школа, ее характерные черты.
14. Әбілқасымова А.Е., Аймағамбетова Қ.А., Үшіров Е.А., Мамырова Қ.Н. Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін шағын жинақты мектепті дамытудың тұжырымдамасы. Алматы, 2002 ж.
15. Берікханова Г.Е., Жолымбаев О.М. Шағын жинақты мектеп мұғалімін даярлау – педагогикалық жоғары оқу орындарының өзекті мәселесі. Білім ғылыми-педагогикалық журнал, 2012. - №3. - 73-75 б.

16. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары
17. <https://www.metod-kopilka.ru/zindik-zhmistar-in-yimdistiru-arili-oushilar-di-funkcional-di-sauattilitarin-arttiru-61799.html>
18. ШЖМ біріктірілген сыныптары үшін жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар (5-8 сыныптар). Әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 320 б.
19. «Ұлт болмысы» республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал №3 (67) наурыз, 2019.
20. <https://www.google.com/search?q=Жиренқопадағы+«Қобыланды+батыр»+мемориалдық+кешені>
21. <http://kray.pushkinlibrary.kz/kz/altaj-a-yzdary/9-uncategorised/2072-abaj-sh-k-rim-memorialdy-kesheni.html>
22. https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/ahmet_baitursinulinin_murazhai_uui
23. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005
24. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қожа_Ахмет_Ясауи_кесенесі
25. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Жамбыл_мұражайы_\(Алматы_облысы\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Жамбыл_мұражайы_(Алматы_облысы))
26. <http://zhangeldy.kostanay.gov.kz/kz/o-rayone/dostoprimitchatelnosti/mavzoley-mirzhakup-dulatova/index.php>
28. Мыса Мақпал. Мен керекпін: Өлеңдер.- Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2002 – 136 б.
29. <http://100esim.el.kz/ru/result>
30. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 201-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
31. <https://www.inform.kz/kz/elordadagy-tungysh-plogging-turgyndar-zhugirip-kokys-zhinady>.
32. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8
33. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қаныш_Имантайұлы_Сәтбаев
34. Қ.Б.Сарбасова, Г.Т.Чукенаева. Жетісу гидронимдері: оқу құралы.- «Жетісу университеті» баспа оталығы. Талдықорған, 2011.- 86 б.
35. Ұлт болмысы. Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал/№3 (49) наурыз 2017.
36. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 202-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

37. Игошина С.Н. Региональный компонент в обучении физике // Публичное представление собственного инновационного педагогического опыта учителя физики МОУ «Гимназия №29».
38. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 203-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
39. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/otandy-nimdi-satyp-al/item/117015-t-irgesin-k-terdi>
40. <https://abai.kz/post/83152>
41. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 206-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
42. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=10099>
43. Оқушылардың жалпықазақстандық мәдениетін қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 64 б.
44. <https://abai.kz/post/48422>
45. http://old.baq.kz/kk/news/ruhani_zhangiru/begazi_arheologiyalik_kesheninde_etnoturizmdi
46. https://kk.wikipedia.org/wiki/Тамғалы_петроглифтері
47. <https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?id=125&post=article>
48. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қарахан_кесенесі
49. https://www.inform.kz/kz/kazakstandagy-ezhelgi-kalalar-otyrar-kalasy_a2739860
50. <https://go.mail.ru/search?qХан+моласы+Ақтөбе+облысы>
51. https://kk.wikipedia.org/wiki/Есім_хан
52. <https://inbusiness.kz/kz/news/zhetisulyktar-orbulak-shajkasy-bolgan-kieli-orynga-belgitas>
53. <http://rah.kz/kk/83-exposition-kz.html>
54. <https://elorda.info/kk/news/view/9915-bokej-ordasy-tarihi-muzej-kesheninde-16-mynga-zhuyq-qundy-zhadiger-saqtauly>
55. https://www.visitaqmola.kz/kk/post_wtg/peshhera-kenesary-hana/
56. https://kk.wikipedia.org/wiki/Уәлиханов_мемориалдық_кешені
57. <https://egemen.kz/article/159269-ybyray-altynsarinninh-memorialdyq-keshenidganhartlydy>
58. <http://kray.pushkinlibrary.kz/kz/altaj-a-yzdary/9-uncategorised/2072-abaj-sh-k-rim-memorialdy-kesheni.html>
59. https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/mashhur_zhusip_kopeev_kesenesi
60. <https://e-history.kz/kz/publications/view/741>
61. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005
62. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қожа_Ахмет_Ясауи_кесенесі
63. <http://zhangeldy.kostanay.gov.kz/kz/o-rayone/dostoprimitchnosti/mavzoley-mirzhakypa-dulatova/>

64. Арипбаева Л.Ш. Музыкальное краеведение как средство эстетического воспитания: исторический аспект // ЮКГПИ, г.Шымкент.
65. <http://www.bolshe.ru/>
66. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 210-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
67. https://www.visitaqmola.kz/kk/post_wtg/kompleks-birzhana-sala/
68. https://kk.wikipedia.org/wiki/Тәттімбет_Қазанғапұлы
69. https://kk.wikipedia.org/wiki/Дәулеткерей_Шығайұлы
70. <https://kazakhstan.travel/tourist-spot/kk/98/>
71. Ұлт болмысы. Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал. №2 (66) ақпан, 2019.
72. Ұлт болмысы. Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал. №1-2 (58) қаңтар-ақпан, 2018.
73. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 21-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
74. <https://martebe.kz/d-rys-ta-dal-an-mamandy-bolasha-ty-zhar-yn-kepili/>
75. Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы. Ғылыми-зерттеу мақалалар / бас ред. А. Нухұлы.— Павлодар: ПМПИ, 2017. — 4 том.— 266 б.

Қазақстанның көз тоймас көрікті жерлері

Елімізде табиғат сыйлаған ғажайып орындар жетерлік. Исі аңқыған гүлдерге толы құлпырған далалар мен биіктігі бұлттарға жетіп бірақ тоқтайтын жұмбақ таулар әрдайым жұртшылық қызығушылын арттырып келе жатқандығы көңіл қуантады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанға қатынайтын туристер саны жыл өткен сайын артып келе жатыр. Атап өту керек, бұлардың көпшілігі табиғатты тамашалауға келгендер. Бұл қарқынмен алдағы жылдары, туристік державаларды қуып жетуіміз бек мүмкін. Тек жаратушы сыйлаған бұл ғажаптарды бағалай білген жөн. Сонымен, назарларыңызға белгілі суретші Илья Афанасьевтің түсірген таңғажайып туындыларын ұсынамыз.

Алматы облысы. *«Алтын Емел» ұлттық паркі.*

«Алтын Емел» атауы моңғол тілінен шығады және «Алтын ер» дегенді білдіреді. Бір аңыздар бойынша, 1219 жылы Шыңғысханның әскері Орталық Азияны жаулап алуға аттанып, осы алқапты кесіп өтіп бара жатқанда, күн батып бара жатқан шақта сарғайған шөп жамылған тауларды көріп, ұлы қолбасшы «Алтын ер!» деген екен. Алтын Емел асуы шын мәнінде, сырттай қарағанда ер-тоқымға ұқсайды.

Алтын Емелдің бір көркі – Іле өзенінің түбінен жел ұшырып келген құмнан түзілген әнші шағылдар. Құм төбелердің дыбыс шығаруының себебі – құм түйірлерінің бір-біріне үйкелгендегі дыбыс.

Табан-Қарағай үстіртін аспан астындағы пейіш деп жиі атайды. Алматы облысының тура орталығында орналасқанымен, ол туристер үшін толық зерттелмеген, әрі жету де оңай емес жер болып келеді. Алайда, осында жете алған табанды фотосуретшілерге берер бұл мекеннің сыйы бар. Мұндағы пейзаждарда бүкіл Қазақстанның бар пейзажы тоғысқан!

Қызық пішінді жартастар да, асқақ таулар да, алуан түрлі гүл-өсімдіктермен көмкерілген алқаптар да бар. Бұлт торлаған аспан астында үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыр, отар-отар қой жайылып жүреді.

Ақтөбе облысы. *Ақтолағай. Үстірттің солтүстік шеті.*

Шатқал үлкен аумақты алып жатыр. Бұл мекен әлі көпшілікке танымал емес, әрі туристердің келуі де қиын. Мұнда табиғат ақ бор түсті керемет ландшафт жасап шығарыпты.

Бағзы замандарда, көп ғасыр бұрын, бұл үстірттің орнында теңіз болған. Топырақты қазып жіберсеңіз, теңіз жәндіктерінің тас болып қатқан қалдықтарын, акулалар мен теңіз түбін мекендеген өзге де мақұлықтардың сүйегі мен тісін тауып аласыз.

Шығыс Қазақстан облысы. *Батыс Алтай қорығы.*

Қорық Батыс Сібір даласы, Оңтүстік Сібір және Орталық Азия таулары мен Қазақстаншөл далаларының тоғысында орналасқан. Жақын маңда мұхит

пен теңіз жоқ болғандықтан, бұл жердің климаты континентальдық, ол температураның шұғыл өзгеруінен көрінеді. Мұндағы жылдық орташа температура - +1,5°C.

Осы аймақ пен табиғи қорықтағы ең танымал жер – «Қара торап» деп аталатын үш шоқының (Көксу, Иванов және Холзун) түйіскен тұсы. Туристер арасында ерекше танымал «Тас ертегі» де осында орналасқан.

Язевое көлі. Язевое көлін Алтайдың Қазақстан жақтағы бөлігінің меккесі деп атауға болады. Ол теңіз деңгейінен 1685 м биікте, Қатын мұздығының бір тармағы өтетін қатпарда орналасқан. Ұзындығы 3 шақырым, ені 800 м, тереңдігі 10 м. Судың түсі сарғыш-жасыл, мөлдірлігі 4,2 м.

Күн ашықта Алтайдың ең биік шыңы - аты аңызға айналған Белуха тауы айналасындағы жоталардың бәрімен бірге көлдің суына шағылып көрінеді.

Қарағанды облысы. *Қарқаралы таулары* — қазақ майда шоқыларының шығыс бөлігіндегі тау массиві. Олардың биіктігі 1403 метрге дейін жетеді. Тау беткейлерінде қарағайлы ормандар кездеседі. Алайда, бұл орынның басты ерекшелігі – мұнда мұз дәуірінен қалған өсімдіктердің жұрнағын, сирек кездесетін және жоғалып бітіп бара жатқан өсімдіктерді кездестіруге болады.

Бектау-Ата тауы. Бектау-Ата тау сілемдері – Солтүстік Балқаш маңы оазисі. Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 70 шақырымда орналасқан. Теңіз деңгейінен 800 метр биіктікке асады. Сол үшін оны Балқаш маңы шамшырағы деп те атайды. Бектау-Ата шатқалында жүздеген өсімдік түрі өседі, олардың 45-і сирек кездеседі, ал, сегізі Қызыл Кітапқа енгізілген.

Таудың атауымен байланысты Әулие Атабек туралы аңыз бар: бұл әулие адам қазақтар жоңғарлармен соғысқан ғасырда өмір сүрген. Бірде ол жаудан қашып, таудағы ең үлкен үңгірге барып тығылады, ал Алла тағала сол жерде әулие қартқа арнап тастан тұщы су көзін ашып береді.

Маңғыстау облысы. *Торыш – шар тәрізді конкрециялар алқабы.*

Бір аңыздар бойынша, Маңғыстау жеріне жау басып кіреді. Жергілікті тұрғындар аспанға қол жайып, көмек сұрайды. Сол кезде аспаннан нөсер құйылып, күн күркіреп, найзағай жарқылдай бастайды. Бір сәтте жау әскерінің бәрі тасқа айналып кете барады. Осылайша айрықша тас мүсіндер - шар тәрізді конкрециялар шашылған алқап пайда болған екен.

Жығылған мүйісі. Жығылған – әктас қабатының астындағы саз балшықты-құмды қабаттың сулануы нәтижесінде пайда болған үлкен геологиялық сырғыма. Танымалдығына қарамастан, Жығылған әлі де зерттеліп болмаған, құпия мекен болып қалып келеді. Мұнда аруақтар жүреді деген де сөз бар.

Жығылғанның адамзатқа берген сыйы – бетінде ірілі-уақты мысықтар мен қазіргі есектің көлеміндей шағын жылқылардың қайраңға батып қалған екі «бармақты» тұяғының тасқа айналған іздері батырылып салынған тақталар сынықтарын көру мүмкіндігі.

Бозжыра шатқалы. Бозжыра – Үстірттің шеткі шындарының бір бөлігі. Мұнда табиғат қиялына ерік беріп, ақ түсті ерекше ландшафт жасап шығарған.

Бозжыраның басты ерекшелігі - пішініне қарап Азу аталып кеткен екі әктас шың. Олардың түбінен ұшына дейінгі биіктігі - 200 метрден асады. Аздаған адам ғана білетін соқпақ жол саяхатшыны тар алаңқайға алып шығады, ол жерде Бозжыра қамалдар алқабының айрықша көріністері ашылады.

Түркістан облысы. Қаратау таулары.

Бұл өте көне таулар. Геологиялық тарихында үлкен өзгерістерге түскен. Шатқалдардың қойнауында шағын өзендер мен бұлақтар көп. Сондай-ақ, Қаратау тауларын көптеген ащы, тұщы көлдер қоршап жатыр.

Бірнеше жыл бұрын, осы мекенді биіктен түсіріп жүрген фотограф Перудағы Наска алқабындағы суреттерге ұқсайтын кескінді байқайды. Ол - қызық пішінді екі құрылыс сұлбасының ортасында малдас құрып отырған адамның кескіні болатын.

Дереккөз: <https://bilim-all.kz/article/2902>

А1 қосымшасы

Ұлы даланың жеті кереметі

Атқа міну мәдениеті

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі.

Еліміздің солтүстік өңіріндегі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді.

Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі.

Ұлы даладағы ежелгі металлургия

Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі. Ежелгі заманда-ақ Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастады.

Аң стилі

Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды.

Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі» өнері. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған.

Олар жыртқыштардың, негізінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес.

Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген.

Жалпы, «аң стилі» феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналады.

Алтын адам

Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам».

Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті.

Дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді құдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан. Қорымдағы сән-салтанатты жасау-жабдықтар ежелгі бабаларымыздың зияткерлік дәстүрлерінен де мол хабар береді. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл – Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі.

Түркі әлемінің бесігі

Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды.

Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды.

Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан.

Ұлы Жібек жолы

Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконтинентальды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды.

Бұл жол халықтар арасындағы жаһандық өзара тауар айналымы мен зияткерлік ынтымақтастықтың қалыптасып, дамуы үшін орнықты платформа болды.

Керуен жолдарын мінсіз ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Ұлы дала халқы ежелгі және орта ғасырлардағы аса маңызды сауда қатынасының басты дәнекері саналды. Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды.

Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді.

Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны

Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бүр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды.

Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл әсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ ерекше гүлдер өз әдемілігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар, олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының «ұрпағы». Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі.

Дереккөз: Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. 21 қараша 2018 жыл.

<http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy>

А2 қосымша

Бейбітшілік ұялаған «Бәйтерек» викторинасы

«Астана-Бәйтерек» монументі туралы қысқаша мағлұмат.

Ежелгі таным бойынша бәйтерек – тылсым қасиетке ие ағаш. Жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Ежелгі түркі сөзінен айдарғанда «бәй» – үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде – дарак) «ағаш» деген мағынаны білдіреді. Яғни, екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады.

Монументтің идеясында қанатымен аспанды жауып тұрған «Самұрық» қасиетті құсы туралы ежелгі қазақ аңызы жатыр. Бәйтерек тіршілік тірегіне қарай ұшып келеді. Бәйтеректің ортасында өмір мен үміт беретін алтын жұмыртқа Күнге негіз салуда. Ал астында, тамырында айдаһар орналасып, түн мен қысты шақыруда.

Панорамалық залда әлемнің 17 түрлі діндерінің уәкілдері қолы қойылған 17 жапырақтан тұратын ағаш глобус орналасқан.

Ағаштың негізгі функциясы: негізгі үш ел мекемесінің деңгейін біріктіру – төменгі (жер асты), ортаңғы (жердегі) және үстіңгі (аспандағы).

Дереккөз: <https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/Qazaqstanym/9851/>.

Викторина сұрақтары:

Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген «Бәйтерек» монументінің биіктігі (97 м).

Биіктігінің таңдалуының себебі (Астана қаласының елорда статусына ие болған жылға байланысты).

Күннің түсуіне қарай түсін «хамелеон» болып өзгертіп тұрады (Әйнектері).

Әлемдегі ең үлкен шардың ең биікке көтерілуі бойынша ... ие болды (Рекордка).

«Бәйтерек» нысаны неше бөліктен тұрады? (Үш).

Жер асты бөлігі нені білдіреді? (Ұлттың тамыр жаюы).

Металл конструкциялардан құрылған екінші бөлігі (Бәйтеректің діңгегі).

Ең жоғарғы жағында орналасқан композиция («Аялы алақан»).

Ұшар басында не орналасқан? (Алтын шар).

Шарының диаметрі (27 м).

Жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне енген ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштерінің бірі Тамшыбұлақ бұлағы жайлы деректер.

Тамшыбұлақ бұлағы – Ақсу ауданындағы Қапал ауылының орталығында орналасқан көне заманнан келе жатқан, тастан қаланып салынған ескі зираттардың астын үңгіп, тас қабырғаларды жарып шығып, тамшылардан құралып ағып жатқан қасиетті бұлақ. Бұл бұлақтың мөлдір суын жергілікті тұрғындар көне заманнан бері әр түрлі ауруларды (көз, асқазан, сүйек – буын, жүйке аурулары және т.б.) емдеуге қолданған. Тамшыбұлақ табиғаты өте шұрайлы жерде орналасқан. Бұлақ қойнауы қысы-жазы көк шөптермен көмкеріліп, суықта бұлақ суы қатпай, тамшылап ағып тұрады. Бұлақтың аты осыдан шыққан. Тамшыбұлақтың суы адам денсаулығына шипалы һәм пайдалы екенін ғалымдар да мойындаған.

Тамшыбұлақты алғаш рет зерттеп, сол туралы тарихи деректерді 1859-1865 жылдары атақты саяхатшы, этнограф Ш. Уәлиханов жазған. ІХ ғасырдың екінші жартысында бұл жерде белгілі ғалым, географ, тарихшылар Ш. Уәлихановпен бірге Н. Потанин, Семенов-Тянь-Шяньский болып, бұлақтың өзіндік қасиетіне таң-тамаша қалған.

Тамшыбұлақты зерттеп, артында мол деректер қалдырған Шоқан Уәлиханов көне көз қариялардан мынандай аңыз жазып алған екен: «Күн сәулесіне құбылған Тамшыбұлақтың тамшылары бірін-бірі сүйген сұлтанның қызы мен шопанның ұлының көз жасы екен». Сұлтанның қызы Баян әр түн сайын осы қасиетті Тамшыбұлақ шипалы суына келіп, өзінің ауыр тағдырын айтып жылаған екен. Міне, тамшылап тұрған тамшылар – Баян қыздың көз жасы». Сонымен қатар, 1850-1870 жж. Жетісудың аңыздары мен әңгімелерін жинаған Г. Потанин Тамшыбұлақ туралы керемет мінездеме, сипаттама жазып кеткен.

Киелі жерге келіп, табиғатына таңғалған ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсон Алатау бөктерінде дүниеге келген ұлының атын Алатау Тамшыбұлақ деп қойған. Және 1869 жылы Санкт-Петербург қаласында «Вокруг света» журналында Қапал өңірінің табиғаты мен шипалы сулары туралы алғаш сипаттама беріп, мақала жариялаған. Осындай таңғажайып жерді суретке де салып кеткен. Шипалы су әлі күнге дейін өз қасиетін еш жоғалтқан емес. Жергілікті халық, ауылға келген қонақтар дертке дауа ретінде пайдаланып келе жатыр. Сонымен қатар, Қапал ауылында шипалы суға қысы-жазы шомылып, шынығып жүрген азаматтар да бар. Қалай болғанда да ертегідей табиғат жаратылысы Тамшыбұлақтың сыры әлі толық ашылмағандай. Жүздеген тамшының сыбдыры ғасырлар қойнауынан сыр шертіп, көптеген құпияны айтқысы келетіндей. Тілі болса тамшының да айтар ойы бар. Суының тамшысынан табиғи перде жасап, тырсылдап жатқан бұлақтың суы ауруға шипа, дертке дауа екен.

Дереккөз: «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» кітабы.

https://qazir.kz/article/Tamshubulag_bulagy

А4 қосымшасы

«Ы» мен «І»-ні дұрыс қолданасың ба?

- тор құлын емес – торы құлын. Тор – (сетка) ауға ұқсас құрал (зат);
- тер – адам денесінен без арқылы бөлініп шығатын сұйық зат (терлеу, терлік); тері – адамның, мал денесінің қабы (өңделген тері, терімен қапталған);
- сар дала емес – сары дала;
- тар – дәл емес (тар үй, тар аяқ киім); тары – дәнді-дақыл, тамақ (тарыдан жасалған көже, тары-талқан).

Сендерге түсінікті болуы үшін ы, і әріптері қолданылатын және қолданылмайтын сөздерді салыстырайық:

- арту – көлікке жүк тиеу (жүк арту); арыту – жүдету (арықтату);
- ауру – сырқат (науқас – зат есім); ауыру – сырқатқа ұшырау (ауырып қалу – етістік);
- жорту – жол шегу, атпен қатты жүру (жортуыл); жорыту – түс шешкізу (түс жору);
- ерту – соңына алу (бірге алып жүру, ертіп, ілестіріп жүру); еріту – оттың, судың, ерітіндінің жәрдемімен қатты затта еріту, балқыту (майды, бояуды еріту);
- былғау – бұлдіріп, ластап алу немесе араластыру (май былғау; дақ жұқтырып алу; қарамайға былғау); бұлғау – қол бұлғау (қол бұлғап шақыру);
- ұрсып – қатты сөз айтып, зекіп; ұрысып – төбелесіп, соғысып, шайқасып;
- ұмтылу – ілгері басу, алға қарай талпыну; ұмытылу – естен шығу;
- шаншу – ауру; шанышу – түйреп алу (шанышқы);
- сыру – мықты тігу (сырмақ сөзі осыдан шыққан); ысыру – ығыстыру, қозғау (орнынан жылжыту). Мысалы, көрпенің жүні ығыспасын деп, сырдым. Орындықты әрі ысырдым.

Ы, і әріптерінің қолданылу аясы тек бұл сөздер емес:

- «жарқ-жүрқ етіп басқа, «жарық» басқа;
- «күрк-күрк жөтелу», күрік болған тауық;
- қарға қарқ етті, қарық болу молығу;
- тырс-тырс тамып тұр, тым-тырыс (тыныштық).

Дереккөз: «Ұлт болмысы» республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал №3 (67) наурыз, 2019.

А5 қосымшасы

Орта қол мен ортаңқол тең болмайды

Кейде баспасөзден «саршұнақ аяз», «ақшұнақ боран» деген сөздерді кездестіріп қаламыз. Қазақтың бай тілінде «шұнақ», сол сияқты сын есім қосылып, жаға сөз болып орын тепкен қарашұнақ, қоңыршұнақ, көкшұнақ, қушұнақ, оршұнақ, саршұнақ сияқты әр мағына білдіретін сөздер бар.

Сарышұнақ – тышқан;

Қызылшұнақ – аяз;

Қарашұнақ – балалар;

Қушұнақ – қарғыс, нала (Қуарған, Мұқан, қолыңды әкел, қушұнақ!

І.Жансүгіровтен).

Ақшұнақ – шал;

Сұршұнақ – ел естімеген пәле;

Көкшұнақ – долы;

Оршұнақ – қу тілді;

Қоңыршұнақ – құрбандыққа шалынатын мал (бозқасқа сияқты), садақа.

Ал аязға келсек, ол сары аяз, ақ түтек боран деп айтылады, бірақ саршұнақ аяз, не ақшұнақ аяз емес, қызылшұнақ аяз болады.

Дереккөз: «Ұлт болмысы» республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал №3 (67) наурыз, 2019.

Ананың ақ тілегі
Жұмағали Наурызбай

М.Төрегелдин айтқан әңгіме ізімен

Соғыс кезі, Отанды от ораған,
Талай асқақ арманға оқ бораған.
Еркектерді түгелдей әскерге алды,
Жағдайына ешкімнің қараған жоқ.
Куә етемін Ұлытау дала, шыңын:
Төбірентіп Қарсақбай қалашығын.
Жылап жүріп жеткізді жесір әйел,
Жалғыз ұлын – көзінің қарашығын.
«Қарақағаз» алумен өкіметтен,
Кезең еді шер кетпес көкіректен.
Сол жалғызды басшылар: «тылға керек», -
Деп соғысқа алмауға өкім еткен.
Бұған пенде қалайша қуанбасын,
Қалай көңілі ананың жұбанбасын?!
«Сүйіншілеп!» үйіне келді жігіт
Аңдамастан шешенің құп алмасын.
«Ботақаным, - деп ана күрсініпті, -
Бір сен үшін қияр ем тіршілікті.
Баладан да бірақ та қасиетті
Бір ұғым бар кімге де түсінікті.
Отан үшін саламыз барымызды,
Қажет болса, қиямыз жанымызды.
Саған ана мен болсам, Ұлы Отан -
Асыл ана, сүйетін бәрімізді.
Сен, әрине, өмірім, жүрегімсің,
Ұзақ жылғы ақ үміт, тілегімсің.
Алпыс жаста зағип боп қалғаныммен
Өзің жарық жанарым, тірегімсің.
Сонда-дағы әскерден қалма балам,
Көгермейді Отанын қорғамаған.
Жаудан бұғып, етекке тығылсаң сен
Керегі не баланың онда маған?!
Дей алмаймын енді аз, көп сүремін,
Сенен басқа әйтеуір, жоқ тілегім.
Жар еді ғой жалғызға Жаратушым
Көзін салар жалқыға деп білемін.
Соқыр көзден қан менен су ақтырып,
Тілеуіңді тілермін жылап тұрып.
Аман-есен келерсің қан майданнан,

Жасай көрме қорқақтық, бірақ, қылық.
Мені қойшы өлмеспін, халық барда,
Берер елім қол ұшын тарыққанда.
Бөрігіңді тастап кет - иіскейін
Жаным жылап, көңілім зарыққанда».
Туған жерден жауына кекті ала,
Отан үшін майданға кетті бала.
Амал қанша, окопқа ас таситын
Арбакеш тек болуға жетті шама.
Атысқа да үйренді, шабысқа да,
Ас тасыды жақынға, алысқа да.
Жауды көріп, оларға бір оқ атпау
Тиеді екен қанға да, намысқа да!
Бірде жігіт адасты. Қара басып,
Алғы шеппен кетіпті араласып.
Бір ажалдан құтқарды жегілген ат
Жаудан үркіп, арбаны ала қашып.
Бар қарудан фашистер атқылады,
Бір оскырып, қорқырап ат құлады.
Солдаттардың біразы оққа ұшты,
Қанға бөгіп айнала жатты бәрі.
Сақ-сақ күліп, сұм ажал - кәрі мыстан,
Құлақ тұнып, жігітті қаны қысқан.
Пана қылмақ боп еді арба астын,
Көкке ұшты ол үлкен жарылыстан.
Тұрған кезде оқ ұшы қатерінде,
«Өлдім-ау,- деп, - әттең-ай, жат елінде!»
«Жасай көрме қорқақтық», - деген сөзі
Анасының түсті еске қапелінде.
«Беріл бізге», - деп жауы ақырыпты,
(Кейбіреуі, шынында, сатылыпты).
«Жары Құдай жалғыздың, иә – Алла», - деп
Арыстандай жауына атылыпты.
Ата жаудан жігіттің мысы асты,
Қорықпағанның қорыққанды сұсы басты.
О, Жаратқан! Кенеттен ұшақ қаптап,
Бомба астында немістің құты қашты.
Сенерін де білмеді, сенбесін де,
Пышақ қалды жауының кеудесінде.
Еңіреді, есіл ер жерді құшып,
Ана сөзі оралып енді есіне.
Ересектік пайда боп іреңінде,
Анасы мен Алласы жүрегінде.
Борышын ақ атқарып қайтты елге

Аман-есен, тек оқ бар білегінде.
Үйге жетті. Бір үміт шақыра ма,
Әлде тағдыр тағы тіс батыра ма?!
Бөрік қысып төсіне, босағада...
Шүйкедей боп тулақта жатыр ана!
- Сізсіз, ана, дүние тар еді ғой,
Бір көруге жалғызың зар еді ғой.
Көрдім, бірақ, тулақта... босағада...
Мұныңыз не, құс төсек бар еді ғой.
- Білем, жықтың жауыңды білектілеу,
Мен күткеннен боп шықтың жүректілеу.
Күпірлік қой мамықта жатып алып,
Жалғызыңның жолына тілек тілеу!
Ақ тілеуін ананың сыры мықты,
Сонда ғана баласы ұғыныпты.
Суыныпты денесі әз Ананың
Жалғызына қалдырып жылылықты.
Қазасына Ананың жиылды көп,
Жүректерге нұр сәуле құйылды кеп.
Ырзашылық етіпті Жаратқанға
«Жалғыз ұлдан топырақ бұйырды», - деп.
Осы әңгіме шықпайды көңілімнен,
Көп ұқсастық табамын өмірімнен.
Мені-дағы жеткізген жалғыз анам,
Мен деп тұрып, тек мен деп көзі ілінген.
Бағып-қақты, оқытты, бақ тіледі,
Мейірімін дос түгіл жат біледі.
Аман жүрсем мен бүгін ат үстінде
Бар жебеушім – анамның ақ тілегі.
Дереккөз: Наурызбай Ж. Күз көңіл – Алматы. «ЭВЕРО» баспаханасы,

2006. – 88 б.

Ә1 қосымшасы

Ауыл жайлы түс көрем...

Мыса Мақпал

Ауыл жайлы мен әдемі түс көрем,
Бірге ұшамын аққанат бір құмпенен.
Суын іздеп шарқ ұрамын Қайнардың,
Бала кезде бұлағынан ішкен ем.
Бұл мекенде бары да рас бір тылсым,
Көздерінде кездерім бар бүлдіршін.
Өлең деген өмір құсым көз ашты,

Оятты ма баба аруағы, кім білсін?!
Туған жерім, тұнығым да қуатым,
Ақ бұлағым ақ бетімді жуатын.
Топырағында жалаңаяқ жүгіріп,
Сәттерім-ай, ақ көбелек қуатын.
Түсіме ылғи ауыл кіре береді,
Ақ Қайнардың бақ орнаған желегі,
Аққанат құс сан айналған жер еді,
Бәлкім түске киелілер енеді...
Жылжи берді мен кеткелі жайлап ай,
Бұла шақтың бұлт секілді ауғаны-ай.
Ақ Қайнарым, түсіме ене бергенше,
Зәм-зәміңнен сіміртсеңші, лайламай.
Туған өлке басымызға бақ байлар,
Мейман болсаң ауылыңа мақтай бар!
Айшықты жер ай оңынан туатын,
Айналайын атамекен – Ақ Қайнар!
Дереккөздер: <http://pubhtml5.com/dols/kgqr/basic>
<https://alashainasy.kz/omir/makpal-myisa-59840/>

Ә2 қосымшасы

Алаужыр: Атырау жас ақын-жазушыларының антологиясы;/ Атырау облысы әкімдігі; Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқ. - Атырау: Руханият орталығы, 2018. - 143 б.

Алатау жырлайды: Алматы қаласы жас ақындарының жыр жинағы/ [құраст. Г. Балтабаева] - Алматы: Дәстүр, 2013. - 238 б.

Ақ желкен: (әңгімелер мен өлеңдер)/ [жауапты ред. А. Бектұрғанов; көркемдеуші ред. Р. Қожағұлова] - Алматы: Өлке, 2001. - 127 б.

Баян-жыр: Баянауыл ақындарының антологиясы/ - Павлодар: Дом печати, 2017. - 155 б.

Жастықтың оты жалындап...: (Жас ақындардың жыр жинағы)/- Семей: 2011. - 136 б.

Көкшетау жас ақындар антологиясы/Көкшетау: Мир печати, 2010. – 159 б.

Қарлығаш: жас ақындардың жыр жинағы/Алматы: Жалын, 1995. - 333, б.

Менің Қазақстаным, менің жерім: (Қазақстанның жас жазушылары мен ақындарының шығармалар жинағы)/- Астана: «Социум-Астана», 2009. - 243 б.

Назырбаев Қ. Катонқарағай қаламгерлері - Астана: Нұра-Астана, 2017. - 173, б.

Орталық Қазақстан ақындары поэзиясының антологиясы;/ құраст.: М. Хамзин, М. Топашев - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2009. - 349 б.

Оңтүстік орамдары: Оңтүстік Қазақстан облысы жас ақындарының жинағы;/ [құраст. Қ. Иса] - Алматы: Тұран, 2013. - 232, б.

Рауан: жас ақындар жырлары/- Алматы: Жазушы, 1983. - 191 б.

Сарыарқа самалы: Астана қаласы жас ақындарының жыр жинағы/ [құраст., ред. Г. Балтабаева; алғы сөз А. Кемелбаева] - Алматы: Дәстүр, 2013. - 230 б.

Шабыт: Жеңімпаз жас ақын-жазушылардың антологиясы/- Астана: [Б.ж.], 2009. - 286 б.

Шығыс шұғыласы/- Өскемен: Шығыс-Ақпарат, 2011. - 243 б.

ӘЗ қосымшасы

Т.Жомартбаев (1884-1937 жж.) Семей губерниясында дүниеге келген, педагог, драматург, жазушы. Оның «Балаларға жеміс», «Қыз көрелік» атты шығармалары бар.

Төлеу Көбдиков (1874-1954 жж.) Семей аймағында өмір сүрген, «Алып күшті Отаным», «Өмір жыры» атты өлеңдерін Абай атамызға арнаған.

Шәкір Әбенев (1901-1994 жж.) Семей өлкесінде жұмыс істеп, өмір сүрген. Ол – фольклоршы және сазгер. Оның «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Кейпін батыр», «Таңшебер-Жапал» поэмалары халыққа танымал.

Төлеужан Ысмайлов (1932-1973 жж.) бұрынғы Семей облысында дүниеге келген. Оның «Есіл», «Дала министрі», «Жылқышы» атты поэмалары және 40-қа жуық сатиралық өлеңдері бар. Т.Ысмайлов А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың өлеңдерін қазақ тіліне аударған

Базар жырау Оңдасұлы (1842-1911 жж.), Қызылорда облысында дүниеге келген. «Әр кемелге бір зауал», «Тіршіліктің түрлері», «Керқұлан», «Кермиық» атты толғаулар бар.

Сағынғали Сейітов (1917-2007 жж.), Батыс Қазақстан облысында туған. «Жолдас жүректен», «Ортақ ой» және басқа жинақтары, сонымен қатар «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі», «Тоғысқан толқындар», «Туысқандық туғызған», «Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі» және басқа монографиялар мен әдебиет зерттеулері жарық көрді.

Дихан Әбілов (1907-2003 жж.) Павлодар облысының тумасы. Ол «Ақын арманы», «Арман жолында», «Баянауыл баурайында» атты шығармалардың авторы.

Әлжаппар Әбішев (1907-2003 жж.), Қарағанды облысында дүниеге келген, «Достық пен махаббат», Мәди Бапиұлына арналған «Атыңнан айналайын» шығармалары бар.

Хамит Ерғалиев (1916-1997 жж.), Атырау облысында дүниеге келген. Ақын украин ақыны Т.Шевченкоға «Аңыз ата» атты өлеңін арнаған. Оның «Құрманғазы» поэмасы ұлы сазгер Құрманғазыға арналған.

Асқар Тоқмағанбетов (1905-1983 жж.), Қызылорда облысында туған. Ол «Қыран тұғырдан ұшады», «Ақ моншақ» атты романдардың авторы.

Сағи Жиенбаев (1934-1994 жж.), Ақтөбе облысында туған. «Қарлығаш», «Сыйлық», «Таң алдында», «Нан мен тұз» және балаларға арналған «Ботақан», «Қошақан», «Ұшып келем» атты жинақтар жазған.

Сәкен Иманасов 1938 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Автордың «Туған ауыл», «Ақ айдын», «Адырна», «Жебе» атты шығармалары және «Қаламдастарым мен замандастарым» атты эссесі жарық көрді.

Ақтан Керейұлы Ақтөбе облысында туған. Ақын әрі жырау, ол «Аяғына қан түссе», «Біріншіден не жаман?» атты шығармалар жазды.

Құлыншақ Кемелұлы Оңтүстік Қазақстан облысында «Көлбайға», «Дүйсенбі датқаға», «Оңдыбайға», «Майлыға», «Мөделіге» атты шығармалар жазды.

Танымал жырау – Марабай Күлжабайұлы Батыс Қазақстан облысында туған, «Қобыланды», «Ер Тарғын», Марабайдың нұсқаларын жазған.

Сейітжан Омаров (1907-1985 жж.), Ақмола облысында туған. Жазушы, ақын, аудармашы «Қызыл арай» атты роман, «Заман күші», «Әңгімелер», «Алтын алқап», «Дала қызы» шығармаларын жазған.

Ғали Орманов (1907-1978 жж.), Алматы облысында туған. «Өмір дастаны», «Бөбек жүрегі», «Сәт сапарда», «Ой қанаты», «От өзен», «Жер қазығы», «Жыр қанаты», «Жылдар жыры» атты шығармалары бар.

Жайық Бектұров – журналист, жазушы (1912-1998 жж.), Ақмола облысында туған. «Өткел», «Таңба» атты жинақтары бар.

Саяхат бағыттары

1. «Ұлы даланың – Ұлытауы» бағыты: Ақмешіт Әулие биігі, Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, Теректі әулие

Ақмешіт әулие – ескі қамалдың орны, қасиетті жер. Қарағанды облысы Ұлытау тауының биік шоқысында орналасқан. 1946 жылы академик Ә.Х.Марғұлан зерттеген. Тік төртбұрышты жобамен салынған, көлемі 42х42 м. Іргесінің қалыңдығы 30-40 см, граниттен қаланған. Жанында тас обалар бар. Зерттеулер Ақмешіт әулие көшпелі халық мекенінің орны екенін дәлелдеді.

Алаша хан кесенесі халық шеберлерінің қолымен XI-XII ғасырларда Алаша ханның құрметіне салынған. Оның есімі қазақтың үш жүзінің пайда болуымен тікелей байланысты. Қазақстандық әйгілі кесенелердің бірі Қаракеңгір өзенінің аңғарында, оң жағалаудан 2 км қашықтықта, Малшыбай ауылынан алшақ емес жерде орналасқан. Сарыкеңгір өзенінің құярлық саласында биік жотаның үстінде тұр. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошыға бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан.

Дереккөз: <https://e-history.kz/kz/publications/view/766> © e-history.kz

Қазақ аңыздарында Алаша хан түркі тайпаларының басын қосқан хан ретінде танымал. Ғалым Шоқан Уәлихановтың жазбаларында мынадай жолдар кездеседі. «Түркістанның Қызыл Арслан деген ханы баласы алапес болып туылғандықтан, оны ұнатпай «Алаша» деген ат беріп, Сыр бойынан Арқаға жер аударып жібереді. Бала өсіп ержеткен соң, оның қасына жігіттер жиналып, елде беделі артады. Алаша білімпаз, кемеңгер кісі болғандықтан, жұрт оны қадірлеп хан көтереді».

Дереккөз: <http://bilim-all.kz/article/8589-Alasha-han-kesenesi>

Жошы хан күмбезі Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш.

Әлемді тітіреткен Шыңғыс ханның төрт ұлының үлкені, «Ақсақ құлан» күйінің дүниеге келуіне түрткі болған тұлға. Шыңғыс хан ұлдарына билеуге жер бөліп бергенде, Қазақ даласында билік құрған. Моңғол билеушілерінің ішінде жергілікті халықтың тілі мен мәдениетіне оң көзқараспен қарап, қол астындағыларға деген жақсы қарым-қатынасымен ерекшеленген.

Домбауыл кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа қарай 58 шақырым жерде, Қаракеңгір өзенінің сол жағасында орналасқан. Ғалымдардың пікірінше Орталық Қазақстандағы ең көне құрылыс болып саналады.

Кесене ғұндар билеген кезде салынған деп саналады. Аңыз бойынша бұл кесене ұлы сазгер және жауынгер Домбауыл құрметіне салынған. Ескерткіштің биіктігі бес метрден асатын конус тәрізді төртбұрышты негізге қойылған, тас плиталарынан тұрады.

Жезқазған-Қарағанды тасжолы бойындағы Теректі елді мекенінен он шақты шақырымдай жердегі «Теректі әулие» аталатын мекен қызыл қоңыр тасты аласа ғана 5-6 төбешік. Төбенің үстінде тас бетіне қашалып салынған суреттер мол. Олар ертедегі адамдардың тіршілік тынысынан хабар береді.

Бір сурет өте ерекше. Жұмсақ жерге немесе сазға түскендей адамның мандайы мен мұ-нының, екі алақанының, тізелері мен табандарының ізі қалған тасқа ойылып салынған. Құбылаға бағытталған осы із жөнінде Теректі әулиенің мінә-жат еткен орны деген аңыз бар. Төбенің оңтүстік жақ көлбеу беткейінде жоғарыдан төмен қарай бағытталған жолақ таңба алыстан ағарып көрінеді. Маңындағы ел мұны «Әулие сырғанағы» деп атайды, «сырғанақтың» беті таңбалы суреттерге толы.

2. «Хан тәңірі – көк аспанның тірегі» және «Табиғаттың таңғажайып сыйы – Шарын шатқалы» бағыты: «Хан Тәңірі» шыңы, Шарын каньоны. Бұл бағыт бойынша сабақты «География» оқу пәнімен байланыстырып: табиғи мұра ескерткіштерінің орналасқан жерімен, табиғатымен, жер бедерімен, климатымен таныстыру арқылы өткізуге болады.

Хан-Тәңірі шыңы – Қырғызстан мен Қазақстан (Алматы облысына таудың солтүстік-батыс бөлігі қарайды) және Қытай шекарасында орналасқан Шығыс Тянь-Шаньдағы шың. Солтүстік жарты шарының ең биік нүктесі. Жергілікті қазақ пен қырғыздар бұл тауды кешке күн батарда қызарып кететін өңіне қарап «Қантау», «қантоо» деп те атаған.

Шарын каньоны – Шатқал Шарын өзені бойымен солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 154 км созылып жатыр. Бұл аймақтың рельефі әртүрлі. Шарын өзеніне Теріскей және Күнгей Алатау жоталарының солтүстік баурайынан бастау алатын көптеген өзен сулары қосылып, суы мол өзенге айналады да, Жалаңаш ойпаты мен Торайғыр тауын шығысынан қақ жара өтіп орасан зор шатқал жасайды

3. «Алтай – ер түріктің алтын бесігі» бағыты. Алтайдағы Мұзтау шыңы – Ресей мен Қазақстан шекарасында, сонымен қатар Қытай мен Моңғолия шекарасында бір-біріне бетпе-бет бой көтерген Белуха-Қатын таулар тізбегінде орналасқан Алтайдың ең биік шыңы.

Мұзтаудың бірнеше атауы бар. Алтайдың байырғы тұрғындары оны Уч-Сумер (Үш Сүмер) деп таниды. «Үш» сөзі түсінікті болса, «Сүмер» деген моңғол тілінде, буддизмдегі «Меру» – «Киелі тау» деген мағынаны береді, яғни «Үш Сүмер» - «Үш басты киелі тау» деген атаудан шыққан. Кезінде Алтайдың екі жағын қатар қоныстанған елдердің арасындағы маңызды сауда-экономикалық рөл атқарған Үкік жазығынан қарағанда Мұзтаудың әппақ тәж киген үш басы анық көрінеді.

Екінші атауы – «Қатын Бажы». «Қатын» сөзі ертедегі түркілер тілінде «Ханшайым, жоғары тектен шыққан әйел» деген мағына берген, ал «Бажы» кейіннен трансформацияға ұшыраған «Басы», яғни «Бас» немесе «Шың» сөздеріне келеді. «Қатын Бажы» сөзі қазіргі тілмен айтқанда «Әппақ тәж киген Ханшайым» мағынасына ие, сонымен қатар Көк Тәңгірге табынған ежелгі елдер арасында «Құдайлар тауы» деген де түсінікке ие.

Алтайдың теріскейін мекендеген ежелгі славяндар Мұзтауды «Белуха» деп атайды. Бұл «Белый» сөзінен шыққан, басындағы мұздықтар мен ерімейтін қарларға қарай қойылған деген қате ұғым бар. Негізі Белуха атауы таудан ағатын мөлдір суларға байланысты «Беловодье» сөзінің қысқартуынан шыққан-мыс. Алтайға қоныс аударған алғашқы ортодоксальды христиан өкілдері (староверы) жұмақтың жердегі бөлшегі – «Беловодье» осы Мұзтаудың ішінде жасырылған деп сенген. Бажовтың ертегілерінде жазылған «таудан аққан сүт тәрізді өзендер» осы Мұзтаудың тау бұлақтарына қарап шыққан екен.

Азияның бұл бөлігіне ислам келгенге дейін Көк Тәңгірге табыну кезеңінде Мұзтау «Ұмай ананың отаны» саналған. Ұмай ана – өмірдің бастауы, Тәңірі жаратқан тіршілік иелерінің жарылқаушысы бейнесінде. Ананың сүтін басқадан жоғары қойған түркілер Ұмай ана бейнесін Құдайдың өкілі санаған. Мұзтаудың әппақ шыңдары ана кеудесі, одан аққан мөлдір су тіршілік сыйлаушы ана сүті деп есептеген. Тәңір – өмірдің бастауы болса, Мұзтау Тәңірінің жерге тіршілік берген бастауы болып саналған.

Мұзтаудың қойнауы аңызға толы өлке. «Жердегі жұмақ – Шамбала» да, ғарыштан келген қонақтар да осында деген бір-бірінен өтетін аңыздар қаншама. Ал жанына сая, көңіліне сабыр іздеп келгендер мүлгіген тастар мен аспанмен таласқан шыңдар арасынан адам әлі табиғаттың бір кішкене бөлшегі екенін түсініп қайтады.

Шынымен Азияда кең таралған аңыздарға сенсек Мұзтау адамзаттың болашағы саналады. Соның бірінде болашақта жер бетінен адамдар жойылады, сол кезде суға жан берер мұздығы, адамға пана болар орманы, қазынаға толы алаңы бар Мұзтау ғана соңғы арал болып қалмақ. Сол себепті Мұзтау киелі орын саналады. Тәу етеді. Мұзтау «жер кіндігі» дегенге сенеді. Ғарыштың энерегиясымен тікелей байланысы бар Алтай адамға денсаулық пен шымырлық береді, киесіне бас ұрған адамға жаңа мүмкіндіктер ашады деген наным әлі күнге дейін бар.

Алтайдан мыңдаған шақырым алыстағы Үндістанда кеңінен таралған аңыз бар. Онда теріскейге қарай ұзақ жүрсең Қатын өзенінің жағасында шыңдары аспанмен таласқан Сумеру тауы бар деп айтылады. Үндінің қасиетті ведаларында Мұзтауды «төрт мұхиттың кіндігі» деп сипаттайды. Расымен де жағрапиялық жағдайы бойынша Мұзтау үш мұхиттың – Солтүстік мұзды, Тынық және Үнді, тура ортасында орналасқан, сондықтан да ежелгі жазбаларда «Жер кіндігі» деген атқа ие болуы да тегін емес.

1926 жылы танымал орыс ғалымы Николай Константинович Рерих Мұзтаудың етегіне, таулы Алтайға барып қайтуға экспедиция жинайды. Алтын таулар (Алтай атауы түркі тіліндегі «Алтын» сөзінің қысқартылуынан шыққан) Орталық Азия мен Сібірді байланыстырып тұрған күре жол ретінде қатты қызықтырған. Ол өзі философияға, археологияға қызығушы адам ретінде жергілікті мәдениетпен етене таныса бастайды. «Алтайды бәрі мақтайды! – деп жазады Рерих сапарының алдында – Тауы да биік, шөбі де шүйгін, суы да мол. Алтайды көктем шыға ешкім көрмеген гүлдер де пайда болады дейді. Шынымен де оның сондай кереметі бар екен?». Ал Алтайды өз көзімен

көргенде осыған дейінгі скептикалық ойларынан түк қалмаған Рерих, енді Алтайға ғашық болып зерттеуді толықтай қолына алады. Алтын таудың бай табиғаты, ежелгі адамдар өмір сүрген үңгірлер, түркі заманынан қалған ескерткіштер таң қалдырған ол «Алтай мен Гималай, екі полюс, екі магнит» деп таң қалысын жасырмайды.

Алтайдан мыңдаған шақырым жерде, адам аяғы әрең жететін, Гималайдың солтүстігіндегі тақуа- йогтар өмір сүретін Тибеттегі Ладакхада Меру, бізше Мұзтау туралы өте жақсы біледі. Осы жерден Рерих алғаш рет Ақ Бұрхан (будда дініндегі табынатын пұт) Алтай аңызын естиді. Жергілікті ламаның айтуынша «Тымық күндері Мұзтаудың үстінен қараған адам құм тастың астында қалған ежелгі қала Аюши Ханды көруіне болады. Қаланың қабырғалары мен шіркеулер тіпті қол жететін жерде тұрған сияқты» дейді. Аңызға сенсек халық арасында Ақ Бұрхан атанып кеткен Алтайдың ежелгі билеушісі Ойрот өз жауларымен болған бір соғыста жеңіліс тауып, шегінуге мәжбүр болады. Сарбаздарымен бас сауғалаған ол бейтаныс өлкені паналап, болашақта қайтып келемін, Ұлы Алтай мемлекетін қайта құрамын деп уәде береді. Оның оралуының қандай белгілері болады деген сұраққа Ойрот: «Белгіні Қатынбаштың басынан шыққан Күн береді» деп айтқан екен. Қатынбашымыз сол Мұзтау. Жиырмасыншы ғасырдың басында болған қатты жер сілкінісінен соң Мұзтаудың сырт бейнесі сәл өзгеріске ұшырайды, оның үш басының бірі мүжіліп түсіп, енді алыстан қарағанда екі басты тәжге айналады. Таң қалған халық күннен белгі іздейді. Және дәл сол уақытта таудың ішінен беймәлім адамды жолықтырып келген бір қыз «Оның жүріс тұрысы Ойротқа келеді екен!» деп халықты одан сайын сендіреді, барлығы күте бастайды. Бірақ Бұрхан оралмайды.

Бұрхан хан (Ойротқа халықтың берген атағы) әлі де оралады. Алтай халқы күтеді. Ал Николай Рерихтың пайымдауынша Бұрхан – ол кәдімгі ұлы Будда. Бұл шаманизм мен буддизмнің араласып кетуінен туған аңыз.

Міне осы оқиғалардан соң Алтайда бурханизм деп аталатын жергілікті дін пайда болып, кеңінен етек ала бастайды. Олар Дерен үңгіріне жиналып, мінажат жасап, жер сілкінген сәтті жіберіп алмайық деп, Күннен белгі күтетін болды. Жергілікті билік күшпен таратса да бурханизм Алтайда көпке дейін сақталып келді. Әлі де бірен саран өкілдері бар.

Мұзтаудың етегінде Қатын өзенінің жағалауында «Патшалар алқабы» бар. Берелдің бел ортасында орналасқан. Терең мұздықтарға жерленген, тастармен басылып тасталған қорымдар бертінге дейін «белгісіз халықтар моласы» атанып келген. «Марал қорымы» деген атауы жергілікті халыққа етене таныс. Кейіннен Ұлы Түркі қағанатына тікелей қатысы бар, Қағандардың жерленетін орны екені белгілі болған бұл алқаппен де байланысты аңыз өте көп. Соның бірінде былай дейді: «Осы өңірді мекендеген ілімі мен байлығы басқалардан екі бас жоғары тайпа өмір сүріпті. Жаугершілік заманда ел басына күн туып, тайпа адамдары үңгірлер арқылы белгісіз жаққа кетуге мәжбүр болған. Аңыз бойынша басына балбал тас орнатылған тас қорымдар тайпаның жер астына кету жолдары екен-мыс. Рерих осы жерде Тибетте естіген «Жер

астынан шыққан білімді адамдар туралы аңызды» еске алады, бұл арада қандай бір байланыс табу қиын. Бірақ Тибеттегі монахтардың Алтай туралы білімін еске алсақ, мүмкін алып елген «жер астынан шыққан адамдар» ма екен? Алтайдың аңызы бойынша «жер астына кеткендер әлі оралады. Ол үшін елде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнауы тиіс», сонымен қатар бұл тас қорымдардың Орион шоқжұлдызына сәкес орналасқанын байқаған ғалымдар Мұзтаудың бір қойнауында ежелгі астрономиялық обсерватория болуы мүмкін екенін де естен шығармайды.

Дереккөз: <http://kray.pushkinlibrary.kz/kz/kieli-oryndar/m-ztau.html>

Таудың беткі бөлігінің 27 шақырым аумағын алып жатқан шағын мұздықтар бар. Берел ең ірі мұздық, оның биіктігі – 1950 метр. Алтайдың алғашқы карталарындағы Оңтүстік-Шу Альпісі және Катун Альпісі деген жазбалар осы өңірдің көне атаулары болып табылады.

4. «Адамзаттың тал бесігі – Қазығұрт тауы» бағыты. Тянь-Шань тауларының сілемдері болып табылатын, басында кеме қалған Қазығұрт тауы Шымкент қаласынан 40 километр жерде, Ташкент – Шымкент – Самара тас жолының бойындағы орналасқан. Пайғамбардың кемесі қалған, түркі әлеміне ортақ киелі Қазығұрттай қасиетті тау әлемде санаулы ғана, яғни Палестинада – Синай тауы, Араб Әмірлігінде – Аль-Жуди, Арменияда – Арарат.

5. «Адай ата – Отпан тау» бағыты. Маңғыстау облысы аймағындағы Батыс Қаратаудың ең биік нүктесі (биіктігі – 532 м) болып табылады. Ақтау – Таушық – Шетпе тас жолы бойындағы Жыңғылды ауылы менен Тұщыбек санаторийінің орта жерінде, жолдан 5-6 км сол жақ қапталында орналасқан.

Тау бөктерінде көптеген сырқаттарға ем киелі шипа шөптердің 15 түрі, сонымен қатар бал тәрізді қара қоңыр мумия өседі. Аң-құстардан: арқар, түлкі мен көкжал қасқыр, тау бүркіті мен сұңқар, ителгі, қаршыға мен күйкентай кездеседі.

Ақсарай. Адай атамиздың Ақордасы. Ақсарай Адай атаның сегіз немересінің құрметіне арналған сегіз бөлмеден тұрады. Бұл бөлмелерде елдің елдігін ұлықтайтын ас-жиын, елдің елдік, ұлттық мүдделеріне байланысты салиқалы кеңестер өткізіледі және бұл сарайда өлкенің өткен өмір тіршілігін бейнелейтін тарихи мұражай бар.

Орталық залда Қазақстан мемлекетінің даму тарихына арналған тұрақты көрме (қазақ хандықтары, хандар шежіресі, ұлт қаһармандары, қазіргі заман бейнелері, ұлттық рәміздер, тәуелсіздік көріністері, тұңғыш президент – Елбасы туралы деректі көріністер) ұлттық мәнермен безендірілген.

«Маңғыстау және жеті жұрт» тақырыбындағы көрме залы Маңғыстау тарихына арналып, ол жердің археологиялық сараптамасы, картасы, макеттер, артефакттер аңыз-әңгімелермен айқындалып, тас дәуірінен осы күнге дейін мекендеген халықтар мен тайпалардың тарихы, мәдениеті бойынша жинақталған мәліметтер жүйеленіп жасақталған. Мысалы: Қазақстан жеріндегі тайпалық одақтастар картасы, және біздің эрамызға дейінгі Y-111 ғасырдағы ежелгі сақ тайпалары жауынгерлері суреттері ілінген. 552-744 жылдары билік

құрған Түрік қағанаты туралы деректер (Түрік империясы картасы, Ноғай ордасы картасы, «Қырымның қырық батыры» кітабы) көрсетілген.

«Маңғыстау және Маңғыстаулықтар» көрмесі Маңғыстаудан әртүрлі себептермен шет асып кеткен маңғыстаудың байырғы тұрғындарына және Маңғыстау зиялыларына арналып жасақталды. Бұл көрмеде өткен және жаңа тарихтағы өнегелі істермен өлкеге, республикаға белгілі маңғыстаулықтардың өмір тарихы айқындалды.

«Қол өнер көрме залы» бұл зал қазақ қолөнерінің соңғы ғасырдағы даму сатылары мен бүгінгі күнге арналған. Бұл залдағы витринада өлке жерінде өте ертеде салынып, күні бүгінге дейін сақталған көне тарихи-архитектуралық ескерткіштерді салған есімі елге кеңінен мәлім маңғыстаулық тамшы шеберлер туралы деректер көрсетілген.

Өлке жеріндегі ислам көрме залы. Маңғыстау еліміздегі тарихи ескерткіштердің 70 пайызы орналасқан Қазақстан Республикасына белгілі әулиелі – киелі мекен. Бұл жерде әсіресе жер асты мешіттері көптеп кездеседі. Бұл көрме залы Маңғыстаудағы ислам дінінің таралу тарихына арналған. Осыған байланысты бұл көрмеде дін тарату орталығы болған жер асты мешіттер картасы, артефакттар, діни қайраткерлер туралы мәліметтер және соңғы ғылыми-зерттеу жұмыстар нәтижелеріне негізделген тарихи тұжырымдар орын алды.

«Ана келбеті» ескерткіші. Адай Атаның жұбайы барлық аналардың образы. Жүзінде айдың, жүрегінде күннің суреті өрнектелген. Бұл ананың жүзі айдай жарқын, жүрегі күндей ыстық деген мағынаны білдіреді. Көкірегінің тұсында ұшып бара жатқан екі қыран құстың суреті бейнеленген. Бұл ананың құрсағынан шыққан екі баласы Құдайке мен Келімберді. Аналар үйдің иесі. Сол себепті «Ана келбеті» ескерткіші Адай атамыздың Ақордасы – Ақсарайдың жанына орналасқан. Биіктігі 15 метр.

362 баспалдақ. Киелі Маңғыстауда мекен еткен 362 әулиенің рухына арналған 362 баспалдақ Ақсарай мен Адай Ата кесенесін жалғастырады. Жер-Ананың қойнауына тән жерленген әулиелердің рухы Отпан таудың басына келіп, осы баспалдақпен жүріп өткен жанға шапағаты тиеді деген тілекпен ырымдап салынған.

Адай Ата кесенесі. Адай Ата кесенесі Қаратау жоталарының ең биік шоқысы (Балтық теңізі деңгейінен 532 метр биік) Отпан тауда орналасқан. Кесененің биіктігі күмбез найзасының ұшына дейін 37 метр. Ресей республикасында жасалған күмбездер арқауы алтынмен шайылған. Адай Атаның екі қапталындағы-екі баласы Құдайке мен Келімберді атамыздың құрметіне арналған кесенесі.

Адай Ата елінің Ел таңбасы. Қалқанның фондында айқастырылып салынған. Найза мен қылыш, ортасында бүкіл ел білетін атауы «Жебе» делінетін Адай таңба. Бұл таңба ұштары біріккен үш сызықшалардан тұрады және ол садақ оғының ұшын бейнелейді. Бұл Ерліктің, Елдіктің, Бірліктің белгісі. Адай таңба Үш жүздің басының біріккен күшімен, көк найзаның ұшымен ғана жауынды жеңіп жерінді қорғай аласың, «үш жүздің басы біріксе

алынбайтын қамал жоқ, тәуелсіздіктің тірегі-үш жүздің басының бірлігі» деген мағынаны білдіреді.

Адайдың Жебе таңбасы (стрела, стрелка) бағыт-бағдар, жол көрсетіп бүкіл әлем елдерінің кез-келген жерінде тұр. Бұл Атам Қазақтың қарашаңырағының иесі Адайлардың «авторлық» құқы.

Көкбөрі. Түркі халықтарының символы. Ерте заманда аталарымыз көкжал қасқырды пір тұтқан. Себебі ол қандай қиыншылыққа да төзімді, өзінің жауларынан да, табиғаттың дүлей күшінен де қорғана алатын күшті, қолға үйретуге көнбейтін, туған жерінен басы ауған жаққа кетпейтін және өз ұяластарын сыртқы жауға бермейтін, қызыл кітапқа енбеген, саны көбеймесе, азаймаған, ержүрек ақылды да айлакер, киелі аң. Аталарымыз Көкбөрінің бойындағы осы қасиеттерін өз ұрпағының болмысында болуын қалап, балаларына үлгі тұтқан. Сол себепті ол бүгін де халқымызға символ бола алады. Күні кеше тәуелсіздік алған халқымыз батысымызда Ресей, шығысымызда Қытай, басқа да алпауыт елдердің ықпалында кетпей, ғасырдан ғасырға сақталған тілін, ұлттық ата салт-дәстүрін, өз болмысын, намысын, мәдениетін сақтай білуі үшін аталарымыз пір тұтқан осы Көкбөрінің рухынан нәр алсын деген мақсатта салынған.

Ұран оты. Ерте заманда елге жау шапқанда, кең байтақ Маңғыстауды ру-ру болып жайлап жатқан халықтың басын жинау үшін Отпан таудың басында Ұран отын жаққан. Сүйтіп Адай халқы бірігіп елін, жерін жаудан қорғап қалған. Отпан таудың басынан жаққан алау от сонау Үстірттің үстінен көрінеді екен. Қазір бұл жерде жыл сайын Маңғыстау халқының ежелден келе жатқан жыл басы 14 наурыз-Амал күні садақа беріліп, наурыздың 13-нен 14-іне қараған түні бірліктің, достықтың, тірлігіміз бен намысымыздың, ұлттық тәуелсіздігіміз жолындағы әр жылғы жеңісіміздің мәңгілік оты жағылады. От жағу рәсіміне өлкеде еңбек етіп өмір сүріп жатқан он екі ата Байұлының (Кіші жүз) өкілдері, Ұлы Жүз бен Орта Жүздің де өлкемізге белгілі зиялы ақсақалдары қатысады. Солардың қолынан өткен факел ең соңында Адай Атаның сегіз немересінің ұрпақтарының қолымен жағылады. 2008 жылы Құдайке атаның үлкен ұлы Қосай атаның, 2009 жылы Тәзіке ата ұрпақтарының ақсақалына Ұран отын жағу рәсімі берілсе, 2010 жылы Келімберді атаның үлкен баласы Құнанорыс атаның, 2011 жылы Ақпан атаның ұрпақтарына жүктелді. Тағы да есте сақтайтын нәрсе, Отпан таудың басында қорған болған. Сол қорғанда жыл он екі ай бойы сарбаздар өмір сүріп, күзетте болған. Қажетті уақытында от жағу үшін қорғандардың бірінде құрғақ ағаш-отын (сексеуіл, т.б.) сақталған. Бұған куә Адай Ата іргетасының тереңдігі 7 метрлік іргетасты қазу кезінде астынан өте ескіріп, жіңішкерген аттың сулығы, т.б. шыққан.

Батырлар алаңы. Көкбөрі, Батырлар алаңы, Баһадур батыр ескерткіші, Ту төбе аралығына салынған арнайы баспалдақ жолдың екі жағына Маңғыстау жерін қорғаған Адай тайпасы батырларының, Кіші жүз, Ұлы жүз бен Орта жүздің тарихта қалған атақты халық батырларының ескерткіш мүсіні немесе аты-жөні және өмір сүрген уақыты көрсетілген ескерткіш тақталары орнатылады деп жоспарланған. Мақсат Каспийден Алтайға, Орал тауынан

Аралға дейін созылған ұлан байтақ Қазақ жерін қорғаған батыр аталарымыздың аспан астындағы мұражайын ашып, жастарымызды патриоттық сезімге, ұлтжандылыққа, имандылыққа, батырлыққа, ерлікке тәрбиелеу.

Ту төбе. Тәуелсіздігіміздің көрінісі. Ресми саяси-мәдени шаралар ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының туы ілінетін арнайы орын. Ту тұғырдың биіктігі 20 метр шамасында. Сонымен қатар болашақта Баһадур батыр ескерткішін орнату жоспарланған. Бұл – қазақтың жерін қорғаған, Алатауға дейін барып, Сайрамды үш айналған Адай ата ұрпағы батырларына арналған ескерткіш статуя.

Дереккөз: <https://abai.kz/post/40223>

6. «Көне дүние күмбірі» бағыты: Жұмбақы тауындағы және Абай ауданындағы «Қоңыр әулие» үңгірлері, «Бектау ата» тауы мен үңгірі және Жылаған-ата үңгірі.

Қоңыр әулие Сарыарқаның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Баянауыл тауының жан-жаққа тараған сілімдерінің бірі Жамбақы жеріндегі Қыран Баянтаудың ұшар басын, Құлан Қызылтауды мекендегені туралы аңыздар бар.

Екінші үңгір Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы аумағында Шыңғыстау, Ақтас тауының етегінде, Шаған өзенінің жарқабақты оң жағалауында орналасқан.

Төңірегінде түрлі шатқалдары мен құздары бар, ертедегі ғұрыпқа тән тауға сиынуға байланысты «Әулиетау» деп аталған «Бектау ата» тауы мен үңгірі Балқаш қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Мұнда өсетін өсімдіктердің жүзге тарта түрінің 45-і сирек кездесетін және 8-і «Қызыл кітапқа» енгізілген. Сонымен қатар, тауда киелі саналатын тұщы су көзі бар «Әулие» үңгірі орналасқан.

Аңыз бен ақиқатқа толы Жылаған-ата үңгірі Түркістан облысы Кентау маңында Қаратаудың етегінде орналасқан. Геологиялық тұрғыдан қарасақ, қарт Қаратаудың бауыры химиялық элементтерге бай. Кеңестік кезеңде мұнда, болат та, қорғасын да, мырыш та, алтын да өндірілді.

7. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени кешені бағыты. Ақын, ислам дінінің көрнекті жаршысы, «Түркістан пірі» атанған ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне арнап Әмір Темір салдырған кесене (хакана) негізінде Түркістан қаласында 1991 жылы ашылған. Бүкіл түркі жұртының, мұсылман қауымының қадір тұтатын киелі орны. Қорық-мұражай Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен бірге Үлкен қылуат (жерасты мешіті, XII ғасыр), Әулие Құмшық Ата қылуаті (XII ғасыр), Сегіз қырлы кесене (XIV-XVI ғасырлар), Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның зайыбы Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғасыр), Шығыс моншасы (XVI-XVII ғасырлар), Есім хан кесенесі (XVII ғасыр), т.б. археологиялық, тарихи сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды.

Сонымен қатар бұл қорымда қазақ халқының ардақ тұтқан кемеңгер адамдары, мемлекет қайраткерлері, елі үшін ерлік өмір сүрген қас батырлар жерленген.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

8. «Қазақ хандығы» монументі бағыты. Тараз қаласының батыс бөлігінде Қазақ хандығының қалыптасуының тарихи маңызын ашатын 30 метрлік ескерткіш орнатылған. Мүсіндік композиция алыс қашықтықтан анық көрінеді және ландшафтық панорама басым болып табылады.

550 жыл бұрын Қозыбасы жерінде Талас пен Шу өзендерінің арасындағы Керей мен Жәнібек сұлтандар қазақ хандығын құрды. Соңғы жылдары ғылыми айналымға енген аңыз бойынша, Керей хан мен Жәнібек хан қол астындағы ру-тайпалармен 1457 жылдың күзінде Шу өңіріне көшіп келген. Ал 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етіп көтерді. Керей хан мен Жәнібек ханның бөлінуімен Көшпелі өзбектер мемлекетінде ыдырау процесі басталады. Әбілхайырханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей хан мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңнан асып кетеді.

Алғашында Қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Ежелден осы алапты мекендеген тайпалар Дешті-Қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етене араласып кетті.

Ұмытпай, келер ұрпаққа жеткізу мақсатында 2015 жылы Тараз қаласында «Қазақ хандығы» ескерткіші орнатылды.

Дереккөз: «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.

«Қазақ елінің тұтастығын дәлелдеген – Аңырақай шайқасы»

Аңырақай шайқасы – қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалуға негіз болған қазақ-жоңғар соғысындағы ең ірі және шешуші соғыстардың бірі.

Қазақ тарихының алғашғы сүрлеуін салушылардың бірі һәм Алаш ардагері Мұхаметжан Тынышпаевтың дерегінде бұл шайқас 1721-1723 жылдардағы сұрапыл апат «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасынан кейін, нақты 1730 жылы болғаны жайлы айтылып, майдан даласы Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс жағында 120 шақырым жерде, ол жер ел арасында «Итішпес» деген атпен мәлім деп жазады.

Жоғарыдағы Алаш оқымыстысының пайымы негізінде шайқас орнын нақтылаған кейінгі зерттеушілер оны – Балқаш көлі, Отар даласы, Шу өзені аралығындағы адырлы алқап деп отыр. Өйткені бұл жерде қазақ-қалмақ қорымдары өте көп және нысан КСРО Бас штабының 1942 жылғы құпия картасында «маңызды нүкте» ретінде көрсетілген.

Барқазақтың басы қосылған осы бір шешуші шайқасқа Әбілқайыр хан қолбасшылық жасап, ардагерлер Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай және әйгілі жыраулар Ақтамберді, Үмбетейлер қатысқандықтан бұл орын қазір жалпыұлттық маңызға ие құнды нысан ретінде тіркеліп отыр.

Дереккөз: <https://egemen.kz/article/181913-anhyraqay-shayqasy-qay-dgerde-boldy>

В1 Қосымшасы

«Ұлы Дала елі» тарихи-танымдық экспедициясы

«Ұлы Дала елі» тарихи-танымдық экспедициясы барысында «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының «Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты орындары тізіміндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды кешеніне» саяхат.

Кешен бірнеше мұражайлық нысандардан тұрады:

- Саяси жер аударылған «халық жауларын» таситын «Сталиндік вагоны» немесе оны басқаша «Қызылша» деп те атаған;

- «Қасірет қақпасы» монументі – киелі жерге кірудің нышаны іспеттес, бұл жерде екі дүние – тірілер мен бақи болғандар кездесетіндей. Монумент қайтыс болған күйеуі мен жоғалтып алған балаларын қайғырған әйелді бейнелейді. Қақпадан өтіп бара жатып бас ию қажет, бұл – қуғын-сүргін жылдары мерт болған адамдарға жасалған Тағзым!;

- Ескерткіш белгілер - лагерде отырған 62 ұлттың тұтқын-әйелдеріне деген естелікті мәңгі сақтау үшін Қазақстан Республикасындағы шетелдік мемлекеттердің елшіліктері мұражай аумағында орнатуда;

- «Түңілу мен әлсіздік» композициясы шарасыздықты, бостандыққа шығуға сенімсіздіктің, сондықтан да мойынұсынғандық пен әлсіздікті бейнелейді;

- «Күрес пен үміт» композициясы тұтқыннан құтылу үміті мен ниетінен поэзияға, еркіндікке бет бұрған әйел бейнесінде сомдалған;

- «Көз жасы» стеласы. Стела лагер тозағын көргендерге арналған. Онда бұрынғы КСРО территориясында орын тепкен ГУЛАГ-тың картасы бейнеленген. Сондай-ақ, Қазақстанның аумағында орналасқан Карлагқа бағынысты 11 лагердің атауы жазылған. Тікенекті сымның аржағындағы әйелдер мен балалардың қасіретті тағдыры көрініс тапқан;

- Барак – «антикеңестік әрекеттерге баратын әлеуметтік қауіпті» деп танылған тұтқын әйелдер тұрған үй.

- «АЛЖИР» тұтқындарын балаларынан айыру» диорамасы баракта көрсетілген.

«Алаш» бағының ауданы 1,5 гектар жерді құрайды. Бұл жерде кезінде «АЛЖИР» тұтқындары екен алма бағы болған. Бүгінде осы бақты қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр;

- Зерде қабырғасы

- Мұражай ғимараты кесілген конус пішіндес. Бұл құпиясы мен сыры мол қобдиша, қайғы сақтау орны іспеттес. Ғимараттың терезесі жоқ, бірақ жарық экспонаттарға жоғарғы жақтан түсіп тұрады және құпия біртіндеп ашылады дегенді меңзейді. Мұражайға кіру тоннельден басталады. Тоннель мен оның қабырғасында салынған суреттер халықтың қуғын-сүргін жылдарындағы қиын-қыстау тағдырын көрсетеді. Тоннельде тоталитаризм дәуіріндегі жер аудару вагондары мен арбалардағы қуғынға ұшыраған адамдар, ату жазасына кесілгендер бейнелері кескінделген;

Мұражай экспозициялары екі қабатқа қойылған. «Алаш» залының экспозициялары Қазақстанның Ресейдің патшалық империясы құрамына кірген кезден бастап Кеңестік кезеңді, 1937 жылдың жаппай қуғын-сүргінін көрсетеді.

«АЛЖИР» залы ақмолалық лагерінің тарихына арналған.

Жер аудару экспозициясы бір тұтас халықтарға жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргін саясатын көрсетеді. Қазақстанға 1,3 млн аса адам мәжбүрлеп аударылды. Қазақстанға жер аударуға немістер, түріктер, корейлер, поляктар, шешендер, қырым татарлары ұшырады. Адамдар Қазақстанға мәжбүрлеп әкелінгенімен, олардың көпшілігі оны екінші отаным деп есептеді.

XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы саяси идеологиялық қуғын-сүргіндер. 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында сталиндік қуғын-сүргіннің үшінші толқыны өзінің жалғасын тапты. «Звезда» және «Ленинград» журналдарында жарияланған БК(б)П қаулыларынан кейін зиялы қауымды қуғындаудың, идеологиялық жағдайдың шиеленісуінің жаңа орамы басталды. Саяси-идеологиялық қысым әдебиеттен бастап музыка, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдарды түгел қамтып, 1953 жылы «Дәрігерлер ісімен» аяқталды. Қазақстанда «Бекмаханов ісі» қолдан жасалды.

1986 жылғы желтоқсандағы оқиғалар. 1986 жылғы 16 желтоқсанда демократиялық процестерге сенім артқан студенттер мен жас жұмысшылар Алматы қаласының Орталық алаңына шықты. Ресми Мәскеу бұл оқиғаны ұлтшылдықтың көрінісі деп бағалады.

Желтоқсан оқиғасы барысында көптеген адамдар жарақаттанды. Көпшілігі сотталды, олардың 99-ы түрлі мерзімге абақтыға жабылды. 19 жасар Қ. Рысқұлбековті ату жазасына кесті.

Өткенді еске алу – орныққан ұлтаралық келісімнің негізі болып табылады.

Дереккөз: <https://museum-alzhir.kz/kz/murazhai-turaly/alzhyr-murazhayinin-tarihy>

В2 қосымшасы

Қазақ тарихындағы әйелдер

Қарашаш ана

Қарашаш ана кесенесі – XIX ғасыр сәулетінің тарихы ескерткіші. Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы Сайрам ауылындағы ескі зират аумағының негізгі екі көшесі қиылысына жақын жерде орналасқан. Кесене ұлы уағызшы-сопы Қожа Ахмет Иассауи шешесінің мазарында құрылған.

Қарашаш ананың шын аты – Айша бибі. Ол шейх Мұсаның қызы, Қожа Ахмет Иассауидің анасы болған. Айша бибі өзінің қарапайымдылығымен, сыпайылығымен ерекше адам болған. Қарашаш ана Түрік халықтары арасында зор құрметке ие болған. Оны аналық қасиеттің белгісі ретінде құрмет тұтады.

XI ғасырда бұл өңірде ғылым, мәдениет және өнер қарқынды дамыды. Қарашаш өз уақытының ең білімді, сауатты және көрегенді әйелдерінің бірі болды. Байлығына қарамастан оны мақтан тұтпайтын және менменшіл болған емес. ол барлық науқастар мен мұқтаж адамдарына қол ұшын беруге тырысатын. Аңыздар бойынша Қарашаш сырқатты емдеп, түс жори алатын. Осының арқасында ол өңірдегі тұрғындар арасында кең танымалдылыққа ие болды. Қарашаш бала тәрбиесіне көп көңіл бөлді, адамдар санасында ол аналықтың биік арманына айналды.

Дереккөз: <http://elbirligi.kz/2018/08/07/> қазақ-тарихындағы-әйелдер-қарашаш-ана/

Домалақ ана

Домалақ ана, Шайхы Мизамбекқызы Нұрила (1378, Түркістан - 28.05.1456, қазіргі Бәйдібек ауданы аумағы, Балабөген өзені) – есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі. 6 – 7 ғасырлар тоғысында өмір сүрген. Бәйдібек бидің үшінші әйелі, Албан, Суан, Дулаттың анасы. Түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі.

Домалақ ананың қадір-қасиеті ерте-ақ танылған. Ел аузында ол кісі жөнінде аңыз-әңгіме көп. Солардың бірі мынадай: «Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, шығыс пен батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын

шауып, сан мың жылқысын түре айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан жау шапты деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып, қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұрилә: «Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей өзі ауылға келеді. Жауды қума, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз» – деп өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған, жүген-құрық тимеген шу асау айғырды көрсетіпті. Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіренге дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні кеш шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек.

Дереккөз: <https://atazholy.kz/2012/09/ardakty-analar-men-kyzdar/>

Айша бибі

Айша бибі (XI XII ғғ.) Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, оның басына қазіргі Тараз қаласының жанындағы, сонау сақтар заманынан бастап-ақ қазақтың қол өнеріне енген, содан бері қолданылып келе жатқан ою-өрнек, әшекей түрлерінің бәрін қамтитын күрделі де сәулетті «Айша бибі кесенесі» атты архитектуралық әсем ескерткіш тұрғызылған.

Айша бибінің кім екені жөнінде атадан балаға қалған аңыз болмаса, тарихи деректер жоқ. Ал, аңыз оны төрт түліктің бірі сиыр малының атасы деп есептейтін Зеңгі бабаның қызы еді дейді.

Сол аңыздың айтуынша, Айша бибі Түркістанда жас батыр Қараханмен кездесіп, бірін-бірі ұнатқан екі жас бас қосып, өмірлік серік болуға уағдаласады. Жаугершілік заман болса керек, тұс-тұстан анталаған жаумен арпалысып, елін-жерін қорғаумен жүргенде Қараханның уәделі мерзімде Айша бибіге баруға мүмкіндігі болмайды. Арада біраз уақыт өтіп кетеді. Ақыры шыдамы таусылған Айша бибі Қараханның мекені Тараз қаласына өзі іздеп бармақ болып, қасына күтушісі Баба әже қатынды ертіп, жолға шығады. Бірнеше күн жол жүріп, Таразға жетеді.

Қаланың төбесі көрінгеннен кейін өзеннің жағасына тоқтап, сол арада суға түсіп, шаң тозаңнан арылып, біраз дем алуға тоқтайды. Күтушісі ас жабдығына кіріседі.

Салқын суға шомылып, денесі сергіп шыққан Айша бибі күтушісі ас әзірлегенше дем алмақ болып, арнайы өзіне төселген төсенішке келіп жатады. Су сабатының салқын ауасына қосылған таудың самал желі ұзақ жолдан шаршаған жас арудың балғын тәнін аялай сипап, рахат құшағына бөлейді. Сүйіктісінің ауылының төбесін көріп көңілі жайланған, енді аз уақыттан кейін

онымен кездесетінін ойлап, тәтті қиял бесігінде тербеліп жатып, маужырап ұйықтап кетеді. Осы ұйқыдан оны даланың улы жыланы шағып оятады.

Денесін у жайлап, тынысы тарылып бара жатқан Айша бибі дереу Қараханға хабар бергізеді. Қарахан тәуіптерін, молдасын алып жеткенде ару қыз ісіп кеуіп екі дүниенің арасында жатыр екен. Қарахан молдаға екеуінің некесін қиғызады. Содан кейін ол қызды қолына алып, жаны үзіліп бара жатқан Айшаның құлағына: « Айша, сен енді бибі болдың!» деп үш рет айқайлапты. Ханның өлі қызбен неке қиысқаны одан бұрын да, кейін де тарихтан кездеспейді.

Қайғырып, қан жұтқан Қарахан сүйген жарының денесін арулап жерлеп, басына әсем күмбез орнатады. Жауын шайып, жел мүжіп, уақыт өз белгісін салғанымен бір-бірін шынайы сүйген ғашықтардың махаббатының өшпес белгісіндей болып, сол күмбез әлі тұр Тараз қаласының іргесінде.

Дереккөз: <https://atazholy.kz/2012/09/ardakty-analar-men-kyzdar/>

Бегім ана

Бегім ана мұнарасы IX-XI ғасырларда салынған. Қызылорда облысы Арал ауданы Жаңақұрылыс кеншарында орналасқан. «Казпроектреставрация» институты 1979 жылы паспортын жасаған. Республикалық маңызы бар, қорғау аймағы белгіленген архитектуралық ескерткіш.

Бегім ана — аңыз деректері бойынша оғыз-қыпшақ заманындағы әрі батыр, әрі діндар болған Қарабура әулиенің қызы болады. Қарабураның қасиеті осы қызына дарыған екен.

Бұл аңыз Ұлжан Шайхы Назардың «Ордалы» хикаясынан алынды: «Қарабураның қызы Бегім елді аузына қаратар сұлу болып өседі. Сұлулығына қызыққан талай жанның қол жетпес арманына айналады. Бірақ жар болу тек Шаншарға (Санжар сұлтан) ғана бұйырады. Қырсық шаларда адам жаңылады емес пе. Қызғаныштың кесірінен ханның бір беткей әрекеті, адам заты кешірімс күнәға әкеп соқтырады. Бегім сұлудың адалдығына күмән келтірген Шаншар хан ашу үстінде қылышпен оның оң қолы мен бұрымын кесіп тастайды. Бұл кезде әкесі Қарабура қартайған кезі еді, бірақ қызының жағдайын естігеннен, жедел Жанкентке келеді. Қарабураның хан алдына келіп, істің мән жәйына қаныққан. Қаһарланған қарт ханға: «Қызымда күнә болса, сенікі жөн, ал күнәсіз болса ертеңге дейін қолы мен шашы орнына келсін, азабын өзің тарт!» деп теріс бұрылып кете берген. Қарабура әулиелігі тірісінде елге мәлім болған, айтқан сөзі бос кетпеген таманың аузы дуалы әулиесі еді. Қарттың налып айтқан сөзінен қала халқы қатты секем алып қалады. Енді істің артын бағудан басқа қолдарынан еш нәрсе келмеді, ел ертеңгі күнді қауіппен күтті. Халық Бегім сұлудың жағдайын өз көздерімен көруге хан сарайына қарай таң ата шұбырай бастайды. Жиналған жұрт Қарабураның жаны пәк қызының шашы мен қолы өз жәйында тұрғанын көреді. Жазықсыздығына ел куә болады. Есесіне қарғысқа ұшыраған хан Шаншардың жазасына, Жанкент шаһары сол жылғы күзінде үлкен апат күтіп тұрған еді. Қалаға адам сембес көп жылан қаптап, жаулап алады. Жұрт үдіре көше бастайды, бір сәтте құжынаған халқы

бар қала жұт жерге айналады. Қаптаған жыланды ел «Ордалы жылан» деп, қоныстарын іргесінен аулақ көшіреді».

Дереккөз: <https://atazholy.kz/2012/09/ardakty-analar-men-kyzdar/>

В3 Қосымшасы

Т.Г. Шевченко мемориалды кешеніне саяхат

Іс-шараға қажетті құрал-жабдықтар: компьютер, мультимедиялық проектор, экран, презентациялар, бейнефильм, Т.Г.Шевченконың өлеңдеріне жазылған әндері.

1. Математикалық станция

Сұрақ-жауап:

Егер 2019 жылы Т.Г.Шевченконың туғанына 205 жыл толатын болса, нешінші жылы туған? (1814 жылы).

Т.Г.Шевченконың 47 жыл өмір сүргені белгілі болса, онда ол нешінші жылы қайтыс болған? (1861 жылы).

Т.Г.Шевченконың туған күні жаңаша стильмен 9-наурыз күні аталып өтеді, ескіше стильмен оның туған күні қай күні және қай айда? (25-ақпан).

Т.Г.Шевченконың 10 жыл өмірі Қазақстанның Кіші жүз аумағында айдауда өткен. Айдау мерзімі 1857 жылы аяқталған болса, нешінші жылы басталған? (1847 жылы).

2. Энциклопедиялық станция (интерактивті тақтада слайд)

Т.Г.Шевченко туралы энциклопедиялық анықтаманы оқыңдар:

➤ Тарас Григорьевич Шевченко. 25 ақпан (9-наурыз) 1841 жылы, Киев губерниясы (қазіргі Черкасс облысы) Моринцы селосында туған. 1861 жылы 26 ақпанда (10-наурызда) қайтыс болған. Украин және орыс ақыны, прозашы, суретші, этнограф;

➤ Ресей Императорлық көркемөнер академиясының академигі,

➤ Шевченконың әдеби мұрасының орталық рөлін поэзия атқарады, атап айтқанда, әсіресе «Кобзарь» жинағы, қазіргі украин әдебиетінің негізі болып саналады;

➤ Шевченко прозасының басым бөлігі (повестері, күнделіктері, көптеген хаттары), сонымен қатар кейбір өлеңдері орыс тілінде жазылған, осыған байланысты көптеген зерттеушілер Шевченконың шығармашылығын украин әдебиетімен қатар орыс әдебиетіне де жатқызады;

➤ Ақын Орынбор аймағында, Арал теңізінде болып, Маңғышлақ түбегінде 7 жыл тұрды. Ол қатаң климат, «кұм мен тастар», еріксіздік мәжбүрліктің салдарынан Шевченко бұл жерді «шекарасыз зындан», «қазылған мола» деп атаған.

Т. Шевченконың «Думка» өлеңіне жазылған ән орындалады.

3. Тарих станциясы (слайдтарда кешеннің, кешендегі экспонаттардың суреттері көрсетіледі)

Сен білесің бе?

➤ мемориалдық кешен Новопетровск бекінісінің бұрынғы бау-бақшасының аумағында орналасқан (слайдта Форт-Шевченко қаласындағы Тарас Шесченко музейі ғимаратының суреті);

➤ комендаттың жазғы үйінің залдарында басты экспозицияға орын берілген. 1847 жылы Т.Шевченко «Өрескел және жоғары дәрежелі дәрекі өлеңдер шығарғаны үшін» жауынгер қатарына жер аударылды экспозициясы;

➤ он жылдық жер аударылуының сегіз жылы Маңғышлақта өтті. Экспозициялардың басым бөлігі – бұл, Орынборда тұтқынға алынуынан кейін Новопетровск бекінісіне жіберілген Т.Г.Шевченконың 1850-1857 жылдар аралығындағы өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімелейтін материалдар (слайдтарда музейдегі экспозициялардың суреттері, әрқайсысы туралы айтуға болады);

➤ стеллаждар мен стендтерде ақынның Новопетровск бекінісінде әскери қызметін өтуіне қатысты көптеген құжаттардың көшірмелері берілген, олардың арасында – комендант Усковтың «солдат Шевченконы» шаруашылық жұмыстар орындау үшін өзінің жазғы резиденциясына ауыстырылатыны және муштрадан (қатал, дәрекі, ұрып-соғуға негізделген тәрбие беру әдісі, үйрету әдісі) босатылатыны туралы бұйрығы да көрсетілген;

➤ жергілікті аңыздар бойынша Шевченконың арқасында аумақты бақша саябаққа айналған;

➤ ол бұл жерге тіпті қызылтал (верба) да отырғызған, ақын Гурьевте болғанында бұл ағаштың бір бұтағын алып келген екен, сол бұтақшадан ағаш өсіп шыққан. Жүз жылдан аса уақыт бойы форт-шевченколықтар бұл киелі ағашты сақтап келеді, оны ең бағалы жәдігер ретінде қастерлейді және халық арасында «Тарасовтың вербасы» немесе «Тарас талы» деп те атайды;

➤ саябақ соқпақтарының бірінде екі жағы да құламалы шатырдың астында ағаш қима тұр. Халық арасында оны «Шевченко құдығы» деп атайды. Аңыз бойынша, дәл осы жерде Тарас өзінің полктес достарымен жеті метрлік тереңдікте ауыз суға жеткен;

➤ ақынның ескерткішінің жанында жертөле тұр. Ол да өзіндік ерешелігі бар экспонат. Өз кезінде оны Усков салған. Коменданттың жұбайы бұл баспананы аптап ыстықтап қорғану үшін ақынға берген (әр хабарлама қатысты суреттер слайдта көрсетіліп отырады);

➤ ел жадында Құрманғазы мен Тарас Шевченко екеуі бірін-бірі білгені, тілді терең білмесе де достықта болғаны туралы әңгімелер сақталған;

➤ Тарас Шевченко қазақ тақырыбына көптеген жыр арнаған, иллюстрация-суреттер салып, қазақ халқының тіршілігін бейнелеген.

Презентацияға қажетті суреттерді келесі сайттан алуға болады:

<https://infourok.ru/prezentaciya-po-literature-tshevchenko-i-kazahstan-1039989.html>

Дереккөз: <https://silkadv.com/ru/node/521>

1. Әдебиет станциясы

Т.Г.Шевченконың өлеңін тыңдаңдар. (Кобзарьдың портреттері көрсетілетін слайдтар, Т.Шевченко туралы фильмнен үзінділер фонында).

- Қазір ұлы ақынның бір өлеңін тыңдаймыз. Сендер, бұл өлеңді қалай атар едіңдер? (Тарас Шевченко. Завещание (1845).

Как умру, похороните
На Украине милой,
Посреди широкой степи
Выройте могилу,
Чтоб лежать мне на кургане,
Над рекой могучей,
Чтобы слышать, как бушует
Старый Днепр под кручей.
И когда с полей Украины
Кровь врагов постылых
Понесет он... вот тогда я
Встану из могилы —
Подымусь я и достигну
Божьего порога,
Помолюся... А покуда
Я не знаю бога...

2. Назар аударыңыздар! Назар аударыңыздар! станциясы

(кешенді аралап шыққаннан кейін, келесі сұрақтар арқылы шағын викторина ұйымдастыруға болады).

- Тарас Григорьевич Шевченко қай жылы туған?

- Жалғастыр: Тарас Григорьевич Шевченко ерте жетім қалды, ол ... бақташысы, малайы болды. (поптың)

- 1848 жылы А.И.Бутаковтың басшылығымен қандай теңіздің зерттеу экспедициясына қатысты? (Арал теңізінің)

- Қазақ жеріне, қазақтарға қатысты қандай картиналары бар? («Атқа мінген қазақ», «Арал теңізінің жағасындағы қазақтың киіз үйлері», «Қосаралдағы қазақтардың қыстаулары» және т.б.).

- Қазақ жеріне аударылғанында қай жерде қамауда болды? (Маңғыстаудағы Новопетров қамалына).

- Ол жер кейіннен қалай аталды? (Форт-Шевченко).

- Маңғыстаудағы Новопетров қамалынада болған кезеңіндегі суреттері («Киіз үйде отырған қазақтар», «Қазақ баласы от жағып жатыр», «Киіз үйде», «Келі түйіп тұрған қазақ қызы», «Қазақ қызы Катя»).

- Шевченко Маңғыстауда неше жыл болды? (7 жыл болды).

- Нешінші жылы босатылды? (1857 жылы босатылды).

3. «Естелік» станциясы

(Т.Шевченконың өлеңдеріне жазылған әндер, слайдтар фонында)

Т. Шевченконың құрметіне арналып, оның аты берілген нысандар:

➤ Алматы қаласында Достық даңғылы мен Т. Шевченко көшелерінің қиылысында орналасқан;

➤ Ақтау қаласының 4 және 5 шағын аудандар арасындағы гүлзарда орналастырылған;

➤ Киевтегі Ұлттық университет (университеттің орталық корпусына қарсы орналасқан саябақ та Тарас Шевченконың атымен аталады, саябақта ақын-кобзарьға ескерткіш орнатылған);

➤ Украина астанасы Киевтің орталық даңғылдарының бірі болып саналатын көшеде бульвар;

➤ Мәскеудегі жағалау;

➤ Луган педагогикалық университеті;

➤ Тираспольдегі Приднестров мемлекеттік университеті;

➤ Киевтегі Т.Г. Шевченко атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры;

➤ Т.Г. Шевченко атындағы Волын облыстық украин музыкалық-драмалық театры;

➤ Украинаның, Ресейдің және басқа да елдердің көптеген қалаларында оның есімімен аталатын көшелер бар.

Соңғы аялдама – қорытынды

Тарас Шевченко – украин, орыс халықтарының ұлы ақыны, прозашы, драматург, суретші, саяси және қоғам қайраткері. Ол жан-жақты талант пен қызығушылықтар бар адам болған. Оның барлық өмірі мен шығармашылығы украин халқына арналды. Ақын оның елі тәуелсіз мемлекет болуын аңсады, Украинада өз тілі, мәдениеті мен халқының тарихы құрметтелгенде ғана барлық адамдар бақытты болатынына сенді

В4 қосымшасы

Киелі жер тақырыптарына сабақтарда немесе сабақтан тыс іс-шаралар барысында қолдануға болатын тренингтер

1-тренинг (тарихи тұлғалардың суреттерімен жұмыс істеу бойынша).
Мысалы: Бәйдібек би, Домалақ ана, Бекет ата т.б.

Тақтаға тарихи тұлғалар бейнеленген портреттер немесе суреттер ілінеді.

1. Суреттерді зейін салып қараңдар. Суретте (суреттерде) бейнеленген адамның (адамдардың) бет әлпеті бойынша оның (олардың) эмоционалдық жағдайын анықтаңдар. Ол (олар) қандай сезімді бастан кешіп тұр?

Балаларға арналған текше карталар

Адам басынан өткізе алатын сезімдер мен жағдайлар: ашу, өштік, ұялу, қорқыныш, ашушандық, үрейлену, қажу, үмітсіздік, сағыныш, ерігу, өкпе, реніш, кінә, қуаныш, шаттану, біреу үшін қайғыру, іштарлық, қайғы, жабығу, қанағаттану, қызығушылық, махаббат, сүюшілік, жеккөру, жаратпаушылық, әуесқойшылық, ауыру, шаршағандақ, ойға бату, аштық ...

2. Сен осы адамға сенер ме едің, оған өзіңнің кез келген құпиянды айтар ма едің? ол сенің досың бола алар ма еді? Неліктен дос бола алар еді? Оның бейнесінде оған сенімдік/сенімсіздік тудыратындай не бар?

3. Жұптарда сүйіспеншілік, ашу, ыза тәрізді сезімдерді бейнелеу. Сынып оқушылары қандай сезім ойналғанын анықтайды.

4. Тренингке қатысушыларға (немесе топтарға бөліп) тұлғаның түрлі сипаттамалары жазылған текше карталар таратылады. Қатысушылар ұсынылған сипаттамалардан олардың ойынша нақты тұлғаға сәйкес келетін сипаттаманы таңдаулары қажет. Содан кейін таңдалған сипаттаманы өзара талқылайды. Мұғалім түсініктеме береді. Мысалы:

Бәйдібек би

Халық арасындағы жалғасып келе жатқан естелік бойынша ел қамын ойлаған, халық тағдырына қатысты істерге ұйытқы болған, өзінің көреген көсемдігімен жұртқа ықпал еткен тарихи тұлға.

Ол тәжірибелі жылқышы, ат бапкері, мерген, сайыскер болуымен қатар көкпаршы додагерлерден әбжілдік, батырлық дәстүрді үйренген.

Халық қамын ойлаған ел басшысы, атақты мемлекет қайраткері, қазақ халқының әйгілі биі әрі батыры. Ол өзінің даналығымен көзге түсіп, елі оны би сайлайды. Ақылдылығы мен көрегенділігінің арқасында жетім-жылқышыдан би дәрежесіне жетіп, өз уақытының әйгілі билерінің бірі болады.

2-тренинг (1-тренингтің жалғасы ретінде) (тарихи тұлғаларға қатысты киелі жерлердің суреттерімен жұмыс істеу бойынша).

Киелі жерлер: Үкаш ата мазары, Исмайл-ата сәулет өнері, Шопан ата, Көне Бейнеу т.б.

Білім алушыларға/топтарға киелі жерлердің аты жазылған және суреті бейнеленген текше карталар таратылады.

Тапсырма: ұсынылған дереккөздерден киелі жердің орналасқан орны, әулие адамның өмір сүрген кезеңі, киелі санаты берілуін анықтау.

Дереккөздер:

- «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары». «Фолиант» баспасы Астана-2017ж. – 504 б.;

- Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005;

- 45. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9 және тағы басқа әдеби- тарихи кітаптар. Сонымен қатар,

- <http://elbirligi.kz/2018/08/07/қазақ-тарихындағы-әйелдер-қарашаш-ана/>;

- <https://atazholy.kz/2012/09/ardakty-analar-men-kyzdar/>

- https://kk.wikipedia.org/wiki/Үкаша_Ата_Мазары

- <https://e-history.kz/kz/publications/view/3511> JO -ngtc6 Оқ өтпес, қылыш кеспес – Үкаша ата;

- https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/ukasha_ata_muhammed_paiga_mbardin_senimdi_serigi тағы басқа сайттардан алынған материалдардың қысқаша нұсқасы мәтіні берілген парақтар.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 ШЖМ-да жергілікті тарихи жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері	5
2 ШЖМ-ның тәрбие жұмысында жергілікті тарихи ресурстарын пайдалану	9
3 «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шағын жинақты мектептерде оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар	15
Қорытынды.....	81
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	82
Қосымша.....	86

Введение

Право граждан Казахстана на образование и равные образовательные возможности, гарантируемое Конституцией РК [1] и способствующее развитию «человеческого капитала», является важнейшим условием эффективности развития государства.

В Республике Казахстан 40% организаций образования составляют малокомплектные школы (далее МКШ), имеющие проблемы в материально-техническом, кадровом, ресурсном обеспечении, и, в большинстве случаев, необходимость нетрадиционного построения уроков в связи с наличием совмещенных классов. В виду того, что решение проблем МКШ – задача комплексная, ее решение представляется одним из наиболее перспективных средств как в нашей стране, так и за рубежом. Обеспечение доступа учащейся молодежи, особенно сельской, к образовательным и культурологическим ресурсам значительно повысит качество их образования, сведет к минимуму разницу между городом и селом, что является важнейшим фактором конкурентоспособности государства.

Современные процессы обновления содержания образования, его активная интеграция в мировое образовательное пространство предъявляют особые требования к современной школе: повышение воспитательного потенциала образовательного процесса, интеграция обучения и воспитания, обновление методологии. Эти задачи становятся особенно актуальными в связи с новым курсом Лидера нации на духовную модернизацию. В своей Программной статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Первый Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев указывает на особую важность сохранения собственного национального кода, своей культуры и национальной идентичности [2].

